

Қызылжар
өңірінің
зиялы қауымы



6
том

C. Mykolaivs
Sobornyy
Museib
Tsenyepch
muz. "Dnepr"
Tsielento
Yurz.

C. Mykolaivs
am
rimarkazata

filler

С. Миколаїв
Соборний
Музей
Тсенєпч
муз. «Дніпро»
Цієленто
Юрз.

С. Миколаїв
ам
римарказата

С. Миколаїв
Соборний
Музей
Тсенєпч
муз. «Дніпро»
Цієленто
Юрз.



Издательство
“Северный Казахстан”

ҚЫЗЫЛЖАР ӨҢІРІНІЦ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫ

VI том

Петропавл - 2016 жыл

ӘШЖ 94(574)
КБЖ 63.3 Каз.(5 Қаз)

Петропавл-2016 жыл
Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану
мұражайы жанындағы «Асыл мұра» орталығы

Таңат Айтмұқашұлы Сүгірбаев – құрастырушы, жауапты редактор

Ақылдастар алқасы: Жоламан Шаханов, Ахметжан
Қуантаев, Ботакөз Галиева.

**С 90 ҚЫЗЫЛЖАР ӨҢІРІНІЦ ЗИЯЛЫ
ҚАУЫМЫ. /6 том (Сүгірбаев Т.)**

Петропавл қаласы. 2016 ж. 248 бет.

ESBN 978-601-7230-64-8

Бұл кітапқа Қызылжар өңірінде және одан да тысқары жерде аянбай еңбек етіп, қызмет жасап, еліміздің дамып, гүлденуіне өздерінің лайықты үлестерін қосқан және қосып жүрген өндіріс пен мәдениет, ғылым мен білім, әдебиет пен өнер, спорт қайраткерлерінің, еңбек ардагерлерінің және басқа да ел құрметіне бөленген жерлестеріміздің өмірдеректері енгізілді.

ӘШЖ 94(574)
КБЖ 63.3 Каз.(5 Қаз)

ESBN 978-601-7230-64-8

АЛҒЫ СӨЗ

Өнегелі ісімен ел көзіне түскен, жақсылығымен жұрт шапағатына бөленген зиялыш азаматтарды қазіргі және болашақ ұрпақтарға таныстыру мақсатымен «Қызылжар өнірінің зиялыш қауымы» атты кітабымның алдыңғы бес жинағы жазылған болатын. Дегенмен, біз кейде атақ-данқы дардай болмаса да, қоғамға тигізер пайдасы таудай адамдарды елемей, көлеңкеде қалдырып жатамыз. Осындай мақтауға да, жақтауға да әбден тұратын, ақыл-парасаты мол, ұрпағы мен өз ортасына берер тәлім-тәрбиесі зор, отбасының үйтқысы болған жерлестеріміз көптеп саналады. Олар өнімді еңбегін, өрелі ақыл-ойы мен қайрат-жігерін тәуелсіз елінің гүлденеуіне, өркендеуіне жұмсап келеді. Қызылжар топырағына мәндай терлери тамған осындай абзал азаматтардың есімдерін олардың жасына, атақ-дәрежесіне қарамастан, қолдарыңызға ұстап отырған кітапқа әліпби реті бойынша орналастыруды жөн көрдім. Бір сөзбен айтқанда, бұл жинаққа елімізге, өнірімізге сінірген қажырлы еңбегімен, адал қызметімен, өнер, білім, мәдениет саласында ерен еңбегімен халық құрметіне бөленген азаматтардың өмірдеректері енгізілді. Олардың өмір жолдары тағылымды. Бүгінгі күні олар халыққа сыйлы, танымал ғалымдар, мұғалімдер, мемлекеттік қызметкерлер, мәдениет қайраткерлері, дәрігерлер, шаруашылық басшылары, халық қалаулары, т.б.. Көпшілігі елімен бірге есейіп, көсегесі көгергендер. Осындай азаматтардың өмір жолы кейінгі жастарға өнеге, үлгі болса еken деймін.

Осы орайда Елбасы Н.Назарбаевтың «Біздің ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтынын: әкелер мен аналардың,

аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін есте ұстауға тиіспіз» - деген сөздері еске түседі. Аға ұрпақтың үлгі-өнегесі бізді осы жауапкершілікті абыроймен атқарып, Отанымызға лайықты қызмет ете білуге үйретеді. Сондықтан да ел бірлігін нығайтып, туысқандық, достық, адамгершілік, имандылық қасиеттерді бойға сіңіріп, егеменді Қазақстанның келешегі мен болашағы үшін жаңын аямай, жанталасып жүрген еңбеккор, талабы таудай жерлестерімді барша жұртқа паш етуді міндетім, парызым деп санадым.

Ерте-кеш деп уақытпен санаспай, дәulet пен мансапты керек етпей, ерен еңбектері үшін орден мен медаль дәметпей, елінің келешегіне нағыз жанашырлықпен қарап, аянбай қызмет еткен нағыз патриоттар-муғалімдер екендігіне ешкім де дауға салmas. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, езгелерді де бақытқа жеткізsem деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Сондықтан бұл кітапта аяулы ұстаздар қауымының өкілдері көптеп кездеседі.

Сонымен қатар әр ауыл, ауданда қара жұмыстың қамытын киіп, елді ел еткен, қабырғалы ұрпақ өсірген, бірі сол бейнеттің зейнетін көрген, кейбірі көре алмай кеткен жандар қаншама десенізші?! Әр ұрпақтың өзі қадірлейтін абыройлы алдыңғы толқыны болады. Солардың қатарынан табылғандардың біразы бұл кітапта қамтылған.

Еңбекте Тәуелсіздіктің арайлап атқан таңын көрмese де, саналы ғұмырларын сол жолға сарп еткен жерлестеріміздің бір тобының өмір жолына да қысқаша шолу жасадық. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналып отырған бұл жинаққа кірген әр азаматты аянбай еңбек еткен, сол арқылы абырой биігіне көтерілген

жұздері жарқын азаматтар деп білеміз. Тәуелсіздіктің басты тірегі, сөз жок, өз кәсібін терең менгерген ма-мандар. Солардың ортақ істі жүзеге асыру жолындағы білек сыбана еңбек етулерінің арқасында тасымыз өрге домалау үстінде деп нық сеніммен айта аламыз. Сондықтан бағаласақ өз мамандығын қадір тұтқан жандарды бағалайық.

Иә, Қызылжар өнірінің көп ғасырлық тарихында сөз-сіз дарынды да батыл, біртуар адамдар аз емес, олар өз сондарында өшпес із қалдырды. Сондықтан мен тек барынша жарқын тағдырлар хақында қысқаша баянда-умен шектелдім. Мұндай тұлғалардың арасында өткен тарихтың кейіпкерлері, кеңестік кезеңнің құрдастары және қазіргі замандастарымыз бар. Олардың барлығы дерлік өз облысымыздың тумалары, басқа жақта дү-ниеге келіп, тағдырдың жазуымен, қызмет барысымен біздің өлкеге ат басын тіреген кейбір көшелі азаматтар да өздерінің барлық білімін, тәжірибесі мен күш-қай-ратын құшақ жая қарсы алған Қызылжар өнірінің өсіп-өркендеуіне жұмсады. Міне, осындай, өнегелі ісімен ел көзіне түскен, жақсы аты шыққан зиялыш азаматтарды қазіргі және болашақ ұрпақтарға таныстыру мақсатымен осы кітапты ұсынып отырмын.

Корыта айтарым, кітап қалың қауымға арналған анықтамалық жинақ болғанымен, оны қолына ұстаған кез келген оқырман ел үшін ерен еңбек еткен сол-түстікқазақстандықтардың өлшеусіз қызметінен тәлім-тәрбие алады.

Таңат Сүгірбаев.

Ахметова Зейникамал Зейнел-Ғабиқызы 1946



жылы 9 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Шал ақын ауданына қарасты «Ортақкөл» ауылында жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың отбасында дүниеге келген.

Ата-анасының тұнғыш қыздары Зейникамал Баян орта мектебін алтын медальға бітірді. Мектепте оқыған жылдарында үздік окуымен бірге қоғамдық жұмыстарға белсенді аласатын. Окушылардың комсомол үйімінде хатшысы болып, ұстаздарына тәрбие жұмысын жүргізуде

қолқанат болатын. Оның арман-тілегін ұштаған әкесі, ҚСРО жазушылар одағының мүшесі, өлкемізге белгілі жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаев еді. Кішкентай Зейникамал әкесінің сырқаттанып, төсек тартып жатқанын көріп, «Білім алсам, оқысам, бас дәрігер мен болам. Аурудан ол кезде, бейнет көрмес еш адам!» дейді екен.

Ол 1963 жылы Қарағанды Мемлекеттік медицина институтына окуға түсіп, 1970 жылы ойдағыдан бітіріп шықты. Ортақкөл ауылынан шыққан тұнғыш кәсіби дәрігерді ел-жүртү мақтан тұтатын. Алғаш еңбек жолын өзінің туған жері Приишим ауылдық ауруханасында дәрігерлік қызметтен бастағаны да содан болуы керек. Ал 1971-1978 жылдары шалғайдағы Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық ауруханасында дәрігер-терапевт, терапия бөлімінің менгерушісі

қызметтерін атқарды. Емделушілері оның өздеріне де-ген қарым-қатынасына, мейірімділігіне, біліктілігіне тәнті болатын. Сондай-ақ 1975 жылдан партия қата-рына алынды да, аудан өміріндегі саяси-қоғамдық жұ-мыстардан шет қалмай, 1978 жылға дейін Тимирязев ауданының аудандық кеңесінің депутаты болды. Ха-лықтың денсаулығын сақтау бойынша мәселелермен абыраймен айналысты. Сол жылдары еңбекі облыс, аудан басшылығы атынан бірнеше мәрте Құрмет гра-моталарымен, Алғыс хаттармен бағаланды.

Отбасы жағдайымен 1978-79 жылдары Алматыға көшіп келіп № 3 емханада дәрігерлік қызмет атқар-ды. 1980-1995 жылға дейін Жезқазған қаласындағы емхананың менгерушісі, ауруханада терапия бөлімінің менгерушісі, Жезқазған мұс комбинатының медици-налық-санитарлық бөлімшесінің менгерушісі қызмет-терін атқарып, қаншама науқас адамдардың құлан-таза айығуына күш-жігерін жұмсады, алғыс, марапаттарға бөлениді. 1995 жылы жеке кәсіпкерлікке көшіп, «Хаким» атты жекеменшік емхана ашып, зейнетке шыққанша өз кәсібімен айналысты. Ондағы негізгі бағыты – жаңа технология арқылы науқастарға тиімді ем қолдану бо-латын. Мәскеу қаласында біліктілігін арттырып келіп, лазерлік терапия арқылы жаңа диагностикалық жүй-ені-аурикула, иммуналдық диагностиканы қолданып, тәжірибе арқасында көптеген нәтижеге жетті.

Зейникамал ата-анасының тірегі, іні-сіңлілерінің қамқоршысы, ақылшысы, қорғаны бола білді. Жайдары мінезімен, жоғары адамгершілігімен елдің құрметі-не бөлленген ол, көп жылдар Жезқазған қаласында ав-тобаза директоры болып еңбек еткен жолдасы Құрман Мәкімұлы екеуі төрт баланы тәрбиелеп, жоғары білім әперді. Үлкендері Мұрат жеке кәсіпкер, ана жолын

куған Ләйлә мен Әлия косметика саласының дәрігерлері, Ұлан Қарағанды облыстық ауруханасының дәрігері, бес немересі ер жетіп келеді.

Атымтаев Серік Маятұлы 1947 жылы 1 мамырда



Солтүстік Қазақстан облысының Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданындағы Ортақышыл ауылында дүниеге келген. 1964 жылы Мирное селосындағы орта мектепті бітіргеннен кейін еңбек жолын № 8 Петропавл жылжымалы механикаландырылған колоннада тас қалаушы-құрылышы болып бастайды. Кеңес Армиясы қатарында үш жыл болып, Отан алдындағы борыщын өтейді. Бірнеше жыл Преснов

кеңшарының машина-трактор шеберханасында еңбек етеді. 1975-1977 жылдары Мирный селолық кеңесінің тәрағасы қызметін атқарады. Болмысынан әділдікті, шынайылықты ұнататын Серік бала кезінен кез келген оқиғаның оң шешілгенін қалайтын. Осылай азаматтық көзқарасы қалыптаса бастаған жас жігіт өзінің заңгерлікке қабілеті барын сезіп, бар ғұмырын осы салаға арнауга бел буады. Сөйтіп КСРО аумағында аты дүркіреп тұрған жетекші оқу орыны Свердлов заң институтына оқуға түсіп, жоғары білімді маманың дипломын алғып, алға қойған мақсатына жеткен. 1980 жылы Павлодар облыстық атқару комитетінің аппаратына жұ-

мысқа қабылданады. Мұнда алдымен юрист-консульт қызметін атқарады. Кейін облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасарының көмекшісі, Павлодар облысы әкімшілік органдары бойынша аға референт болып істейді. Ал 1983 жылдан күні бүгінге дейін Павлодар облыстық адвокаттар коллегиясы төрағасының орынбасары қызметін атқаруда. Секең осындай күрделі жұмысты отыз жылдан астам абыраймен атқарып, міндетке адалдықтың, парасаттылықтың биік үлгісін көрсете білді. Талай жанның тағдырына араша болды, тығырықты жағдайдан шығарды. Истің ақ-қарасын айырып, қылмыс пен жазаның ара-жігін салмақтады. Сонымен қатар, негізгі қызметімен де шектелмей, қоғамдық жұмыстардан да тыс қалып көрген жоқ. Өзінің жайлы, жайсаң мінезімен, адамгершілік қасиетімен елге жұғымды, ісіне адал Серік зейнет жасына толса да дамыл тапқан емес. Осындай тынымсыз еңбегі мен заң саласындағы мінсіз қызметі үшін бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марарапатталған. Жалпы оның атқарған жұмысы, сол жолдағы ізденімпаздығы қандай да болсын құрметке лайық.

Ол жақсы қызметкер ғана емес, айрандай ұйып отырған отбасының алтын діңгегі. Аяулы жары Жанна көп жыл заң саласында енбек етіп, бүгінгі күнде бейнетінің зейнетін көріп отырған асыл ана. Ерлі-зайыпты Атымтаевтар бір үл, үш қызы тәрбиелеп, бірнеше немере сүйіп отырған үлгілі әulet. Балаларының бәрі де жоғары білімді заң қызметкерлері.

Аллахияров Иса Мехтиұлы 1962 жылы 20 тамызда Грузияның Карабұлақ ауылында туған. 1993 жылы Қазақстанға қоныс аударып, еліміздің азаматтығын алады. Солтүстік Қазақстан облысындағы Жамбыл



ауданының Қайранқөл ауылдық округінде кәсіпкерлікпен айналысады. Екі жоғары оқу орнын тәмамдаған, нарық заманының қағидасын жақсы білген, үйымдастырушылық қабілеті мол Иса «Қайнат» жауапкершілігі шектеулі серіктестікті құрады. Ол басқарған серіктестік 2009, 2014 жылдары кәсіпкерлік салада қол жеткізген жетістіктері үшін «Алтын сапа» белгісін иеленді.

Иса Мектиұлы екі шақырылым Тимирязев аудандық мәслихатының депу-

таты болып сайланды. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Аяғанов Дүйсен Аяғанұлы 1912 жылы мамыр айында Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданындағы Бірлік ауылында өмірге келген. Еңбек бастауыш мектебін бітіріп Петропавлда тұтынушылар коопeraçãoсының бір жылдық курсын тәмамдайды. Еңбек жолын Майбалық селосында есепшіліктен бастап, кейін бүл жұмысты Бірлік селосында жалғастырады. 1935-1937 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болады. Елге оралған соң Бірлік ауылындағы бастауыш мектепке мұғалім болып барады. Оның еңбекқорлығын, үйымдастырушылық қабілетін көргеннен кейін жауапты қызметкер қажет участокқа жіберген. Сөйтіп ол



дайындау Министрлігі жүйесінің өкіл агенті қызметіне тағайындалады. Екі жыл бұл салада еңбек етеді. Бұл қызметтен Ленин аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып ауысады. 1942 жылы әскерге алынып, Ленинабад әскери-саиси училищесіне окуға жіберіледі. Училищені бітіргеннен кейін оған тағы да аудандық партия комитетінде әскери бөлімді басқару тапсырылады. Мұнда ол 1947 жылдың ақпанына дейін қызмет істейді. Одан кейін

Бірлік ұжымшарының басқарма төрағасы болып сайланады. Тың игеру эпопеясы басталғанда ұсақ ұжымшарлар бірлігіп ірі кеңшарлар құрылады. Дүйсен Аяғанұлы осы кезеңде туған ауылындағы бригаданы, кеңшар бөлімшесін басқарады. Ол көп жылғы қажырлы еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен, «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медальдарымен марапатталған. Сонымен қатар Бүкілодактық халықшарашылығы жетістіктері көрмесінің күміс және қола медальдарының, КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Құрмет грамотасының иегері.

Дүйсен Аяғанұлы 1972 жылы 6 тамызда дүниeden өтті.

Асқаров Амангелді Қалелұлы 1960 жылы 23 ақпанда дүниеге келген. Бидайық орта мектебін 1976



жылды бітіріп, Целиноград ауылшаруашылық институтының агрономия факультетіне оқуға түсіп, «Ғалым - агроном» мамандығы бойынша жоғары білім алады.

Өзінің алған мамандығы бойынша Амангелді Қалелұлы еңбек жолын 1982 жылды «Бидайық» совхозындағы егіс бригадасының агроном лауазымынан бастап, содан кейін агроном - тұқым өсіруші болып тағайындалды. Бұл

жұмыстарды абыроймен атқарып 1986 жылы «Елтай» совхозына бас агроном мамандығына көтерілді. 1990 жылдың мамыр айынан бастап өзіне сеніп тапсырылған «Өндіріс» совхозына басшылық етіп, директор қызметін атқарды.

1997 жылғы сәуір айында өзі құрған «Белес»(бұрынғы Карл Маркс атындағы АҚҚ) Акционерлік қоғамының президенті болды. 2004 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Таймас» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің бас директоры қызметін атқаруда. Амангелді Асқаров осы «Таймас» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрылған алғашқы жылдан бастап-ақ дәнді дақылдарды өсірумен айналысады. Жыл сайын дәнді дақылдар өсіру технологиясын сактай отырып, мол өнім жинауға қол жеткізіп келеді.

Амангелді Қалелұлы қызмет атқарған жылдары көптеген медальдармен: «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Тыңға 50 жыл», облыс және

аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталды. Аудан мәслихатының екі шакырылым депутаты болды. Туған ауылы мен мектепке Амангелді Аскarov демеушілік көмек көрсетіп тұрады.

Абдрахманов Қалем



Абдрахманұлы Солтүстік Қазақстан облысының Ленин ауданындағы Жекекөл ауылында 1921 жылы бесінші мамырда дүниеге келген. Балалық шағы сол кезде ел басына түсken ашаршылық сијакты қыын-қыстау кезенде өткен. Соған қарамастан Қалем ауыл мектебінен оқып, бастауыш дәрежесінде білім алады. Балаң жігіт шағында колхоздың әр түрлі жұмыстарына араласып еңбек етеді. Жастайынан атқа құмар ол соғыс басталар жылдың алдында атты әскерлер

дайындайтын топқа қабылданып, әскери жаттығулардан өтеді. Бірақ соғыс басталған жылы денсаулығына байланысты майданға жіберілмей еңбек армиясына аттандырылады. Соғыстың басында-ақ ер-азаматтар жаппай майданға аттанғанда тылдағы жұмысқа да жұмыс күші ауадай қажет болғаны белгілі ғой. Қалем тылдағы ауыр жұмыстардың бел ортасында жүріп, Ұлы Женіске жанқиярлық еңбегімен өз үлесін қосады. Соғыс аяқталғаннан кейін Қалем Абдрахманов туған

жері – Жекекөл ауылына қайтып оралады. Ауылдағы бастауыш мектепте ұстаздық етеді. Жұмыстан қол үзбей жүріп, білімін одан әрі жетілдіріп, мұғалімдік мамандықты игеріп шығады. Осы мектепте өмірінің соңына дейін еңбек етеді. Қатардағы мұғалімдіктен мектеп менгерушісі қызметін атқарады. Ұзақ жылғы ұстаздық еңбегі үшін оку-ағарту ісінің үздік қызметкері төсбелгісімен, облыстық, аудандық оку бөлімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталады.

Ауыл жұртты Қалем ағаны ерекше сыйлас, құрмет тұтатын. Ол кісі үлкенмен де, кішімен де тіл табыса билетін, байсалды, ақылды адам болды. Жастарға әрқашан ақыл-кенес айтып, қамқорлық жасаудан жа-лықпайтын. Ауылдағы небір жиындарды өткізіп үй-ымдастыруға әрқашан бас болатын. Ауыл өміріндегі кейбір қыын проблемаларды шешуге қолұшын созып, көмек көрсетуден қалыс қалмайтын. Оған бір мысал, ауыл қалың ағаштың қойнауына орналасқан, жері жауын жауса езіліп батпаққа айналатын. Жазда жауыннан, қыста бораннан жол болмай, көрші ауылдармен қатынас қыынға түсетін. Тіпті ауыл адамдары апталап, айлас жолға шыға алмайтын. Соның салдарынан бастауыш мектепті бітірген көптеген бала көрші ауылдардағы мектептерге бара алмай, оқудан қол үзіп кетті. Осы қыыншылықты шешу үшін ауылда сегізжылдық мектеп ашу мәселесіне Қалем аға белсене атсалысты. Ауылда кезінде жүріп-тұрған, талай басшылармен дәмдес болған беделді де белсенді Бақтыбай Жұмағалиев деген кісі болды. Сол екеуі осы мәселе бойынша аудан, облыс басшыларына өтініш білдіріп бірнеше рет барды. Ақыры Н.Ә.Болатбаев көмектесіп, ауылда бір жылдың ішінде ғимараты жаңа үлгіде салынған сегізжылдық мектеп ашылды. Ауыл үлкен қуанышқа бөленіп, Қалем, Бақтыбай ағаларға шексіз алғыстарын

білдірді. Сол мектепті бітіріп, көрші ауылдардағы мектептерден орта білім алған ауылдың көптеген жастары бүтінде әр салада қызмет істеп, еңбек етуде.

Қалем аға зайыбы Ақлимамен ұлгілі отбасы атанып, сегіз бала өсіріп, олардың бәріне білім әперді. Ауылдың құрметті азаматы атанған Қалем Абдрахманов 1977 жылы қаңтар айында дүниеден өтті. Артында қалған ұрпағы ол кісінің өнегелі ісін жалғастырып, қызмет жасауда.

Айтжанова Гауһар Айтжанқызы 1942 жылы 16 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданының Жарғайың ауылында дүниеге келген.

1952 жылы Жарғайың жетіжүлдік мектебіне барып, оны өте жақсы аяқтап шыққан соң, 1960-1962 жылдары Николаевка орта мектебін ойдағыдай үлгеріммен оқып тәмамдады. Мектеп қабырғасында жүргендे-ак, ашық дауыс пен әртістік қабілетке ие Гауһар өзін жан-жақты, белсенді окушы ретінде көрсетіп, небір өнер додаларына қатысып жүрді.

1963 жылы Алматы қаласындағы Республикалық медициналық училищеге түсіп, оны 1965 жылы фельдшер-лаборант мамандығы бойынша тәмамдады.



Дәл сол жылы 2 тамызда Жарғайың фельдшерлік-аурушерлік пунктінің менгерушісі болып еңбек жолын бастағаннан, 2005 жылға дейін қажырлы еңбек етіп, медицина саласында 40 жыл тер төгіп, зейнетке шықты.

Еңбек еткен жылдарында Гауһар Айтжанқызы өзін қолы шипалы, қызметіне тыңғышықты, ауыл-аймаққа сыйлы азаматша ретінде танытты.

Халық қамын, туған ауылдың, көршілес ауылдардың келбетін келтіру, абаттандыру үшін ересен еңбек сінірген. Гауһар Айтжанованаң тікелей ұйымдастырымен Жарғайың, Өрнек, Өндіріс ауылдарының көркі кіріп, санитарлық тазалығы бұрынғыдан да жақсара түсті.

Қызмет еткен жылдарында Гауһар аялы алақанымен мыңнан астам ананы босандырып, соншама сәби іңгәлап дүние есігін ашты.

Осы адад да табанды еңбегінің арқасында Айтжанова Гауһарды ауыл тұрғындары Солтүстік Қазақстан облысындағы Ленин ауданының халық депутаттары селолық советінің депутаты етіп 3 мәрте сайлады. Негізгі міндеттіне қоса, ауылдың белең алған кейбір мәселелерін шешуде жол тауып, сол үшін күш-куатын сарп еткен, небір қыындықтан шыға білген, ауылдастарына қамқор, керек кезінде тіліп түсер турашыл болған Гауһар Айтжанқызы - ауылдастарының алғысына бөленген тұлға.

Отағасы Нұрахметов Марлан екеуі отасқан ширек ғасыр ішінде алты бала дүниеге келді. Еңбекте озат болған Гауһар отбасында да мейрімді ана атанып, балаларын жоғары оку орындарында оқытты, олардың алдынғы қатарлы азамат болып шығуына аналық үлесін қосты.

Қызмет ете жүре, қоғамдық жұмыстарға белсенді

араласып, көркемөнерпаздар ұжымында есте қаларлықтай өнер көрсетіп, дипломдармен, мақтау қағаздарымен, Алғыс хаттармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Арықова Құлшат Сапенқызы 1951 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Совет ауданы Игілік ауылында дүниеге келді.

Осы ауданының Ленин орта мектебінің түлегі. 1969-1973 жылдары Петропавл мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетінде оқып орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі мандығын алған.

1969-1973 жылдары Петропавл мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетінде оқып орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі мандығын алған.

Осы жылы жас маман жолдамамен Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданының Жалтыр орта мектебіне мұғалім болып жіберілді. Құлшат

Сапенқызы ұстаздық жолын қазақ мектебінде орыс тілі және әдебиетін балаларды қызықтырып, санасына сіңетіндей дәрістеуге арнады. Оның ізденісті, нәтижелі еңбегі бағаланып, 1989 жылы мектеп директорының тәрбиесі іci бойынша орынбасары болып тағайындалды. Осы қызметте де абыройы асып 1991 жылдан бастап 2010 жылға дейін Жалтыр орта мектебінің директоры болып, мектептің оку, тәрбие істерін заманың талабына сай үйымдастырып, түлектерге терең білім беруді қамтамасыз етті.



Бар саналы өмірін үрпақ тәрбиелеуге арнаған ұстаз еңбегі ескерусіз қалмады. Ол үздік тіл маманы ретінде облыс әкімінің грантының иегері. Қазақ ССР білім ми-нистрлігінің, облыстық, аудандық білім бөлімдерінің грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталған. Сергеев аудандық және Ступин ауылдық Кеңестерінің депутаты болып сайланған. Қазіргі уақытта зейнеткер, Петропавл қаласында тұрады.

Жолдасы Болат Малғаждарұлымен 1974 жылы отбасын құрып, үш ұл, бір қызы тәрбиелеп өсірді. Қазіргі уақытта сегіз немеренің әжесі.

Ахметова Қазима Қабденқызы 1936 жылы 2-тамызда Көкшетау облысының Қарағай ауылында дүниеге келді. Әкесі Исенов Қабден-Ұлы Отан Соғысының ардагері, кеңшарда жүргізуіші, анасы Шәйзә көп жылдар бойы сауыншы болып еңбек етті. Отбасында алты бала тәрбиеленді. Қазима тұңғыштары болғандықтан, ата-анасына үй шаруасына, іні-сіzlілерін тәрбиелеуге көмектесетін.



Қазима Қабденқызы еңбек жолын 1953 жылы Мемлекеттік банктің Көкшетау қаласындағы бөлімшесінде

бастады. 1958 жылы ол Қарағанды есеп-экономика техникумын тәмамдады. Әр жылдары ҚСРО Мемлекеттік банкілер жүйесінде еңбек ете жүріп, есепші, курьер, оператор қызметтерін атқарды.

1967 жылды Мемлекеттік банктің Бескөл бөлімшесіне жұмысқа қабылданды. Осы мекемеде зейнетке шыққанша еңбек етті. Отыз жылға жуық өмірін бір мекемеде, 1988 жылды Агропромбанк болып қайта құрылған ҚСРО Мемлекеттік банкінде еңбек етуге арнады. Еңбекте жеткен жетістіктері мен ұжымның қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысқаны үшін облыс басшылығы Қазима Қабденқызын бірнеше мәрте Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарымен, сыйлықтармен марапаттады. «Еңбек ардагері», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл» медальдарына ие болды.

Ол өзіне жүктелген міндеттерін атқаруда өте ұқыпты, тиянақты, жауапты, еңбекқор қабілетімен басқаларға үлгі болып, үнемі мақтау алып жүретін қызметкердің бірі атанды.

1959 жылды Меркеш Жайлаубайұлы Ахметовпен отбасын құрды. Ол ПМК-64 ұжымында прораб болып лайықты еңбек етті. Оның жетекшілігімен Бескөл ауылында Фурманов, Ульянов көшесіндегі үйлер, СКО МШFЗИ ғимараты, басқа да нысандар бой көтерді. Олар 45 жыл өнегелі отбасын құрып, үш бала тәрбиелеп, олардың жоғары білім ауларына мүмкіндік жасады.

Қазіргі таңда Қазима Қабденқызы жеке кәсіпкерлікпен айналысатын жалғыз ұлы Бийдарханмен бірге тұрады. Келіні Алма Бескөл мектеп-гимназиясында қазақ тілін қадағалайтын директордың оқу-тәрбие бойынша орынбасары болып істейді. Үлкен қызы Клара – мемлекеттік қызметкер. Күйеу баласы Сайран Бурабай кентінің ТКШ-ы басшысы. Кіші қызы Гүлнара – педагог мамандығын меңгеріп, қаламыздағы Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі болып еңбек етеді. Оның жолдасы Бейбіт «Өрт сөндіруші» жүйесінде қарауыл бастығы қызметін атқарады.

Қазима Қабденқызы жеті немеренің әжесі. Немерелерінің арасында есепші де, әскери қызметкер де, болашақ журналист пен дәрігер де бар. Екі немересі мектеп окушылары. Олар әжелерінің көз қуанышы, жүргінің алмалары, өздерінің жетістіктерімен қуантып, жиі хабарласып, халін сұрап жүреді. Уақыттың зырлап өтіп жатқаны сол немерелерінің өзі отбасын құрып, Қазақстанның түпкір-түпкірінде еңбек етуде. Бүгінде Қазима аpanың алты шөбересі бар. Олардың орны, әже үшін, ерекше, бөлек!

2016 жылы Қазима Қабденқызы 80 жасқа толады. Ол өз тағдырына риза, Жаратқаннан балалары мен немере-шөберелерінің амандығын, бақытын, отбасының берекесін тілеп отырады. Ол өте көпшіл, сүйкімді адам. Сондықтан ағайын-туыстары, таныстары оны ерекше сыйлап құрмет тұтады. Солардың бірі, марқұм ақын Манап Қабдешқызы Ысқақова сыйлы көршісіне, ол 70 жасқа толғанда мына өлең жолдарын арнаған еді:

Білдірмей жыл артынан жылдар жетіп,
Ғасырдың тең жарымы кетті өтіп.
Қазима, құтты болсын мерейтойың,
Табысқа жеттің міне еңбектеніп!

Жемісін еңбегіндің жесең теріп,
Денсаулық, бақыт бірлік болсын серік.
Қадірлі жомарт жүрек, ақ әже бол,
Артыннан көп немере жүрсін еріп.

Ұл-қызың он саусактың саласындей,
Көзіңдің ағы менен қарасындей.
Бала десе беретін бауыр етін,
Жүргің кең қазактың даласындей.

Өзіңнен көріп жүрем сәби қылышқ,
Мәз боламыз кей кезде соған құліп.
Ақ көңіл, аңқаулығың жас баладай,
Білмейтін алдау, арбау – айла құлышқ.

Үстіне немеренің түсіп тұрған,
Айтын шыбының жоқ ұл мен қыздан.
Ананың ең асылы сендей болар,
Жолында балалардың болған құрбан.

Қазима – аяулы жар, ақылы мол
Шаңырағың биік болсын, бақытты бол!
Меркешпен махаббатың мәлдір сенің,
Қоса ағар қосағыңмен тілегім сол.

Бийдархан, Клара мен Гүлнараның,
Қызықтап өмірінің гүл жарғанын.
Алдында көретүғын жақсылық көп,
Өмірде орындалсын бар арманың.

80 жылдық мерейтоймен оны Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі ұжымы мен басшылығы атынан «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің» Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімшесінің директоры Ж.О.Қажырахымов былайша құттықтады: «Әріптестеріңіз Сіздің адамдарға деген құрметіңіз бен кәсіби шеберлігіңіз және әрқашан жастармен тәжірибелізben бөлісіп, көмек беруге дайын тұрғаныңыз үшін жақсы көңілмен еске алып жүреді. Сіздің биік адамгершілік қасиеттерініздің арқасында мемлекеттік банктің облыстық кеңесеі қызметкерлері арасында беделіңіз жоғары. Барлық банк қызметкерлері мен зейнеткерлерінің атынан Сізді шын жүректен құттықтаймыз, зор денсаулық, бақыт, береке, тұған туыстарыңыздың, жақындарыңыздың үнемі қолданап тұруын тілейміз!»

Әбілмәжінов Болат Текебасұлы



Солтүстік Қазстан облысының Ленин ауданындағы Николаевка ауылында 1961 жылдың тоғызыншы наурызында дүниеге келген. 1978 жылы Николаевка орта мектебін ойдағыдай тәмамдап, сол жылы Омбы қаласындағы мал дәрігерлік институтына окуға түседі. 1983 жылы осы окуорның бітіріп, жоғары білім алған Болат Текебасұлы жолдамамен Новосибирск облысындағы Усть-Тарка ауданының Камышевский кеңшарында мамандығы бойынша алғашқы еңбек қадамын бастайды. Аз уақыттың ішінде шаруага икемді, іске тындырымды қабілетімен көзге түсken ол осы шаруашылықтың бас мал дәрігері қызметін атқарады.

1984 жылдан 1986 жылға дейін Харьков, Мәскеу қалаларында Отан алдындағы азаматтық борышын өтейді. Армия қатарынан босағаннан кейін Усть-Тарка ауданына қайтып оралады. Мұнда Марашовский кеңшарында мамандығы бойынша еңбек етіп, 1988 жылы осы кеңшардың партия үйіміна хатшы болып тағайындалады. Бұл қызметті 1991 жылға дейін атқарады. Сол жылдың қазан айында осы аудандағы «Победа» кеңшарына директорлық қызметке жіберіледі. Осы жылдардың ішінде ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеуден, шаруашылықты басқарудан мол

тәжірибе жинақтайды. Оның үстіне Новосибирск ауыл шаруашылығы институтының ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына басшылық жасау жөніндегі факультетін сырттай оқып, білімін одан әрі жетілдіреді.

Болат Текебасұлы 1993 жылдың желтоқсан айында туған елге – Николаевка ауылына қайтып оралады. Уш жылдай жеке кәсіпкерлікпен айналысады. 1996 жылы Николаевка кеңшарынан өз әuletіне және кейбір ауыл тұрғындарының үлесіне тиген 265 гектар жерді алып, ауыл шаруашылығымен айналысады. Бірер жылдан кейін осы кеңшардың аумағында «Хантемір-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрып, жер көлемін алты мың гектардан асырады. Бұл кезде кеңшар ыдыраған болатын. Жермен бірге үлеске тиген техникалар тозығы жеткен, жұмысқа жарамсыз еді. Болат Текебасұлы серіктестікті құрған алғашқы жылдардан бастап-ақ іскерлік танытып, техникаларды жаңартып отыруға баса көніл бөледі. Алғашқы түсken табыстарға қоса несие алып жаңа техникалар сатып алады. Қазір «Хантемір-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестік жаңа комбайндармен, тракторлармен, автокөліктермен және өзге де қосалқы техникалармен қамтамасыз етілген. Өз меншігіндегі жердің егінін егіп, астығын жинап алуға куаты жеткілікті. Сонымен қатар астық сақтауға арналған механикаландырылған кырман да жұмыс істейді.

Болат Текебасұлы шаруашылықтың ауқымын кеңейту мақсатымен «Хантемір-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен бірге соңғы кезде Бірлік ауылында «Есіл ауыл шаруашылығы өнімдері» шаруашылығын ұйымдастырды. Осы екі шаруашылықтың еншісіндегі жерге негізінен бидай, арпа, сұлы және майлы дақылдар өсіріледі. Технологиялық шарапдардың тұрақты жүргізілуі нәтижесінде бұлардан жыл

сайын жақсы өнім алынуда. Мұнда соңғы кезде Болаттың жетекшілік жасауымен егіншілікпен қатар мал шаруашылығын дамыту ісі де қолға алынып отыр. Қазір серіктестіктің меншігінде жүзден астам ірі қара мал, жүз елу бас жылқы күтілуде. Бұларға қажетті жем-шөп қорын серіктестік ез күшімен дайындауды. Серіктестікте отырдан астам жергілікті тұрғындар тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілген. Ал көктемгі егін егу, күзгі астық жинау, жем-шөп дайындау сияқты науқандық жұмыстарда жұмысшылардың саны қырық-елуге жетеді. Сонымен қатар серіктестік наубайхана, диірмен, дүкен сияқты қосалқы кәсіппен де айналысып, ауылдың біраз адамын еңбекке тартуда. Серіктестік жасап отырған осындай игілікті шаралар ауыл ахуалын, адамдардың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға жақсы әсерін тигізуде. Жұмыс болғандықтан бұрынғыдай көшу-қону жок. Еңбек еткен ауыл тұрғындары жалақыларын уақытында алып, қажетіне жұмсайды.

Болат Әбілмәжінов тек серіктестіктің шаруасынғана ойлап қоймай, ауылдың қоғамдық өміріндегі қайырымдылық шараларға да белсене атсалысады. Ауылда өтетін көптеген шараларға ақшалай көмек көрсетеді. Ол 2008 жылы Николаевка ауылына Алланың жердегі үйі – үлкен мешіт салып берді. Мешітке жер алу, басқа да құжаттарын дайындау жағына осы ауылдың тумасы, генерал Абай Тасболатов бас болса, құрылышқа қажетті барлық қаражат Болат Текебасұлы басқаратын «Хантемір-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің есебінен жұмсалды. Күні бүгінге дейін мешіттің бас имамына айлық еңбекақы төлеу, қысқы от жағу маусымында мешітті жылумен қамтамасыз ету мәселесін де Болат Әбілмәжінов өз мойнына алып отыр. Сондай-ақ Болат Текебасұлы жыл сайын ауылдағы Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер мен

тыл еңбеккерлеріне мерекелік шаралар үйымдастыру жағын да назарынан тыс қалдырған емес. Женіс күні ардагерлерге дастархан жайылып, сый-сияпат көрсетіледі. Қомекке мұқтаж жалғыз басты қарияларды отын-шөппен қамтамасыз етіп отырады. Ауылдағы орта мектепке жасаган қамқорлығы да аз емес. 2011 жылы мектептің көмір сақтайтын орынын бетонмен коршап берді. Ал оқу жылы аяқталғанда оқушылардың лагерьдегі демалысын үйымдастыруға қаржылай көмегін көрсетеді. Міне, ауыл тұрғындары, мектеп ұжымы Болат Текебасұлының осындай кеңпейілді, ақжарқын қайырымды қамқорлығына ерекше риза болып, жүрекжарды алғыс сезімдерін білдіріп отырады. Адами қасиеттерімен көвшіліктің көнілінен шыққан ол биыл облыстық мәслихатқа депутат болып сайланады.

Болат Текебасұлы өз әріптестері арасында тек шаруда адамы ғана емес, үлгілі отбасының үййітқысы ретінде де үлкен құрметке бөлене білген жан. Жары Ләззат екеуі үш қызы, бір ұл тәрбиелеп, өсіріп отыр. Үлкен қыздары Анара мен Динара медицина институтын бітіріп, тіс дәрігерлері болып қызмет істейді. Кенже қыздары Айгүл Назарбаев университетін бітіріп, жоғары білімін одан әрі жалғастыруда. Ұлдары Хантемір Англия университетінде оқып жүр.

Әбішев Борамбай Сейдахметұлы 1924 жылы 10 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы Бірлік ауылында дүниеге келді. 1942 жылдың қараша айында әскерге шақырылды. 1943 жылға дейін Ленинград майданының 221 атқыштар полкінде атқыш ретінде соғысты. 1943- 1945 жж. екінші Украина майданында 44 понтон полкінің бөлім командирі болды. 1945-1947 ж.ж. Молдова АКСР Рыбница қаласындағы

44 полктің 21 бөлек батальонінің бөлім командирі болды. 1947 жылы әскерден оралды.

Борамбай Эбішев З дәрежелі Данқ, Қызыл Жұлдыз, 2 дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерінің иегері, «Будапешті азат еткені үшін», «Венаны азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін» медальдарымен наградталған.

Псков және Чуд көлдерін қосатын бұғаздағы ерлігі үшін Бас қолбасшының бүйрығы бойынша Борамбай Сейдахметұлы «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды.

Соғыстан соң 1947-1952 ж.ж. Ленин ауданындағы Бірлік колхозында жұмыс істеді. 1952 жылы құқық қорғау органына қабылданды, онда әр түрлі лауазымдарда 2 жыл жұмыс істеді. 1954 жылдың сәуір айында ауыл шаруашылық жұмысына ауысуына байланысты ішкі істер органынан босатылды.

1954 жылдың сәуір айынан Б.С.Әбішев Мәскеу ауданы Комаров атындағы совхоздың № 2 бөлімшесінде жұмысшы болып жұмыс істейді.

1961 жылдың желтоқсан айында осы шаруашылықтың қырман менгерушілігіне тағайындалады. 1977 жылдың қантар айында Комаров атындағы совхоздың № 3 бөлімшесінің зоотехнигі болып ауы-



стырылады, бірнеше жыл осы шаруашылықта бригадирдің есеп бойынша көмекшісі қызметтін атқарады.

Борамбай Сейдахметұлы 1985 жылы 9 ақпанда дүниеден өтті.

Әліжанов Зәйніден Әліжанұлы



1940 жылы сәуірдің 15 жүлдызында Көкшетау облысы Қызылту ауданы Құлықөл ауылында дүниеге келген. 1958 жылы мектеп бітіріп, Гурьев қаласының педагогикалық институтына окуға түседі. Жоғары білім алғып өзінің туған мекені, Құлықөл ауылына (сол кезде совхоз «Чапаевский») мектепке орналасып математика пәнінің мұғалімі болады. Осы жылдардан бастап өмірінің жартығасырға жуығын ұстаздықпен өткізген Зәйніден Әліжанұлы Амангелді орта мектебінің, қазақ

мектеп-гимназиясының 40 жылдай мектеп директоры болып қызметті атқарады. Зәйніден ағайдың алдынан еліміздің талай ұл-қыздарының тәлім-тәрбие алғаны баршаға аян. Сол көптің ішінде қоғам кайраткерлері, ірі ғалымдар, көптеген ағартушылар шыққандығын бүкіл облыс көлемі біледі десем, асыра айтқандақ болмас. Сөзіміз дәлелді болуы үшін Зәйніден ағайдан дәріс алған, кезінде өзімен қызметтес болған атақты кісілердің еске алуын келтіруді жөн көрдім.

Мемлекет және қоғам қайраткері, Уәлиханов ауданының құрметті азаматы Нағманов Қажымұрат Үбырайұлы былай деп еске алады: «Біздің ортамыздың құты, пірі Зәйниден еді. Шын мәнінде ұлы педагог еді. Білімді, талантты математик, оку ісін ұйымдастырудың ғажайып шебері болатын. Біз ағайды жақсы көріп кеттік. Ол кісі біздің туған ағамыздай, әкеміздей болып кетті десем асыра айтқандық болмас», дейді. Зәйниден ағай шын мәнінде көптің ішінде, окушылардың арасында болғанды ұнататын. Үзіліс кезінде кабинетінде отырмайтын. Кейде сынып бөлмелеріне кіріп, тазалықтарына көз салып жүретін. Зәйниден Әліжанұлының өз ісіне жауапкершілігі сондай, түнгі 6-7 сағат ұйқыдан басқа уақытын жұмыс орнында өткізетін. Кейде түскі асына да бармайтын, апамыз Құлпаши тамағын мектепке әкеліп беретін. Заманның қызын кездерінде ауданының орталығында қазақ мектеп-гимназиясының ашылуына ат салысқан, басқарған азамат - ол Әліжанов Зәйниден Әліжанұлы.

2006-2008 жылдары аудандық ардагерлер үйымын басқарып жоғары абыроймен өзінің қызметін атқарды. Екі жылдай ғана еңбек етсе де Зәйниден ағамыз ардагерлер үйымына өзінің қолтаңбасын қалдырды.

Зәйниден Әліжанұлы осындай қажырылған еңбектері үшін «Қазақ КСР-нің оку ісінің үздігі» атты төсбелгісімен, аудандық оку бөлімінің, облыс әкімінің грамоталарымен бірнеше мәрте, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен және бірнеше мере-келік медальдармен марапатталған.

Зәйниден Әліжанұлы отбасының тірегі, әрі асыл әке бола білді. Өмірлік жары Құлпәш апаймен екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Олардың барлығы жоғары білімді, мамандықтары бойынша еңбек етуде.

Әбілев Дулат Рақымжанұлы



1944 жылы қазіргі Шал ақын ауданындағы Ленин ауылында туған. 1967 жылы Қарағанды политехникалық институтын тәмамдап, инженер-құрылышты мамандығын алды.

1971-1998 жылдары Сергеев аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бас инженерлік қызмет атқарды. Ауданда құрылыштың дамуына көп еңбек сінірді. Әсіресе қызыл кірпіш шығаратын зауыт құрылышына белсендей қатысты. Кешікпей іске қосылған зауыттың өнімдері жергілікті құрылышқа пайдаланылды. Қажетті құрылыш жабдықтарын ізде-стіріп, Ресейге, Сібірге де жиі сапар шекті.

Сергеевка қаласындағы, аудан көлеміндегі 1971-1998 жылдардағы құрылыштардың бәрі де Дулат Рақымжанұлының қатысуымен салынған.

Мектептер, балабақшалар, клубтар, ауруханалар, шаруа өндірістері, коммуналдық-тұрмыстық үйлер, ойын-сауық орындары іргетастарынан бастап, кілтіне дейін, құрылыш-жобалау технологиясын сақтау бас инженердің қадағалауында болды.

Әрбір құрылыш нысанының орнын бекіту, жобалар мен қаржыландыру оның тікелей қатысуымен жасалатын.

Дулат Рақымжанұлы 1998-2007 жылдары Қызылжар

қаласында облыс орталығындағы «Норд» агрофирма-сында прораб болып істеді, бұл жұмысында кейбір ғи-мараттарды қайта құрастыруға, Орман шаруашылығының өнімдері мен құрылыштарын дамытуға атсалысты.

Құрылышты мамандығының қыр-сырын жете мең-герген тәжірибелі маман иесіне қаладағы көптеген құрылыш мекемелерінің қызметкерлері ақыл-кенес сұрап жіңі жолығатын.

Ол өмірден оқыған-түйгенін жастармен бөлісуді аға-лық парызы санайтын.

Қарамағында істеген бірнеше жас құрылышшыны жұмысқа үйретіп, инженерлік дәрежелерін көтеруге дем беретін.

Мінсіз де жемісті қызметтері үшін бірнеше Алғыс хаттармен, медальдармен марапатталды.

Әбілева Элия Шәріпқызы 1945 жылы 17 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, Жанажол ауылында туған.

1960 жылы Ленин орта мектебін бітірген. 1962 жылы Петропавл есеп-экономика техникумын тәмамдап, еңбек жолын Боголюбово астық қабылдау пунктінде аға экономист қызметінен бастайды. Комсомол үйымының хатшылығын бірге атқарады. 1962 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық технологиялық женіл және тамақ өндіру институтына



түсіп, оны 1967 жылы сырттай бітіріп, инженер-экономист мамандығын алып шығады. 1964-1968 жылдары Қарағанды қаласында 19 шахтада құрылыс бөлімін басқарған. Шахтының кәсіподақ комитетінің қазыналық қызметін бухгалтерлік жұмыспен қоса атқарған. 1969-1978 жылдары «Петропавлсельстрой» ПМК-5 ұжымында өндірістік-техникалық бөлімде аға инженер болып істейді. Екі жыл Сергеев аудандық ауылшаруашылық басқармасының аға экономисі қызметін атқарады. 1980-1994 жылдары Сергеевка қаласында 22-жылжымалы механикаландырылған колоннаның жоспарлау бөлімін басқарады. Осы жылдары ол бастауыш партия үйімінде хатшылығын атқарады.

Әлия Шәріпқызы жұбайы Дулат Рақымжанұлымен екеуі төрт бала тәрбиелеп өсірді. Ұлдары Женіс Новосібір электротехникалық институтын, Азамат Тұмен мемлекеттік университетін бітіріп, Астанада қызмет істейді. Қыздарының екеуі де Қарағанды жоғары оқу орындарын тәмамдалған, Астанада қаржы-банк жүйесінде еңбек етуде. Бір немересі Астанада менеджер, екіншісі Мәскеу академиясында – магистр. Санк-Петербург университеті мен Қарағанды университетінде оқып жатқан немерелері де бар.

Ә.Әбілева «Аттаған қадам, басқан із» кітабының авторы.

Әлібекова Нұржамиля Баязиқызы 1949 жылы Омбы облысының Назыбай ауданының Кіші Бейімбет ауылында дүниеге келген. Ата-бабасының туған жері Келлер ауданындағы Талап ауылы. Аталарының басқа төңірекке көшу себебі шыққан тегінде болса керек. Әкесі Баязи төңіректегі ең малды Жансақал байдың немересі екен. Император Николай Романовтың (Николай II) таққа отыру рәсіміне қазақ елінен әнші-ақын-

нан Ақан сері, балуаннан Зілқараның Әлібегі, аукатты азаматтардан Жансақал бай барыпты. Сый ретінде патшаға өз табынынан жүз бірдей қара сәйгүліктерді тартқан. Мұрагері Баязи жастай молдалық жолын қуған. Құранды жатқа айтып, сүре, аяттарды арабшадан қазашаға аударған. 13 жасында Мәдениет ауылында «Аққошқар» мешітіне ие болған. Жиырмасыншы жылдардың соңында Совет үкіметі молдалар, бай балаларын қуғынға алғанда «ішке» - Тюмень одан кейін Омбыға өтіп кетеді.

Баязи ақсақалдан 13 нәресте туганымен, тек үшеуі аман қалып, қалғандары бала шағында дүниеден өтеді. Әкесі қайтыс болғанда Нұржамиля төрттен жаңа асқан бала екен. Талай қыын-қыстаң кездерден өтіп, аналарының арқасында ер жетеді. Мектепті әуелі орысша бастап, кейін ата жүртyna көшіп келгесін, Мәдениет ауылында окуын қазақша жалғастырып, он жылдықты Қызылсая орта мектебінде бітіреді.

Мектепті тәмамдағаннан кейін Нұржамиля 1966-1968 жылдары Мәдениет ауылының мектебінде еңбек жолын бастайды. 1969 жылы Карасевка орта мектебіне ауысып ұзақ ұстаздық ғұмырын осы ұжымда өткізді. 1979 жылы Қөкшетаудағы Шоқан Уалиханов атындағы институтын бітіріп, математика пәнінің мұғалімі мамандығын алады.



2015-2016 оку жылы Нұржамиля Баязиқызы жалықпай ұстаздық етіп математика ғылымының сүрларын балалардың зердесіне үялатқанына 50 жыл толды. Зейнетке шықса да әлі де еңбек жолын жалғастырып жүр. Жоғары санаттағы ұстаздың қажырлы еңбегі жемісті. Осы жылдар ішінде алдынан талай-талай түлектер қанат қақты. Қазір олар Қазақстанның түкпір-түкпірінде, Ресейде, Германияда: ғалымы, дәрігері, мұғалімі, лаузымы жоғары қызметкерлері де бар. Олардың ішінде Ақжар, Уәлихан аудандарының әкімдері С.Туралинов, А.Турегелдин, Петропавл қаласында милиция қызметкерлері К.Шарапов, Н.Исин, мектеп директорлары: М.Туралинов, А.Махметов, Б.Төребек, дәрігерлер А.Байгабурова, З.Тиыштықбаева, Р.Туралинова, З.Баянбаева, инженерлер С.Васильев Удмуртияда, Ф.Раац Германияда, С.Әлібеков Астанада, Б.Әлібеков Бірлестікте және т.б. әр салада қызмет атқарады. Қазіргі заманға сай бизнеспен айналысып жүрген түлектері Е.Токаев Көкшетауда, А.Қожасова Саумалкөлде.

Шәкірттері де ұмытпай, әлі күнге дейін ұстазын құрметтейді. Мысалы Н.Әлібекова оку бітіргелі 35 жылдан асып кеткен Қуаныш Ахметова туралы: «Өз қызымдай, окуда үздік еді, еңбекте де сондай. Қарағанды сауда институтын қызыл дипломмен бітірді» - деп мактаныш қылып, осы күнге дейін екі үйдің біріндей араласып тұратынын айтады.

Әрине, жарты ғасыр ішінде еңбегі елеусіз болмады. Облыстық, республикалық мұғалімдер съездеріне, талай кеңестерге де қатысты. Республикалық, облыстық, аудандық билік органдарының марапаттау қағаздарының, алғыс хаттардың иегері.

Жалықпай ұстаздық еткен Нұржамиля Баязиқызының тағы бір қыры бар. Бала кезінен өлеңге үйір жан.

Тіпті мектепте оқып жүргенде шығарманы өлеңдетіп жазып жүрдім, деп еске алады. Есейе келе де өлеңнен қол үзген жоқ, қайта шабыттана тұсті. Әсіресе егемендік алған жылдардан бастап ауылдық математик-ақынның шығармалары аудандық, облыстық газеттерде жа-рық көрді. Соның арқасында 2004 жылы Солтүстік Қазақстан облысының өлең өлкесіне калам тартқан қыз-келіншектердің «Бәйшешектер» атты өлеңдер жинағына Нұржамилянің туындылары да енді. 2010 жылы Айыртау ауданының ақындарының өлеңдері топтастырылған «Үкілі Ыбырай» атты жинаққа Кәкімбек Салықовпен бірге өзінің «Даланы әнімен тербет-кен» өлеңі басылғанын мақтан етеді. 2011 жылы ұстаз ақынның «Асыл мекен» атты жинағы басылды. 2013 жылы Қазақстанның бірінші ренгенологі, медицина ғылымдарының профессоры, халықаралық ренгенологтар ассоциациясының жетекшісі, Айыртаудың Қосқөлінен шыққан Жанғали Хамзабаев туралы «Сұлтаны ол жігіттің бір нар қасқа» атты кітабі жарық көрді.

Нұржамиля Баязызының жолдасы Өміртай Әлібеков елге сыйлы азамат. Балалары Еркін, Алма, Анар, Ержан, Салтанат өмірде өз жолдарын тапқан. Ерлі-зайыптылар немерелерінің қызығын қызықтап, тілегін тілеп отырған бақытты жандар.

Базарбаев Баймұхамбет Базарбайұлы 1917 жылдың 17 қаңтaryнда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Көктерек ауылында дүниеге келді. Қадірлі қасиетімен, ақжарқын міnezімен, халқының қалаулысы болған, қазақтың әдет-ғұрпын жоғары ұстаған.

Жеті сыныптық білім алған ол Ленин ауылдық кеңесінің Көктерек колхозында есепші болып еңбек жолын бастады.



1938 жылы Петропавл майдарігерлік техникумын бітірісімен, әскер қатарына шақырылады. Содан Отан соғысы басталып кетіп, соғыс біткенше әскер қатарында болады. Батыстағы соғыс жеңіспен аяқталар сәтте Жапон соғысына қатысып, елге 1945 жылдың аяғында аға лейтенант шенімен оралады. Келе сала, ауыл шаруашылығы мамандарының жетіспей жатқан шағында қызметке қызу кірісіп кетеді.

Сөйткен Баймұхамбет Базарбайұлы дүниеден өткенше еңбектен қол үзбеген. Сол кездегі Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданының мал шаруашылығы бөлімінің бастығы, облыстық мал шаруашылығы бөлімінің бастығы, одан кейін колхоз басқармасының бастығы, Совет (қазіргі Аққайын) аудандық кеңес басқармасы бастығының орынбасары және он жылдан астам уақыт өз мамандығы бойынша ауыл шаруашылығының әртүрлі қызметін атқарды. 1967 жылдан бастап, 1977 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққанша Сергеев ауданында мемлекеттік асыл тұқымды мал өсіру мекемесін басқарды.

Бәкенің бойындағы ұлтжандылығы елге келген қазақ жігіттерінің қызметте жоғарылауына атсалы-

сүйнде еді. Ол ақжарқын мінезді, айттар сөзін тауып сөйлейтін, сөзден тосылып көрмеген кісі еді. «Бәкен айтқан екен» деген ұлағатты сөздерді жүрген жерде әлі күнге дейін естіп жүреміз. Баймұхамбет Базарбайұлы қарапайым Бәйміш атымен белгілі, ағайын-туыс, жолдас-жораларына қадірлі Бәкен болды. Халықтың қадірмені, кішіге құрметті аға, үлкенге инабатты іні бола білді. Қандай қызметте болмасын, еңбегі жемісті болып, талай марапатқа ие болды.

Еңбек Қызыл Ту орденімен, 7 медальмен және Қазақ КСР Жоғарғы Қенесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

1984 жылдың маусым айында дуниеден озды.

Бәкенің ең жақсы қасиеттері соңындағы екі ұлының бойына қонған еді.

Базарбаев Ермағамбет Баймұхамбетұлы 1953

жылы туған. Сергеевка орта мектебін тәмамдаған соң әскери міндеттін Германияда атқарды. Әскерден кейін Петропавл индустріялық-педагогикалық техникумын аяқтады. Қызмет жолын Сергеевка ақпараттық есептеу станциясында механик болып бастады. Өмірінің соңғы жылдарында аудандық ішкі істер басқармасында аға лейтенант дәреҗесінде еңбек етті. 1994 жылы ауыр сырқаттан дүние салды.



Базарбаев Нұрмұхамбет Баймұхамбетұлы 1963 жылы туған. Сергеевка орта мектебін аяқтағасын, Алматы зооветеринарлық институтын тәмамдады. Октябрь кеңшарының Тельманов бөлімшесінде зоотехник болып істеді. Жас жігіттің талапкерлігін, еңбекке икемділігін аудандық партия комитеті аңғарып, Сергеевка ауданы комсомол үйімінің бірінші хатшысы етіп тағайындағы. Кейін Тимирязев ауданында аудан әкімінің кеңесшісі, ЖШС директоры, аумақтық ауыл шаруашылығы басқарма-сында бас маман қызметін атқарды. 2000 жылы дүние салды.



Базарбаева Мара Баймұхамбетқызы 1949 жылы 22 қазанда Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Совет ауданындағы Смирнов селосында дүниеге келген.

1973 жылы Петропавл педагогикалық институтын тәмамдағаннан кейін зейнетке шыққанға дейін әртүрлі салада еңбек еткен: Сергеев ауданы Семиполка орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен сабак беріп, кейін нұсқаушы болып қызмет етті. Петропавл қала-лық білім бөлімінде кадр жөніндегі әдіскер, «Знание» қоғамының қалалық үйімінде жауапты хатшы болып жұмыс істеді. Облыстық баспадағы мемлекеттік құпияны қорғау басқармасының редакторы, баспадағы



және басқа да бұқаралық ақпарат қуралдарындағы заннаманың сакталуын бақылау жөніндегі инспекцияның жетекші маманы, Солтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ономастикалық жұмыс және талдау бөлімінің бас маманы қызметтерін атқарды.

Облыстық әкімдікте бірнеше жыл абырайлы еңбек етіп, зейнетке шықты. Мара Баймұхамбетқызы – сөзге шебер, өзіл-қалжынға тапқыр, бауырларының қамқоршысы, жігерлі, ел таныған азаматша.

КР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталған.

Байқасов Жағыпар Байқасұлы 1920 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданы Ортаққөл ауылында дүниеге келген. Майбалық орталу мектебінде оқып, сол мектепті 1940 жылы барлық пәндерді «өте жақсы», «жақсы» деген бағалармен бітіріп шыққан. Окуға ынталы, қабілетті жасөспірім жігіт тұрмыс жағдайымен білім алуын жалғастыра алмайды. Күтпеген жерден, тұтқыылдан Ұлы Отан соғысы басталып, халық өмірдің қиын-қыстау кезеңін бастан кешіреді. Қару ұстауға жарамды ер-азаматтар Отан



корғау үшін соғысқа аттанады.

Жағыпар Байқасұлы соғысқа 1942 жылы жасөспірім жігіт болып аттанып, жиырма бестен асқанда «егде» кісі болып оралыпты. Жағыпар Байқасұлы 1942 жылдың ерте көктемінде, 1-сәуірде соғысқа кіріп, ұзамай Стalingrad шайқасына қатысты. 1945 жылдың көктемінде Кеңес әскерлері Венгрияның астанасы Будапешт қаласын

жойқын шабуылмен алып, Германияның оңтүстік аудандарына өтетін маңызды стратегиялық бекініс – Вена қаласына кіреді. Жағыпар Байқасұлының майдандық сапары сонда жеңіспен аяқталады. Кейін ол әскери комендатурада, 72-күзет батальонында 1945 жылдың 15-сәуірінен 1946 жылдың 1-маусымына дейін қызмет істейді. Майдангер Жағыпар Байқасұлы 1946 жылдың жазында өніріне үшінші дәрежелі «Данқ» орденін, «Будапешті алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарын тағып елге оралады. Оған 1945 жылдың 13-сәуіріндегі Бас Қолбасшы И.В.Сталиннің № 334 бүйрекімен Вена қаласын азат етудегі ерлігі үшін Алғыс жарияланыпты. Сондай-ақ 1945 жылдың маусым айында Бірінші Украина майданының қолбасшысы Кеңес Одағының Маршалы И.Коневтің, майданның әскери кеңесі мүшесі генерал-лейтенант К.Крайнюковтың, армия генералы И.Петровтың қолдары қойылған Алғыс хат табысталыпты.

Елге оралғаннан соң Преснов ауданындағы Баян колхозында, Приишим кеңшарында Жағыпар Байқасұлы істемеген жұмыс болмады: бригада есепшісі, колхоз бухгалтері, МТС-те нұсқаушы-бухгалтер, ревизор, колхозға басқарма, зоотехник, агроном бола жүріп, уақытпен санаспай жұмыс істеді. Білімін жетілдіру үшін 1950-1953 жылдары Петропавл қаласындағы колхоз председательдерін даярлайтын ауыл шаруашылық мектебінде оқып, «кіші агроном» мамандығына ие болады. Бұл сол замандағы ауыл шаруашылығында қызмет етуге қажетті әмбебап білім беретін оку орны болатын. Ол мемлекеттік емтиханды барлық пәндерден «5» деген бағамен тапсырыпты. Жұмысына өте ұқыпты, жауапкершілікпен қарайтын, өзіне де, өзгелерге де қатаң талап қоя білетін басшы еді. Бірнеше мәрте ауылдық кеңестің депутаты болып сайланыпты, «1941-1945 ж.ж. Ұлы Женіске 20жыл» мерейтойлық медалімен марапатталған.

Жағыпар Байқасұлының өмірде медет тұтатын жан жары, қолдаушысы, сүйеніші Мырзағұлова Күлбаршын Сартайқызы да еліне елеулі, құрметті, сыйлы жан болатын. Ол өте сабырлы, ақылды, мейірімді, сүйкімді, сұлу әйел еді. Соғыс жүріп жатқанда буындары бекімеген жас бала кезінен «Бәрі Женіс үшін!» деп ересектердің орнында небір қыын жұмыстарды атқарып, бейбіт өмірде біраз жыл мұғалім, өмірінің соңына дейін сатушы болып еліне адал қызмет еткен болатын. Олардың жалғыз қызы Ботагөз Жағыпарқызы апасының май шаммен, аласа үстелде балалардың дәптерлерін тексеріп отырганын көріп, оған еліктеп мұғалім болуды қиялдайтын. Оның мұндай құлышынысын көріп, тіпті үшінші сыныпта оқығанда мұғалімі оған балаларға сабак беруді сеніп тапсыратын. Ата-анасының оған үлкен үміт артып, «басынан құс ұшы-

рмай» мәпелеп өсірген тәрбиесін ақтап, қыздары Ботағөз Жағыпарқызы бүтінде білім саласында 43 жыл енбек еткен Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері дәрежесіндегі зейнеткер.

Жағыпар Байқасұлы ақынжанды, ойшыл адам болатын. Кейбір ойларын жырмен өрнектеп отыратын. Мысалы, шығарма өлеңге айналып, әнге қосып айтылған соғыстың отты жылдары жазған мына өлеңдері майдангердің туған елге, туысқа деген сағынышы мен жансырын білдіріп тұрғандай:

ЖАС ЕКЕНМІН

Кұлақ естіп, көз көрмеген жердемін,
Өз ойымда туып-өскен елдемін.
Әлі күнге айқын емес өзіме,
Қай уақытта, қалай мұнда келгенім.
Қайғырмаймын, алыссынып жерімді,
Шығынсынбан, шыққан аңы терімді.
Тірі көрсем бәрі ұмыт болар ғой,
Ата-ана, туыстар мен елімді.
Қыын еken бұрын бейнет көрмесем,
Болмас тағы оған енді көнбесем.
Орнында бар оңалар деп сенемін,
Дәм таусылдып, арманда қап, өлмесем.
Кәрі екенмін, көргенімді санасам,
Жас екенмін, қатарыма қарасам.
Екеуінің арасынан шығармын,
Күн де болар, ататұғын жаңа таң.

Вена қаласы, 1945 жыл.

ЖАЛҒЫЗ ҚАРЫНДАСЫ БИКАМАЛДЫҢ ХАТЫНА ЖАУАП

Қарындас, хатыңды алдым, колыңды бер,
Есімнен жатсам, тұрсын, шықпайды ел.
Еш бейнет өмірімде көрмесем де,
Денемнен Отан үшін шықты абын тер.
Аман бол, көрікенше, қарындасым,
Не көрсем, көппен бірге менің басым.
Өткен күн, келешегім еске түссе,
Жүрмейді тамағымнан ішкен асым.
Аман-сау, қуатты бол көрікенше,
Кім бар, кім жоқ біз қайтып келікенше.
Қалмас еді менде арман ешуақытта,
Жетсе өмір, ішкі сырды терікенше.
Уақыт жоқ, жазар едім оны-мұны,
Көрермін көппен бірге жүрсем тірі.
Елестеп, көз алдымнан өтіп жатыр,
Санасам жылға тартып әрбір күнім.

1942 жыл.

Бірнеше жыл соғыс даласында мұз төсөніп, қар жастанып, сызды окоптарда жатып, етікпен су кешкен жауынгердің денсаулығы ерте сыр берді. Ұзақ емделді. «Мен өзім үшін де, майданнан келмей қалған бауырларым үшін де еңбек өтіп, өмір сүруім керек», - деп канша тырысса да, өкінішке орай, ол 1966 жылы тамыздың отыз бірінде небәрі қырық алты жаста өмірден озды.

Бәйімбекова Тұрсын Сейпілмәлікқызы 1936



жылы Көкшетау облысы, Қызылту ауданы, Жаңа түрмис ауылында дүниеге келген. Еңбек ардагері, Батыр ана.

Аудан орталығы Қызылтуда орта мектепті бітіргеннен кейін Тельман орта мектебінде зертханашы болып, кейіннен аудандық статистика бөлімінде қызмет атқарған. Ол кездегі статистикада қолданылатын күрделі есептегіш техникаларды тез менгеріп алған ол, өзі де үйрене жүріп, көп адамдарды осы жұмыстың қырсына үйрете жүріп

зейнетке шыққанша, бір орында еңбек етіп, зор күрметке бөленеді. Осы саладағы ерен еңбегі үшін бірнеше мәрте Қызылту ауданы басшылығының атынан Мақтау грамоталарымен, 1986 жылы «Еңбек ардагері» төсбелгісімен, 2010, 2015 жылдары «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65, 70 жыл», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медальдарымен марапатталды.

«Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегері Тұрсын Сейпілмәлікқызының ең басты ерлігі, тынбай еңбек ете жүріп қартайған ата-анасын бағып, зайыбы ҚР оку ісінің үздігі, Қазақстан Республикасының дербес зейнеткері, тыл еңбеккери, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Уәлиханов ауданының Құрметті азаматы Әбішев Әбу Исмайылұлымен бірге 8 бала тәрбиелеп,

барлығына жоғары білім әперіп, бір-бір отау құрғызып, еліміздің адами капиталын жасауға қосқан үлесі болып табылады. «Өмір бойы ойлағаным осы балаларымның қамы, барым да, нарым да солар», - дейді асыл ана. «Ұялмайтын ұл, қызармайтын қыз өсірген» деген сөз осындай аналар туралы болуы керек. Балаларының барлығы жоғары білімді, еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтар. Тұрсын апайдың 21 немересі, 9 шөбересі оның жаңына шуақ, бойына қуат сыйлауда. Қазіргі таңда сексеннің сеңгіріне шықса да, жыл сайын аудан орталығындағы «Ұлгілі үй» байқауының жеңім-пазы аталған шаңырақтың үйткысы Тұрсын апа немерелерін Әбу Исмайылұлы аталарынан қалған отбасының тамаша дәстүрі – ауланы жасыл желекке бөлеуге, еңбеккорлыққа үйретеді.

Тұрсын Сейпілмәлікқызы сабырлы да сүйкімділігімен, кеңпейіл мінезімен, көпті көрген парасаттылығымен, адамгершілігімен, ақылдылығымен ел-жұртына қадірлі, құрметті, аяулы жан.

Бауқенов Айтқожа Елеусізұлы 1960 жылы 9 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы, Бескөл (қазіргі Қызылжар) ауданындағы Архангелка селосында туған. Әкесі Бауқенов Елеусіз мектепте қазақ тілі мен еңбектен сабак берсе, анасы балалар үйінде тәрбиеші болған.

Айтқожа Елеусізұлы Архангелка орта мектебін 1977 жылы бітіріп Петропавлдағы ауыл шаруашылығын механизациялау техникумының электрик білімшесіне оқуға түседі. Оқып жүргендеге Кеңес Армиясы қатарына алынып, әуе күштері әскерлерінің құрамында Отан алдындағы борышын өтейді. Елге оралғаннан кейін техникумды тамамдап, техник-электрик мамандығын алып шығады. Оку орнының жолдамасымен Серге-



ев ауданының «Еңбек» кеңшарына келіп инженер-энергетик қызметіне тағайындалады. Жаңа құрылған ұжымдағы ең жас маман болды.

1984 жылы Айтқожаны «Сельхозэнерго» кәсіпорнына аға инженер қызметіне шақырады. Осы жылы отбасын құрган ол әкесімен ақылдаса келе ата-аналарының ісін жалғастыруды шешеді. 1987 жылы Ар-

хангелка коррекциялық мектеп-интернатқа тәрбиеші болып орналасады. 1990-1995 жылдары Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде оқып, Географ мамандығын алғып шығады. Ал 2001-2002 жылдары Мағжан Жұмабаев атындағы колледже білім алғып, мемлекеттік емес тілдерде оқытатын мектептерде қазақ тілінен сабак беретін маман дипломын иеленеді. 2006 жылға дейін Архангелка балалар үйінде тәрбиеші, мұғалім, директордың тәрбие жөніндегі орынбарсы қызметтерін атқарады. 2012 жылдан № 12 орта мектептің директоры болып еңбек етуде.

Осы жылдары мектепте «Достық» атты балалар үйімы құрылды, тимуршілер қозғалысы жандандырылып, оқушылар еңбек ардагерлері мен жалғыз басты қарияларға көмек көрсетуде. Мектеп ауласына Ұлы Отан соғысына қатысушыларға ескерткіш орнатылды. Соңғы 3 жылда шағын орталық үшін жаңа алаң ашылды.

Айтқожа Елеусізұлы білім саласындағы көп жылғы

жемісті еңбегі үшін бірнеше Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталған. Облыстық балалар үйінде қызмет істейтін жұбайы Майра Қасымқызымен екеуі үш бала тәрбиелеп өсірді. Қанат, Жанат атты ұлдары кесіпкерлікпен айналысады, ал қызы Айнур – дәрігер.

Байжанов Нұрғожа 1901 жылы Солтүстік Қазақстан



облысы, Айыртау ауданындағы Өскен (қазіргі Үкілі Ұбырай) ауылында туған. 14 жасында жетім қалып үлкен ағасы Бай-лымен Серғазы жездесінің қолына барады. 1932 жылы аштықтан құтылу үшін Түмен облысындағы Ишим қаласына көшеді. Қазақстанға 1937 жылы оралып Есіл ауданындағы «Торандыр» кеңшарына орналасады. Кейін ағайынды екеуін Алабие селосы маңындағы Сапалат хуторына жібереді.

1941 жылы Нұрғожаны әскер қатарына алады, Калинин майданындағы шайқасқа қатысады. Ауыр жарагаланып үшінші топтағы мүгедек болып 1943 жылы елге оралады. Аздап сауыққаннан кейін еңбекке араласып Петропавлдан атпен тракторларға жанармай тасиды. 1952 жылы өзіне үй салып алып, шаруашылықпен айналысады, үйленеді. Төрт баласы қызылшадан қайтыс болып, тек жалғыз қызы қалады.

Нұрғожа Байжанұлы өте мейірімді және еңбеккор-

лығымен ерекшеленді. 1945 жылғы қыыншылық кезеңде ағасы Байлының жеті баласын қамқорлыққа алды. Олардың үлкені жеті сыныпты бітіргеннен кейін Петропавлдың ауылшаруашылық техникумына түсті.

Байжановтың үйінде Қазақстанға жер аударылған өзбек молдасы және балалар үйінің екі тәрбиеленушілері Юра, Коля Каргаполецтер тұрды. Бұлардың бәрі де ашқалмады, Нұрғожа қолында бар нанмен бөлісті. Қын жылдары оның үйінде тұргандардың Н.Байжановқа деген алғысы шексіз.

Нұрғожа Байжанұлы «Ұлы Отан соғысы» орденімен, мерекелік медальдармен марапатталған. Бірақ ол бәрінен де «Ерлігі үшін» медалін ерекше қадір тұтады.

1959 жылы Талпамбай селосына қоныс аударып, осында құрметті демалысқа шығады. 1986 жылы өмірден өтті.

Бибанов Рақым Бибанұлы 1903 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, қазір гі Шал ақын ауданындағы Қаратал ауылында (Әжен жұрты немесе Әжен ауылы) дүниеге келген.



Рақым Бибановтың өмір жолы жеңіл болған жоқ. Ол орыс патшасының бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақтардан қара жұмысқа кісі алу жөніндегі Жарлығы бойынша Қаратал ауылынан сол соғысқа қатысқан жалғыз адам. Ол сол тізімге іліккен бір байдың баласы-

ның орнына жіберіліпті. Эскери борышын Бийск қаласында өтей жүріп, орыс тілін үйреніп, таптық күрес туралы түсінігі кеңейіп, саяси сауатын ашады.

Елге оралған соң 1920-1921 жылдары Сергеевканың селолық мектебінде оқиды. Оқуды бітірген соң біраз уақыт Козловка селосында мал баққан. Сонда жүргенінде орыс тілінде жақсы сөйлейтін, сауаты бар, көзі ашық жігітті № 14 ауылдық кеңестің хатшысы етіп тағайындаиды. Осы қызметте төрт жыл істейді.

1928-1930 жылдары Петропавл қаласындағы кеңес-партия мектебінде оқып, оны бітіргеннен кейін Тәңкеріс аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып қызмет істейді. Кейіннен 1934 жылы аудан Октябрь ауданы болып қайта құрылғаннан кейін сонда партия кабинетінің менгерушісі қызметін атқарады. 1938 жылы Зеренді аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланады. Ал 1944 жылдан 1952 жылға дейін Қызылту аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істейді. Оның сол жылдардағы партиялық қызметі туралы мұрағат құжаттарында былай деп жазылған: «Бибанов жолдас партия комитетінің үтігі және насихат бөлімінің жұмысын жоғары дәрежеге көтеріп, аудан еңбекшілері арасында бұқаралық-саяси жұмыстарды кеңінен өрістетіп, Ұлы Отан соғысы жылдарында халыққа партия мен кеңес үкіметінің саясатын терең түсіндіре білді. Соның нәтижесінде аудан жыл сайын өнімнің барлық түрлері бойынша жылдық жоспарларды асыра орындал отырды және ол ауданда мал шаруашылығын дамыту ісін жетік үйымдастырды». Ол осы еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Ол денсаулық жағдайына байланысты 1952 жылы партиялық қызметтен қол үзіп, Марьевкаға көшіп келеді. Осында зейнеткерлікке шыққанға дейін аудандық

жинақ кассасының бастығы болып қызмет істейді. За-
йыбы Бикен Оспанқызы екеуі отбасында он бала тәр-
биелеп өсіреді. Олардың бәрі де өмірден өз орында-
рын тапқан.

Рақым Бибанов 1963 жылы өзінің туған жері Қаратал ауылына көшіп келіп, бұрын әке-шешесі тұрған жерге үй салып, қашан өмірден өткенше сол үйде ғұмыр кешті. Эрине, қазіргі ауыл жастары сол бір қарапай-ым қарияның кезінде Көкшетау жағында басшылық қызметте болып, сол жерлердегі тұрғындарының қадір-құрметіне бөлленгенін біле де бермейді. Ол жа-
сында жоқшылықтың тауқыметін тартып бейнет көр-
се де, өсе келе өзінің пысықтығының, зейінділігінің, мол парасаттылығының арқасында үлкен ауданың басшысы дәрежесіне дейін көтеріліп, білікті басши, іскер азамат ретінде көкшетаулықтардың мәңгі есінде қалды.

Байғаскина Салтанат Баяхметқызы 1952 жылы 11 наурызда Солтүстік Қа-
зақстан облысы, Жамбыл ауданындағы Орталық ауылында дүниеге келген.
1970 жылы Преснов орта мектебін бітіріп, осы жылы Алматыдағы Абай атын-
дағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түседі. Бұл институт-
тан «математик» мамандығын алғып шығады.



Ұстаздық қызметін 1974 жылы өзінің туған ауылы Орталықта бастайды. 1975

жылы Аусат Қалиұлы Байғаскинге түрмисқа шығады. Жас отбасын Троицк орта мектебіне жібереді. Салтанат Баяхметқызы 1975-2012 жылдары математикадан сабак береді. Тоғыз жыл сыныптан тыс жұмысты үй-ымдастыруши болады, ал 6 жыл мектептің оқу ісінің менгерушісі қызметін атқарады.

С.Байғаскинаның көп жылғы тынымсыз да жемісті еңбегі лайықты бағасын алды. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің, Солтүстік Қазақстан облыстық білім департаментінің Құрмет грамоталарымен бірнеше мәрте марапатталған.

Салтанат Баяхметқызы жұбайымен үш қыз тәрбиелеп өсірді. Үшеуі де М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін бітірген. Светлана – математика және информатика мамандығын алса, Анарасы – қаражат және кредит маманы, Индирасы – радиотехника мен телекоммуникация мамандығының иегері.

2012 жылы С.Байғаскина жұбайымен Петропавлға қоныс аударып, қазіргі уақытта М.Жұмабаев атындағы педагогикалық колледж жанындағы мектеп-лицейде математикадан сабак береді.

Байтеміров Оспан Қабиқенұлы 1950 жылы 2 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин (қазіргі Есіл) ауданы, Калиновка селосында туған.

1955 жылы Байтеміровтер отбасы Новоникольское селосына қоныс аударады, осында Оспан бірінші сыныпқа барады. Мектепте ол сабакты жақсы оқиды, математика және физикадан болған аудандық олимпиадаларға қатысады, спорттың көптеген түрлерінен аудандық жарыстарда мектеп намысын қорғайды. Үздік окушы атап, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан ол мектеп комсомол үйімінің хатшысы болып сайланады.



1967 жылды орта мектепті бітіреді. Осы жылды еңбек жолын Новоникольск кеңшарының МТМ-да токарлықтан бастайды. 1968 жылды кеңшар директоры В.С.Поповтың өтінішімен клуб менгерушісі болып ауысады.

1968 жылдың қарашасында Кеңес Армиясы қатарына алынады. Әскери қызметін Казанның жоғары басшылық-инженерлік училищесінде атқарады. Мұнда спортпен айналысып, еркін күрестен училище чемпио-

ны болады, Приволжск әскери округінде жарыстарға қатысады. Елге оралған соң Карабеловск (Мәскеу ауданы) және Новоалександровка (Бескөл ауданы) сегіз жылдық мектептерінде математикадан сабак береді. Осыдан Целиноград инженерлік-құрылыш институтына түсіп, оны 1976 жылды «инженер-механик строительно-дорожных машин и оборудования» мамандығы бойынша бітіріп шығады.

1976-1977 жылдары Петропавлдың ТЭЦ-2де инженер-конструктор, одан кейін 1984 жылға дейін тәжірибе шаруашылығында инженер болып істейді. 1984 жылды О.Байтеміровты Бескөл аудандық партия комитетінің үйымдастыру бөліміне нұсқаушы етіп ауыстырады. 1987 жылды ол Ленин орденді «Тоқшын» кеңшарына партия комитетінің хатшысы болып сайланады. 1991 жылды Оспан Қаби肯ұлы «Тоқшын» мемлекеттік кооперативтік-өндірістік бірлестігінің «Агросервис» кооперативіне төрағалық етеді.

1996-1998 жылдары «Тоқшын» акционерлік қоғамына басшылық жасайды. 1998-2004 жылдары О.Байтеміров «Жібек» шаруашылық қожалығын басқарады.

2004 жылы Оспан Қаби肯ұлы конкурста жеңіске жетіп, Солтүстік Қазақстан облыстық көлік және коммуникация департаментіне (кейін жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары) бас маман болып аудысады. Ал 2005 жылдан 2015 жылға дейін яғни құрметті демалысқа шыққанға дейін көлік және жолаушылар тасымалдау бөлімін басқарады. Оның тікелей қатысуымен аудан орталықтарында және елді мекендерде бірнеше сапаржайлар ашылды. 2012 жылы оған «Құрметті автокөлікші» деген ең жоғары кәсіптік атақ беріледі. 2010 жылы ол Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған болатын.

Оспан Байтеміров бір қыз бен бір ұл тәрбиелеп өсірді, екеуі де жоғары білім алған. Гүлнарасы Астана медицина университетінде оқытушы, Ақтау Петропавлда кәсіпкерлікпен айналысады.

Бауkenov Кеңес Еслямұлы 1954 жылы 1 қантарда Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Архангелка селосында туған. Ол өнірімізге белгілі үлкен еңбеккор отбасында тәрбиеленді: әкесі Еслям Бауkenұлы – Социалистік Еңбек Ері, Республикадағы алдыңғы қатардағы шаруашылықтардың бірі «Луч Ленина» ұжымшарының басқармасы болса, анасы Бәтес жеті баласын қайырымдылыққа, елін, жерін сүюге тәрбиелеген. Балаларының бәрі де жоғары білім алған.

Кеңес Еслямұлы мектепті бітіргеннен кейін Петропавл ауылшаруашылық техникумына түсіп, оны 1973 жылы тәмамдайды. Кеңес Армиясы қатарына шакырылып, Отан алдындағы азаматтық борышын өтейді. Елге оралғаннан кейін 1975 жылы Целиноград ауыл-



шаруашылық институтына түсіп, инженер-механик мамандығын алғып шығады. Петропавл кеңшарындағы Якорь селосына жолдама алғып, кеңшардың машина-трактор жөндеу шеберханасына инженер-бақылаушы болып орналасады. Бір жыл осы қызметті атқарып Бескөл ауданындағы «Озерный» кеңшарына бас инженер қызметіне тағайындалады.

К.Баукенов Қызылжар ауданы әкімінің орынбасары қызметін екі жыл атқарып, Ауылшаруашылығы Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облыстық аймақтық басқармасының бастығы болып ауысады. 2000 жылы ол «Казагрофинанс» ЗАО-ның Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына басшылық етеді. 2004 жылдан 2014 жылға дейін облыстық техникалық инспекцияның бөлім бастығы қызметін атқарды.

Кеңес Еслямұлы Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрлігінің, облыс және аудан әкімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Зайыбы Раиса Естайқызы Озерный орта мектебінде директордың тәрбие жөніндегі орынбасары және математикадан сабак береді. Уш ұл тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлдары Мұрат полиция подполковнигі, облыстық ішкі істер департаментінің ұйымдастыран қылмысқа қарсы күрес басқармасында еңбек етеді. Кішісі Әлібек

Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнаулы тіркеу жөніндегі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқармасында аға прокурор, ал ортаншы ұлдары Жасұлан шаруашылық қожалығын басқаруда.

Бауменов Айтұлла Қаппасұлы 1947 жылдың 27



тамызында Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданы «1 май» ауылында туды.

Ауыл қалың ағаш арасында орналасқан, жан-жағын қоршаған қалың орман. «Жартықөл» көлі судың қайнар көзі болғандықтан адамға да, малға да су ішүгे таптырмайтын су көзі. Табиғаты сұлу, жер жұмағы дерсің. Осы ауылдан көптеген атақты адамдар шықкан. Кеңес Одағының Еңбек Ерлері Еслем Бауменов және Молдай Байтусов, осы өнірдің белгілі ақыны

Мәнәп Ысқақзызы Ысқақова, ішкі істер басқармасында қызмет істеген Сұраған Көпееев, атақты Иван Васильевич Панфилов дивизиясында соғысқан Қаби Шәйменов, ал Кәжү Ысқақұлы мен Еслем Бауменов Ұлы Отан соғысы, Жапониямен соғысқа қатысып, ерлікпен қан майданда шайқасқан, ел ардақтаған азаматтар осы «1 май» ауылының атағын шығарды. Соғыстан кейінгі жылдары халық жаңа ғана есін жиып, түрмистары жақсарып, бейбітшілік орнаған уақыт еді. Айтұл-

ла Қаппасұлы төрт жылдық «1 май» мектебін жақсы бітіріп, окуын жалғастырып, ауыл шаруашылығының жұмысына он алты жастан барып, ерте еңбекке арала-сып, ерте есейеді.

1965 жылы арнайы тракторшылар дайындастын курсты бітіріп шығады. «Красный Маяк» бөлімшесінің № 3 бригадасында механизатор болып жұмыс істеді. «ДТ-75» тракторінде жұмыс істеп, өзін жақсы жағынан көрсете білді. Техниканың қыр-сырын жақсы менгеріп, әрқашан берілген жұмысты аса жауапкершілікпен атқаратын. Жұмыс істейтін тракторын техникалық жөндеуден сапалы жөнде, техниканы күтіп, баптап жүре білетін. Ал 1965 жылы әскер қатарына шақырылып Кастрома жерінде үш жыл әскери қызметін адал атқарып, жоғары әскери басшылық тара-пынан мақтаулы қағазбен, сыйлықтармен марапат-талды. 1968 жылы әскерден оралғасын, өз өмірін ауыл шаруашылығындағы еңбек жолына арнады. Ауылдың адамдары Архангельское селосына көшіріліп, бәріне баспана үй беріліп, жұмыспен қамтамасыз етілді. Айтулла Қаппасұлы үшін Архангельское жерінде жаңа өмір басталды. Колхоз басшылығының жолдамасымен Асанов селосындағы кең профилді механизатор ма-мандығын алды. Окуын бітіріп келгесін Айтулла Қап-пасұлына колхоз басқармасы Геннадий Николаевич Ли бірден су жаңа «К-700» тракторін берді. Үлкен сенімді ақтай білген ол, бірден жұмысқа кірісіп кетті. Жұмыстың небір қызын түрлерін мінсіз атқара білді. Халық арасында абырайлы, сыйлы болды.

Айтулла Қаппасұлы өзінің адаптациясында «Мақтау» грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен, 1973 жылы Кеңес Одағының орденімен, 1974 жылы «Социалистік жарыстың жеңімпазы», 1973 жылы «Құрмет» грамотасымен, 1976 жылы «Еңбек Қызыл

Ту» орденімен марапатталады. 1975 жылы селолық кеңесінің депутаты болып сайланды.

Айтулла Қаппасұлы мен Мәдина Қыранқызы ауылдың ең үлгілі отбасыларының бірі болып, Ақмарал, Айсұлу, Ардақ есімді балаларына жақсы тәрбие бере білді. Жұртқа жанашыр, қамқоршыл бола білді. Ко-нақжайлы, асы мол, пейілдері кең, дастарқаны майлар, көңілдері көл-көсір, жомарт Айтулла атамыздың үйі, Бауken тұқымдарының құтты бір қасиетті шаңырағы. Айтулла Қаппасұлы мен Мәдина Қыранқызының өмірі кейінгі үрпаққа үлгі болады.

Базарбаев Ақмағамбет Базарбайұлы Солтүстік



Қазақстан облысындағы қазіргі Шал ақын ауданының Көктерек ауылында 1934 жылы дүниеге келген. Мектептен кейін Петропавл ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түсіп, оны 1953 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Орта арнаулы біліммен қызмет істей жүріп, жоғары білім алуды мақсат еткен ол 1969 жылы Целиноград қаласындағы ауыл шаруашылығы институтын тәмамдайды.

1953-1954 жылдары Конюхов аудандық тұқым өсіру шаруашылығында ага агроном болып алғашқы қызметін бастайды. 1954-1955 жылдары Ворошилов атындағы машина-трактор станциясында агроном болып қызмет атқарады.

Жас та болса іске тындырымды, үйымдастырушылық

қабілеті жоғары, сөз сөйлеуге шешен қасиеттерімен көзге түскен Ақмағамбет Базарбайұлы комсомолдық қызметке ауысады. Аудандық партия комитеті ірі шаруашылықтың бірі әрі жастары көп «Заря» кеңшарына комсомол комитетінің хатшысы етіп жібереді. Кейін абырайлы еңбегімен сенімді актайды. Октябрь аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып сайланады. 1957-1961 жылдары қызметі өсіп, Октябрь аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарады.

1961-1962 жылдары ауыл шаруашылығы саласына кайтып оралып, «Марьевский» кеңшарында агроном, 1962-1967 жылдары аудандағы іргелі шаруашылықтың бірі «Новопокровский» кеңшарында бас агроном болып қызмет істейді. Ол қызмет істеген жылдары шаруашылықтың егіні бітік өсіп, жоғары өнім жинауға қол жеткізіледі. Егін шаруашылығындағы іскерлігі ескеріліп Ақмағамбет Базарбайұлы 1967 жылы Возвышен ауданындағы Мологвардеецтер атындағы кеңшарға директор болып тағайындалады. Бұл қызметті 1972 жылға дейін атқарып, кеңшарды озат шаруашылықтардың қатарына қосады. Кейін қызметі жоғарлап, 1972-1975 жылдары Москва аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып жұмыс істейді. 1975-1980 жылдары Ленин аудандық атқару комитетінің төрағасы, 1980-1985 жылдары облысмызды жаңадан ашылған Целинный аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалады. 1985-1987 жылдары «Сельхозхимия» облыстық өндірістік бірлестігінің (Петропавл қаласы) төрағасы болып қызмет атқарады. Осындай абырайлы да адал қызмет атқарып жүрген Ақмағамбет Базарбайұлы 1987 жылы не бары 53 жасында дүниеден өтті.

Ауыл шаруашылығы саласында, партия-кеңес қыз-

меттерінде атқарған жемісті еңбегі үшін Базарбаев Ақмағамбет Базарбайұлы «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар Достығы» ордендерімен, медальдармен, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Баймағамбетова Нұрсұлу Сұлтанқызы 1962 жылы

маусым айының 25-і күні Көкшетау облысы Тайынша ауданында дүниеге келген. Бала кезінен мұғалім болуды армандаған, жоғары педагогикалық білім алып, 33 жыл білім саласында қызмет етіп келе жатқан жоғары санатты ұстаз.



Нұрсұлу Сұлтанқызы жайғана қатардағы мұғалім емес, ол кісі 2006-2015 жылдары Тайынша ауданы «Амандық орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемеде мектеп директорының

оку ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды, ал 2015 жылдан бастап мектеп директоры болып тағайындалды. Осы қызметті бүгінгі күнге дейін атқаруда.

Ісіне тиянақты, жауапкершілігі жоғары Нұрсұлу Сұлтанқызы мектеп директоры қызметімен қатар бастауыш сиынып мұғалімі.

Шебер ұстаз бүгінгі күн талабына сай білім беру дағдыларының небір терең сырларын менгеріп, бір талай жетістіктерге жеткен. Оқушының бойында жа-

сырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып дамыту – Нұрсұлу Сұлтанқызының дағдылы ісі. Оқушылары «Үркер» республикалық зияткерлік марафоны, «Пони» халықаралық турнири, «Қауіпсіз әлем» халықаралық байқауының дипломдарына, «Қиялдың шарықтауы» республикалық байқауы сертификаттарына ие болды. «Қазақстан ұстазы» қоғамының ұйымдастыруымен өткізілген дүниетану пәні бойынша республикалық олимпиада да оқушылары I дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Ұстаз өзінің біліктілігін дамыту барысында облыстық ғылыми - әдістемелік конференцияға қатысып «Жаңа формациядағы ұстаз, оның кәсіби шеберлігі» тақырыбында баяндамасы «Сапалы білім – тәуелсіз Қазақстанның тұрақты дамуының басты кепілі» Солтүстік Қазақстан педагогарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының жинағына енгізілді. Нұрсұлу Сұлтанқызы мол тәжірибесінің арқасында 2000 жылдан білім беру ұйымдарында аудандық, облыстық мемлекеттік атестаттау комиссиясының мүшесі.

Ұстаздық қызметінің нәтижесі бағаланып қол жеткізген жетістіктері үшін «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» тәсбелгісінің, Тайынша ауданы әкімінің, Тайынша аудандық білім бөлімінің, «Қазақстан ұстазы» қоғамының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің алғыс хаттарының иегері атанды.

Нұрсұлу Сұлтанқызы жұбайы Айнабекпен екі бала тәрбиелеп өсірді. Қызы Бибінұр Шоқан Уалиханов атындағы университетті үздік тәмамдап, Көкшетау қаласында «Қазақтелеком»АҚ- да бас маман, ал ұлы Ильяс сол оку орнын үздік аяқтап, анасының ізін қуып, ұстаздық жолын таңдап «Амандақ орта мектебі»

КММ- де тарих пәні мұғалімі болып жұмыс істейді. Келіні Диана бастауыш сынып мұғалімі. Бүгінгі күні Нұрсұлу Сұлтанқызы отбасының куанышы - немересі Айғанымның сүйікті әжесі.

Базылбеков Мағжан Жолаушыұлы 1928 жылдың



20 тамызында туған. Балалық шағы қыындықпен, ауыртпалықпен өтеді. Соғыс басталғанда 13 жасқа да толмаған бала тылда темір жолда еңбек өтеді. Майданға сол кезде үшқыш болған үлкен ағасы аттанады. Соғыстан кейін Мағжан педучилищені, Петропавл педагогикалық институтын бітіріп тарих пәнінің мұғалімі мамандығын алады.

Педагогикалық қызметін 1967 жылы Қарашоқ, Ортақшы бастауыш мектептерінің мұғалімі болып бастайды. Бұдан кейінгі жылдары аудандық партия комитетінде партия кабинетінің менгерушісі, одан кейін Қарақоға кешкі мектебінің директоры, Қарақоға орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі болып қызмет істейді. Оқушылары Мағжан Жолаушыұлын: «Біз одан тарих және саясат қайраткерлері жайлы көп жаңа мағлұмат алдық, Ұлы Отан соғысы туралы бұрын белгісіз болып келген көп жайтарға қанық болдық, оқушыларына әке ретінде қарайтын. Ішкі сырымызды бөлісіп, ақыл-кеңес алатынбыз...» - деген жылы сөздермен еске алады.

Базылбеков М.Ж. 1976-1978 жылдары Лебяжье ауылдық кеңесінің төрағасы қызметінде болды. 1978-1988 жылдары Чистовское ауылдық кәсіптік техникалық училищесінің (СПТУ-55) директоры. Зейнеткерлікке шыққанда да оған қайта ашылған Қарттар үйін басқару сеніп тапсырылады. Осы қызметте біраз жылға дейін болды. Бұл қызметтегі міндеттері адамгершілік қасиеттеріне әбден үндес келеді. Сол кездің куәсі болғандар Макен өз қарамағындағыларға ерекше қамқорлықпен қарайтын, үйге шайға шақыратын, моншасына түсіретін, деп еске алады.

Белсенді өмірге қалыптасқан жан өз ісімен ғана шектелген жоқ. Көп жылдар «Ленин туы» газетінің штаттан тыс тілшісі болды, мақалалары «Ленинское знамя», «Путь Ильича» газеттерінде жиі жарияланып тұратын. Ардагер аудандық, ауылдық шараларға шақырылып; мектептерде, кітапханаларда өткен жыындардың белсенді қонағы болатын.

«Шығыста «Сөздер – биікке талпынған адамның жолындағы баспалдактар» деген тамаша дана сез бар. Бала кезімізде осы сез әкеміздің сезі екен деп ойлайтынбыз, себебі үнемі оның аузынан осы сөздердің мағынасын естітінбіз? – дейді естелігінде М.Ж.Базылбековтың қызы Бейбітгүл Мағжанқызы Абильмажинова. - Әкем бала тәрбиесіне, яғни ұлы мен үш қызын тәрбиелеуге немкұрайлы қараған емес. Қалай тәрбиеледі дейсіз фой? Ол бізді жаңындағы жақсы көрді. Үнемі біздің хал-жағдайымызды сұрап отыратын, ал тәрбие жағына келсек, әкем бізді өз ісімен, әрекетімен тәрбиелейтін, әкемізден үлгі алатынбыз.

Әкем біз үшін қорғаушымыз, асқар таудай тірегіміз, мықтылықтың, сенімділіктің бейнесіндей болатын. Мен өз өмірімде әкемдей инабатты, мейірімді, бірақ өз пікірінде тұратын адамды кездестірмеппін. Ол ешқа-

шан бізге өз пікірін күштеп мойындастпайтын, біздің бала қиялымызды бұзбайтын, алайда өзінің дұрыстығына сендеруге тырысатын, ал біз болсақ өзіміздің жақсы жаққа қарай өзгеріп келе жатқанымызды да аңғармай қалатынбыз.

Бәрінен бұрын әкем өмірде болып жатқан барлық жайтарға, адамдардың тағдырларына бей-жай қарамайтын. Ол ез жұмысын беріле сүйді, кез келген іске жауапкершілікпен қарады. Қоғамның бел ортасында жүрді. Біз әкемнің жұмысқа, қоғамдық қызметке, отбасына, туғандарына көніл бөлуге уақыты қалай жететініне танқалатынбыз.

Егер біреу мұңайса, әкем де мұңаятын, айтын, көмек беруге тырысатын. Бірде әкеммен ауруханаға барған едік. Біздің жанымызда бала ерткен екі адам отырған, солардың жолға ақшасы жоқ екен. Мұны естіген әкем өзімізге билетке жететіндей ғана ақша қалдырып, қалғанын сол адамдарға берген еді.

Ол көп адамға көмек қолын созды. Біздің проблемаларымызды да шешуге көмектесті. Үнемі бізге қамкор болатын. Біздің өміріміз, әр күніміз әкемнің назарынан тыс қалған емес. Жетістіктерімізге қуанатын. Үнемі бізді жұмыс істеуге, төзімді, адал, тату, табанды болуға тәрбиелейтін. Өмірдегі дұрыс қадам – жақсылыққа жетелейтін жол сияқты. Ол өмірге қатты құштар болды, бізді де әр нәрсеге сүйіспеншілікпен қарауға үйретті, салауатты өмір салтын ұстанды. Әр адамға қажет, мейірімді, дана сөздерді таба білетін, ол сөздер шынымен де жақсылыққа жетелейтін».

Базылбеков М.Ж. көп жыл адал, мінсіз еңбек еткені үшін «Қазақ ССР-ның білім беру үздігі», «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталып, Ұлы Жеңістің 55 жылдығының күрметіне «Соғыс ардагері» белгісі берілді. Көптеген мерейтой медальдары, Құрмет грамоталары бар тыл еңбеккери.

2016 жылы қайтыс болды.

Баймұқанов Мереке Бұркенұлы 1965 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданындағы Ленин ауылында туған. 1982 жылы Ленин орта мектебін бітіріп, «Қазақстанның 50 жылдығы» атындағы совхозда құрылышы болып жұмыс істеді. 1983-1985 жылдары Кенес әскері қатарында болды.



1985-1990 жылдары Петропавл педагогикалық институтының тарих және филология факультетінде студенті.

1990-1993 жылдары

Петропавл индустримальды-педагогикалық техникумның оқытушысы. 1993-1995 жылдары Солтүстік Қазақстан кеденінің инспекторы. 1995 жылы Қазақстан қарулы күштері қатарына әскери қызметке шақырылды. 1995-1997 жылдары Петропавл қалалық әскери комиссариаттың екінші бөлім бастығының көмекшісі. 1997-1998 жылдары Сергеев аудандық әскери комиссариаттың үшінші бөлім бастығы. 1998-2003 жылдары Петропавл қалалық әскери комиссариаттың бірінші бөлім бастығының аға көмекшісі. 2003-2005 жылдары Есіл аудандық әскери комиссарының орынбасары. 2005-2010 жылдары Аққайың ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлім бастығы (әскери комиссар). 2010 жылы жасына байланысты зейнеткерлікке шықты.

2011 жылдан Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағатында ғылыми құжаттарды пайдалану және жариялау бөлімінің бастығы. Осы қызметте өлкे тарихшыларына зерттеу жұмыстарында мұрағаттың құжаттарын толық пайдалануға көмек көрсетіп, облыстық басылымдарда өлкенің тарихы мәселелеріне арналған мақалалар жариялады.

III дәрежелі «Қазақстан Қарулы Күштеріне мінсіз қызметі үшін», «Қазақстан Қарулы Күштеріне 10 жыл», «Қазақстан Қарулы Күштеріне 20 жыл», «Армия генералы С.К.Нұрмамбетов», «Құрметті ардагер» медальдарымен марапатталған.

Биғожин Қаратай 1936 жылы 20 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданының Айымжан ауылында дүниеге келген.

Әкесі Биғожа сол заманың білімді азаматтарының бірі болған. Ол рабфакты, ауыл шаруашылық мектебін бітіріп мамандық алғып, колхозда агроном қызметін атқарған. 1941 жылдың желтоқсанында көппен бірге Отан қорғауға соғысқа аттанып майданда қаза болады.

Жетім қалған Қаратайдың өсіп-жетілуіне атасы Нұрмұхаммед (лақап аты Тырқай), кішкентайынан қалам ұстасып, жазуды үйреткен анасы Сағынай негізінен қамқоршы болады. Атасының әңгімелерін тыңдауға бала кезінен ерекше әуес болған Қаратай, дарындылығының арқасында естігендерін санасына өмірлік ұмытпайтындей қылыш тоқиды. Атам әсіресе ата-баба шежірелерін терең біліп, тарқатып айтуда шаршамайтын, деп еске алатын ол.

1943 жылы ауылдың мектебінің бірінші сыныбына барған Қаратай Айымжан жетіжүлдіқ мектебін аяқтап аудандағы жалғыз Баян қазақ орта мектебінде окуын жалғастырады. Атасы Нұрмұхаммед дарытып



кеткен өткенге әуестігі жалғасып Қаратай окушы кезінде туған өлкенің ел-жер тарихын үлкендерден сұрастырып, жинай бастайды.

Алайда өмір ағысы оны келесі жылдары Петропавл қаласындағы бухгалтерлік техникумға түсуге мәжбүр етеді. Оны бітіргеннен кейін біраз жыл туған ауылында бухгалтер қызметін атқарады. Осы кезде де шежірелерді зерттеулерімен және деректер жинаумен айналысады.

Есейе келе мақсатына жету үшін Қарағанды педагогикалық институтының тарих факультетіне түсіп, оны үздік бітіреді де, 1965-1966 жылдары тарих пәнінен Булаев ауданындағы Сартомар орта мектебінде сабак береді. 1968-1970 жылдары Жезқазған облысының Ұлытау ауданының Қорғасын орта мектебінде тарих, қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімі болады.

Осы жылдары Қаратай Биғожаұлы ауыз әдебиетінің елде қалған үлгілерін жинап, жазбаша деректенген тарихи мәліметтер мен фактілерді зерделеп, жүйеледі. Республиканың бірқатар басылымдарымен тығыз байланыста болып жинаған мәліметтердің негізінде халықтың ауыз әдебиеті, шежіре мәселелері туралы көлемді де, мағыналы мақалалар жариялап зиялды қауымның көзіне түседі. Қазақ халқының тарихын нақты

фактілермен толтыратын жарияланымдар сол кездегі ғылыми еңбектерге кіріп, Қаратай Биғожинның зерттеуші атын шығарады. Ол Ф.Мұсіреповпен, бірқатар тарихшылармен, әдебиет ғылымының мамандарымен қарым-қатынаста болады.

Соның нәтижесінде және атақты жерлестердің ықпалымен ол 1974 жылдан бастап Қазақ Ғылым Академиясының Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет институтымен тығыз байланыста болып арнайы тапсырмаларымен Ұлытау, Орал, Талдықорған, Шымкент сияқты өлкелердің ауыз әдебиетін, шежіре мәселелерін зерттеп, музейлердің тарихына қатысты көрмелерін ғылыми негізге қоюға, ескерткіштерді сактау, корғау істерін тәртіпке келтіруге еңбектенеді.

Қаратай Биғожин еліміз тәуелсіздік алған жылдары қазақ тарихының ұмытылған, не жабық жатқан беттерін жаңғыруға ісіне белсенді қатысты. Қазақ зиялдарының Толыбай сыншы, Кожаберген жырау, Сегіз сері секілді ұлы тұлғаларды халыққа қайтару мәселе-сіне зор үлес қосты. Олардың ұмытылып бара жатқан туындылары, өмір деректері К. Биғожинның өмір бойы жинаған жеке қорынан табылып, жарияланды. Зиялы қауым, билік өкілдерінің ынтасымен баға жетпейтін шығармалары жарық көріп, мерейтойлары аталаyp өтті.

Осы жылдары республиканың әр басылымдарында Кожаберген жырау өмірі, «Елім-ай» дастаны, басқа шығармалары туралы, Сегіз сері, Үкілі Ыбырай өмір жолдары мен шығармалары, қазақ ауыз әдебиетінің тарихына арналған зерттеулер жарық көреді. Қаратай Биғожин 2002-2003 жылдары «Қазақ батырлары» газетінің тілшісі болып, осы басылымда Керей шежіресін жариялайды.

Өлкенің ұмытылып бара жатқан тарихын қазақ та-

рихына толықтырып енгізу үшін зор еңбек жасаған Қаратай Биғожаұлы өзі тұған Айымжанға да ерекше көңіл бөлді. Ауыл маңындағы ормандардың, көлдердің атalu тарихын зерттеп, жарияладап кетті. Айымжан мектебінің ашылу тарихы да оның еңбектерінің бірі.

Өмірін қазақ тарихын, қазақ ауыз әдебиетін зерттеуге арнаған Қаратай Биғожин 2009 жылы дүниеден өтіп, Айымжан ауылдының зиратына жерленген.

Бестекова Ғафура Сабырқызы 1962 жылы 4 қыркүйекте Қостанай облысының Октябрьское кентінде туған. 1986 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтын физика және математика мұғалімі мамандығы бойынша бітіреді.

Бестекова F.C. өмірінің 35 жылданан астамын өске-лең үрпақты тәрбие-леуге арнады. Осы са-ладағы еңбек жолын 1979 жылы Қостанай облысындағы Шолақаша орта мектебінің аға пионер жетекшісі қызметінен бастады. 1986 жылы педагогикалық институтты бітіргеннен кейін Железнодоро- рожный орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі болған. 1989 – 1992 жылдары Октябрь ауданының Кошевой орта мектебінің ди-ректоры болып істеді. 1992-1993 жылдары



сол ауданның Чкалов селолық Советінің төрайымы қызметінде болды. 1993-1997 жылдары осы ауданның АХАЖ бөлімінің менгерушісі қызметін атқарды.

1998 жылы Петропавл қалалық білім бөлімінің бас маманы қызметіне келеді. Сол жылдан бастап қалада алдыңғылардың бірі болып келе жатқан «№ 4 орта мектеп» КММ директоры. Педагогтер, ата-аналар, оқушылар, директор әріптестері Faufura Сабырқызын талапшыл, әділ және қамқоршы жетекші, әрқашан көмектесуге, ақыл айтуға, үйретуге дайын ақылды, мейірімді және шыншыл адам ретінде құрметтейді. Мектеп облысымызды мықты кәсіби ұжымымен, оқушыларының олимпиадалар мен конкурстардағы жоғары нәтижелерімен, мектебінің әдемі интерьерімен, тазалығы және тәртібімен танымал.

Бөстекова F.C. «Нұр Отан» партиясы мүшесі ретінде қала және облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсендей қатысады. Ардагерлер мен мүгедектерге қамқорлық жасауға көп көңіл бөледі. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде қала және облыстағы білім берудің сапасын жаксарту, мектептер мен балабақшалардың материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша бастамаларды көтеріп отырады. Қала және облыстың даму мәселелерін шешуде үлкен тәжірибе мен жоғары ұйымдастырушылық қабілетке ие.

Faufura Сабырқызының билік органдарындағы жұмыс тәжірибесі де мол. Селолық Советтің төрайымы, Петропавл қалалық мәслихатының II және III шақырылымдарының депутаты болған. 2016 жылғы 20 наурызда облыстық мәслихаттың VI шақырылымының депутаты болып сайланды.

Өскелен ұрпакты оқыту және тәрбиелеу ісінде-гі елеулі жетістіктері үшін «Қазақстан Республикасы Білім беру үздігі» төсбелгісімен, «Қазақстан Кон-

ституциясына 10 жыл», «Білімді дамытуға сіңірген үлесі үшін» медальдарымен, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды. Отбасылы: жұбайы, ұлы бар.

Байдалина Сайран Қабиденқызы 1958 жылы 19

карашада Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданындағы Жарқын ауылында туған. 1982 жылы Петропавлдағы педагогикалық институтын орыс тілі және әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп шығады. Еңбек жолын 1978 жылы Тимирязев ауданындағы «Дмитриев» кеңшарының үшінші бөлімшесінде жұмысшы болып бастайды.



1982-1985 жылдары осы аудандағы Жарқын

сегізжылдық мектебінде орыс тілі мен әдебиет мұғалімі, директорының тәрбие жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. Одан кейін екі жыл Дмитриев кеңшарының комсомол үйімінің хатшысы, төрт жыл аудандық партия комитетінде нұсқаушы-информатор болып істейді. 1991-1995 жылдары Приозерный селолық кеңесін баскарды. 1995 жылы Сайран Қабиденқызы Приозерный селолық округының әкімі болып тағайындалады. Ал 2004 жылдан осы күнге дейін Тимирязев селолық округының әкімі қызметін атқаруда. 20 жылдан артық осындай жауапты қызметте болып, өзінің тәжірибелі және жақсы басшы екендігін көрсетті.

Сайран Қабиденқызы әлеуметтік салаға көп көніл бөліп, жергілікті кәсіпкерлермен тіл табысып, соның нәтижесінде олар мектептерге шаруашылық мәселе-лерін шешуге, мерекелерге арналған іс-шараларды ойдағыдай өткізуге жиі көмектеседі. Округ тұрғында-рының талап-тілектерін де назардан тыс қалдырмай, негізінде олардың дүрыс шешілуіне ықпал жасайды.

Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, Үкімет қаулыларының, облыс және аудан әкімдерінің қаулыларының орындалуына үлкен мән береді.

С.Байдалина көп жылғы мінсіз еңбегі үшін 2002 жылы аудан әкімінің, 2011 жылы облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Сонымен қатар «10 лет Агентства по делам государственной службы» (2008 ж.) төсбелгісінің иегері. 2002 жылы «Селолық округтың үздік әкімі» атағын алған. Ауданың әлеуметтік, экономикалық дамуына қомақты үлес қосқаны үшін «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медальмен марапатталған.

Ғалиев Жақсықелді Мұхжанұлы. Бар өмірін жас үрпаққа терең, сапалы білім, саналы тәрбие беруге арнаған, кезінде Бескөл орта мектебі жанынан алғаш қазақ сыныптарын ашып, тәуелсіз Қазақстанның Қызылжар ауданындағы тұнғыш ұлттық мектебінің ірге тасын қалаған, мектепке білікті ұстаздар тартып, оқушылар жинап, ата-аналарды балаларын ана тілінде оқытуға, ұлттық тәрбие беруге насиҳаттаған, оқытудың материалдық-техникалық базасын, бағдарла-масын қамтамасыз етіп, толыққанды бастауыш қазақ сыныптарын қалыптастыра алған, Бескөл мектеп-гим-назиясы директорының оқу-тәрбие бойынша орынба-сары, жоғары санатты физика пәні мұғалімі, дарынды басшы, армандарына жете алмай, кенеттен, 51 жасын-



да өмірден озған Жақсыкелді Мұхжанұлы Фалиев 1946 жылы Омбы облысы Москален ауданының Тұмба ауылында көпбала-лы отбасында дүниеге келген. Әкесі Мұхжан Ұлы Отан соғысына қатысип, Ұлы Жеңісті Берлин қаласында қарсы алған соғыс және еңбек ардагері еді. Анасы Балқұміс өте көрікті, балажан, сабырлы,

әuletіне қадірлі жан болыпты. Ата-аналарының мейірімділігі, парасаттылығы, еңбекқорлығы балалары мен ұрпағына дарығанын ел-жұртты айттып жүреді.

Ауылдағы бастауыш сыныпты, кейін Новоцаризино орта мектебін үздік оқып тәмамдаған ол, 1966 жылы Петропавл педагогикалық институтына окуға түседі. Мектепте оқыған кезінен-ақ оның ұстаздық жұмысқа бейімділігі байқалады. Мектеп жаңындағы интернат балаларының окуы мен тәртібі үшін жауапкершілікті тәрбиешілермен бірдей бөліседі. Институтта да жақсы окуымен көзге түсіп, жалпыинституттық кәсіподак ұйымына басшылық етеді. Осында жүргенде бірнеше жыл студенттердің құрылышын отрядтарының командирі болып, өзінің басқарушылық қабілетін көрсетіп жүретін.

1970 жылы Мамлют орта мектебіне физика пәнінің мұғалімі лауазымы бойынша жұмыс істеуге жолдама алады. 1971 жылы оқушылары облыстық физикадан пәндік олимпиаданың жеңімпазы болып облыстық

білім бөлімінің басшысы В.Сакунның қолынан Құрмет грамотасын алған болатын. Сол жылы әскерге алынып, бір жыл Отан алдындағы борышын Үшарал шекара гарнизонында өтеген еді. Әскери және саяси дайындықтағы жетістіктері үшін Алакөл аудандық комсомол комитетінің грамотасымен мәрапатталыпты. Ата-анасының қалауымен 1973 жылы Омбы облысының Москален ауданының Шевченко орта мектебіне жұмысқа ауысады. 1975 жылы Омбы облыстық атқару комитеті мен облыстық кәсіподақ комитетінің қаулысымен «1975 жылдың социалистік жарыс жеңімпазы» атағы мен төсбелгісіне ие болды. 1976 жылы аудан басшылығы жас ұстаздың еңбеккорлығы мен білімін, қабілеті мен біліктілігін ескеріп, оны көрші Родная Долина орта мектебіне директор етіп тағайындейді. Бұл өте күрделі оқу орны еді. Халқы толығымен баптизм дініндегі неміс жұртынан тұратын елде сол кездегі саясат ұстанымы бойынша атеистік бағытта жұмыстар атқару керек болды. Осы мектепте жұмыс істей жүріп Омбы, Новосібір қалаларындағы университеттерде білімін жетілдірді. 1978 жылы Қазақстанға қайта оралып, Шаховское орта мектебінде директордың оқу-тәрбие бойынша орынбасары, мектеп директоры болып қызмет істеді. Ол жылдары білім сапасымен бірге окушылардың еңбек бригадасының жұмысын жоғары деңгейге көтерді.

Жақсылықтада Мұхжанұлы бала оқытуды, физикасы мен астрономиясын бәрінен де жоғары қоятын. Өзінің сабак беру шеберлігін шындалап, әдістемелер ойластырып, үнемі ізденісте жүретін. Ол 1983 жылдан Андреев орта мектебінде физика пәні мұғалімі болып 11 жыл жемісті еңбек етті. Мектептегі барлық окушылар оның өзін де, оқытқан пәнін де керемет жақсы көретін. Оның кабинетінде окушылар тек қызығушылықпен,

ынтамен оқитындары сондай, тәртіп бұзу, шулау, не бірденені бүлдіру дегенді білмейтін. Мектеп бітіргенде көбі физика пәні мұғалімі мамандығын таңдайтын. Олардың ішінде өзінің қызы Аягөз бен ұлдары Қайрат, Азамат та бар.

1991жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде біліктілігін көтеріп келді. Курстағылардың алдында физиканы оқыту әдістері жайлы баяндамасын оқып, курс жетекшісі доцент А.А.Склянкиннің жоғары бағасына ие болды. Өмірінің соңғы жылдары Бескөл орта мектебінде физика пәні мұғалімі, директордың оқу-тәрбие бойынша орынбасары, аудандық білім бөлімінің әдіскері, аудандық физика пәні әдістемелік бірлестігінің жетекшісі болып жан аямай жұмыс істеді. Жақсыкелді Мұқжанұлы ел тәуелсіздігін қуана қарсы алғып, Қазақстанның болашағының қазақ тілінде екенін, қазақ мектептерінің көптеп ашылуы қажеттігін жан дүниесімен түсінген және осы мақсатқа жетуге үлес қосуды армандаған азамат болатын. Қазақ сыныптарының шығанашыры еді.

Сонау 90-жылдары Бескөл ауылдының бар ұлтжанды, зиялды қауымы, барлық ата-аналар бастауыш қазақ сыныптарының әр басқан қадамына қуанып, қолдау жасайтын. Жақсыкелді Мұқжанұлының басқаруымен халықтың рухын көтеретін Наурыз мерекесі, Айт мерекесі, Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерейтойы, Ысқақова Манап Қабдөшқызының 10 жылдық шығармашылық кеші, Отбасылар сайыстары, т.б. іс-шаралар жыл бойы өтіп тұратын. Көзі тірі болса, 70 жасқа толып, армандаған қазақ тілінде білім беретін «Парасат» мектеп-лицейінің жетістіктеріне қуанып, төбесі көкке жетіп, марқайып отырар еді. Өзі де білім беру саласында біраз жетістіктерге жетер ме еді?

Жақсыкелді Мұхжанұлы жас кезінен білімге құштар,

өз ісінің майталманы, адамгершілігі мол, шәкірттерінің сүйікті мұғалімі, әріптестерінің құрметіне бөленген, еліне елеулі, халқына қалаулы, асқар таудай әке, қамқор бауыр, адал дос болатын. Ауданымызда Кенес кезеңінде КР Білім беру министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталғандардың бірі, алғаш жоғары біліктілік санатын алған ұстаз да еді. Еңбегі еленіп, облыстық, аудандық білім бөлімдерінің грамоталарымен, алғыс хаттарымен де марапатталған. 1996 жылы Павлодар қаласында өткен ғылыми конференцияға катысып, Қазақстан Республикасының жаңа білім беру тұжырымдамасы мазмұнына келелі ұсынystарын да косқан болатын.

Қазіргі таңда оның өмірлік серігі, әріптесі, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері Ботагөз Жағыпарқызы, қызы, ұлдары, күйеу баласы, келіндері, немерелері, ол армандағандай, оған лайықты өмір сүріп келеді. Тұнғышы Аягөз физика-математика пәндері мұғалімі, Астана қаласының 71 мектеп-лицейінде директордың оку-тәрбие бойынша орынбасары, Жанкелді инженер-құрылышы, Қайрат физика-математика ғылымдарының кандидаты, Азамат инженер-бағдарламашы, күйеу баласы Ермек әскери адам, подполковник, келіндері: Шынар телекоммуникация саласының инженері, әрі экономист, Нұргұл физика-математика ғылымдарының кандидаты, Анар экономист және бағдарламашы, немересі Зарина Назарбаев университетінде, немересі Алихан аграрлық университетте оқиды, Әділ, Әзіз, Әзім, Шыңғысхандар мектеп оқушылары.

Етекбаев Аманжол Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Октябрь, қазіргі Шал ақын ауданындағы Жаңаталап ауылында 1941 жылы ақпан айының



23 жүлдізында дүниеге келген. Әкесі Етекбай 1942 жылы Октябрь аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге алынып, бірден соғысқа жіберіледі. Қара теніз бағытындағы майдан шебінің бірінен шайқасқа кіргелі отырғаны жөнінде бір-ақ рет хат келеді. Содан хабарсыз кеткен. Артында бір жастағы Аманжол Кәмәли атасымен, Мұслима шешесімен, Жібек апасымен қалады. Олар тұрмыс тауқыметінің

қыншылықтарын бастаң кеше отырып, ұзақ жылдар бойы Етекбайды күтуден күдерлерін үзбейді.

Аманжол оқу жасына жеткен соң Жаңаталап бастауыш мектебін бітіріп, көрші Жаңажол ауылындағы сегізжылдық мектепке оқуға барады. Мектептен кейін 1957 жылы Семиполка кеңшарында үйымдастырылған тракторшылар даярлау курсын оқып бітіреді. Ауылда біраз жыл тракторшы болып еңбек етеді. Бұдан кейін жүргізуілік мамандығын алғып, «Бұлақ» мал бордақылау кеңшарында жүргізуі, автомеханик, машина-трактор жөндеу шеберханасының менгерушісі қызметтерін атқарады.

Алпысыншы жылдары шаруашылықтарда комсомол-жастар бригадаларын үйымдастыру кең өріс алған болатын. 1967 жылы Аманжол Етекбаев өзі бас болып, Жаңаталап ауылында комсомол-жастар трактор-егіс

бригадасы ұйымдастырылады. Оны ұзақ жылдар бойы өзі басқарады. Бригада алғашқы жылдан бастап-ақ екпінді еңбек етіп, өздеріне бөлінген жерді уақытында өндеп, астық молшылығын жасауға белсене атсалысады. Жыл сайын ырыс молшылығын жасауда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, шаруашылықта ғана емес, аудан бойынша алғы шептен көрінеді. Соңғы жылдары ең үздік көрсеткіштерімен облыстағы таңдаулы комсо-мол-жастар бригадасының қатарына қосылады. Сол еңбектегі ерен жетістігі үшін Аманжол Етекбаев «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталады. Қатарымен төрт жыл социалистік жарыстың жеңімпазы атанды. «Еңбектегі ерлігі үшін» және басқа да бірнеше медальді төсіне қадады. Бригада қол жеткізген жоғары жетістіктері үшін жеңіл автокөлікті сыйға алды.

Аманжол Етекбаев еңбек ете жүріп жоғары білім алушы да ойынан шығармайды. Алдымен Покровка ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түсіп, зоотехник мамандығын алғып шығады. Кейін Қостанай ауыл шаруашылығы институтын зоотехник-инженер мамандығы бойынша бітіреді. Қатарынан бес жыл бойы Жаңажол халық депутаттары атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. Жаңажол, Жаңаталап ауылдарында бөлімше менгерушісі болып қызмет істейді. Сергеевка мал бордақлау мамандандырылған шаруашылық бірлестігінде бас зоотехник, осы кеңшардың партия комитетінің хатшысы қызметтерін абыраймен бірнеше жыл атқарды. 1994 жылдан бері балаларымен бірге «Тілеу» шаруа қожалығын ұйымдастырып, мал өсіру шаруашылығымен айналысада.

Есенеев Алексей Жұмашұлы 1965 жылы 18 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев (қазіргі Шал ақын) ауданындағы Неждановка селосында туған.



1982 жылы Сухорабовка орта мектебін бітірген. 1983-1985 жылдары Қарулы Күштер қатарында болып, взвод командирі қызметінен елге оралады. Петропавл қаласындағы педагогикалық училищені тәмамдап туған ауданына жолдама алады. 1986-1996 жылдары Белоглинка негізгі мектебінде еңбек пәнінің мұғалімі болып істейді. 1996 жылы Сергеевкаға қо-

ныс аударып, Е.Шайкин атындағы мектепке алғашқы әскери дайындық пәнінен сабак береді. Бұл күндері Алексей Жұмашұлынан тәрбие алған шәкірттері республиканың көптеген өнірлерінде қызмет атқаруда. Олардың біразы ірі бөлімшелерді басқарады, полковникитер.

А.Есенеев әскери шеберлікке жасөспірімдерді ғана үйретпейді, өзі де білімін көтереді. 2001-2006 жылдары Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде оқып, «начальная военная и физическая подготовка» мамандығын алғып шығады. Алғашқы әскери дайындықтың жоғары санаттағы мұғалімі. Көптеген грамоталар мен Алғыс хаттардың иегері.

2011 жылдан гуманитарлық-техникалық колледже еңбек етуде. Бұл оку орны әскери-қолданбалы көп сыйысынан үш жыл қатарынан облыста бірінші және екін-

ші орындарды жеңіп алды. Оның «Профессиональная школа» журналында жарияланған «Организационные формы военно-патриотического воспитания учащихся» атты мақаласы оқырмандардың қызығушылығын тудырып, оң бағасын алды.

2014 жылдың қорытындысы бойынша А.Есенеев гуманитарлық-техникалық комплекстің ең үздік оқытушысы деп танылды. Оның іс-тәжірибесі таратылып, оқу-әдістемелік құралы облыста тандаулылар қатарында.

Есентаев Жасұлан Құзакбайұлы 1961 жылы Солтүстік Қазақстан облысының, қазіргі F.Мұсірепов ауданындағы Мұқыр селосында туған. 1977 жылы орта мектепті бітіріп Шағлы совхоз техникумының «ауылшаруашылығы өндірісін және машина-трактор паркін механизациялау» бөлімінде оқып, техник-механик мамандығын алғып шықты. Техникумды бітіргеннен кейін әскер қатарына алынғанша Көкшетау облысындағы Куйбышев ауданының жөндеу-механикалық зауытында слесарь болып істейді.

1981 жылы Жасұлан Құзакбайұлы Қарулы Күштер қатарына алынып, Читадағы танк полкінде қызметтін атқарған соң Монгол Халық Республикасына танк полкіне жіберіледі. Рота старшинасы шенінде елге оралады. Куйбышев елді мекеніндегі кәсіптік-техникалық училищеге мастер болып орналасады. 1996 жылы аға мастер, ал 1998 жылы Куйбышев ПТУ-17-ге директор болып тағайындалады. Бұл қызметті ол тоғыз жыл атқарады.

2004 жылы отбасымен Петропавл қаласына қоныс аударады. Жасұлан Құзакбайұлы гуманитарлық-техникалық колледжіне мастер болып қабылданады. Көп ұзамай ол техникалық бөлімінің менгерушілі-



гіне тағайындалады, ал 2013 жылдан гуманитарлық-техникалық колледж директорының практика жөніндегі орынбасары.

Жасұлан Құзакбайұлы – үлгілі отбасы. Ол жұбайы, Қазақстанның Құрметті журналисті Сәуле Бергенқызымен бақытты өмір сүруде. Екеуі екі бала тәрбиелеп өсірді. Мадинасы Астана қаласындағы медицина академиясын ойдағыдай бітіріп, қазіргі уақытта бала дәрігері болып еңбек етуде. Сәбиті – М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің түлегі, «Қазақтелекомда» байланыс жүйесінің инженері қызметін атқаруда.

Ж.К.Есентаев Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, облыстық, аудандық білім басқармаларының Құрмет грамоталарымен бірнеше рет марапатталған.

Есполова Құлмайдан Есполқызы 1926 жылы Көкшетау облысы Айыртау ауданы Ақан сері әнге қосқан Сырымбет тауының бауырында кедей–шаруа отбасында дүниеге келді.

Сегіз жасқа келген соң 1934 жылы Қазгородок орта мектебінің бірінші сыныбына оқуға түсіп, сол мектептің оныншы сыныбын Ұлы Отан соғысының ауыр кезеңдерінде 1944 жылы бітірді.

Отан қорғауға аттанған әке, ағаларының орнын



жоқтатпай, Күлмайдан Есполқызы 1944 жылы туған мектебінде бастауыш кластың мұғалімі болып жұмыс істейді. Алған орта біліміне қанағаттанбаған ол Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталған соң, 1946 жылы Қазақстанның әсем астанасы Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік қыздар институтының тіл және әдебиет факультетіне окуга түседі. 1950 жылы сол оку орнын жақсы бағамен бітіріп шығады.

Институтты бітіргеннен кейін Қаз. КСР Оку – ағарту Министрлігінің жолдамасымен Солтүстік Қазақстан облысына жұмысқа жіберіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының оку бөлімі Күлмайдан Есполқызын Петропавл қаласындағы № 5 қазақ орта мектебінің тіл және әдебиет пәнінің мұғалімі етіп тағайындауды.

Күлмайдан Есполқызы одақ кезінде жұмыс істеді. Совет мұғалімі – балалар мен жасөспірімдер үшін жоғары коммунистік идеялық пен адамгершіліктің, істі адаптациялық өнегесі, окушылардың өмірге көзқарасын қалыптастыру, оку мен еңбекке деген қабілеті мен белсенеңділігін арттыруға негізгі бағыт беруші тұлға. Сондықтан да халық мұғалімдерді қадірлейді де, құрмет тұтады.

30 жылдан астам уақыт осы құрметті атақты Қ. Есполова абыраймен атқарды, жас үрпақты тәрбиелеуде олар-

дың терең білімді болып өсулеріне көп еңбек сінірді. Өз пәнін жете менгеріп, жасөспірімдерді тіл ғылымының негіздерімен сусындағы, саналылыққа, әдептілікке үйретті. Оның шәкірттері бүгіндері атуан түрлі мамандық иелері.

1950 жылдан 1981 жылға дейін 30 жылдан астам уақыт № 2 облыстық «Дарын» мектеп – гимназиясында ұстаздық етті. Бүкіл саналы ғұмырын ол үрпақ тәрбиесіне арнады.

Мектеп ұжымы және әкімшілік Күлмайдан Есполқызын жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу еңбегін жоғары бағалап, оны 1953 жылы, 1955 жылы, 1957 жылы, 1967 жылы шақыруда Солтүстік Қазақстан облыстық Женесінің депутаты етіп сайлады. Он жылға жуық халық қызметшісі болып жұмыс істеді.

Алты жыл облыстық соттың заседателі болды.

Күлмайдан Есполқызы «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Ұлы Отан соғысы Женесінің қырық жылдығы», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Женесінің елу жылдығы», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Женесінің алпыс жылдығы» медальдарымен марапатталды.

1999 жылы оған «1941-1945 жылдардағы соғыс ардагері» Белгісі тапсырылды.

Бірнеше рет облыстық оқу бөлімі мен облыстық кәсіподағының мақтау грамотасымен марапатталды. Мектеп әкімшілігі бірнеше дүркін ауызша және жазбаша алғыс жариялады.

1981 жылы Есполова Күлмайдан Есполқызы құрметті демалысқа шықты.

Бүгінгі күнде алдынан үшқан түлектері еліміздің көптеген білім ордаларында және басқа да салаларда қызмет істейді.

Оның бойында басқалар үлгі тұтатын ізгі қасиеттер мол болатын. Қайырымдылық, қарапайымдылық, білімділік, сабырлық бұл кісіге тән еді. Зейнетке шыкқаннан кейін де отбасы ұйтқысы, жастардың ақылшысы болды. Өз балаларына сабырлы да ақылгөй мінездерімен өнеге беріп, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге шақырып отырды.

Күлмайдан Есполқызы 1950 жылы Атығаев Мінайдар Қасқиұлымен бас қосып, отау көтерді. Отагасымен 16 жыл тату-тәтті өмір сүрген олар төрт баланың ата-анасы атанды. Өкінішке орай, 1966 жылы 18 сәуірде мемлекеттік қызметтің заң саласында еңбек еткен жан жары Мінайдар Қасқиұлы қенеттен дүниеден озады. Жасынан әділдікті өмірлік ұстанымы еткен ол Петропавл ауданының тергеушісі, Петропавл қаласы прокурорының көмекшісі қызметтерін атқарған.

Ұрпак тәрбиесіне бүкіл саналы ғұмырын арнаған ардақты ұстаз балаларына ерте кеткен әкесін жоқтатпай, төрт баласын өзі жеткізді. Ананың ізгі жолын жалғастыра отырып, қызы мен ұлы бүтінгі күнде өмірлерін жас ұрпакты тәрбиелеп, оқыту ісіне арнауда. Үлкен қызы Клара Мінайдарқызы 40 жылдан астам М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде жұмыс істеп келе жатыр. Ол – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. 16 жыл кафедраларды басқарды, 2003 жылы тарих – филология факультетін басқарды. 1998 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру үздігі» төсбелгісіне ие болды. 2008 жылы облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Кейінгі қызы – Сара Мінайдарқызы көп жылдар Облпотребсоюзда кітап саудасы бөлімінің бастығы болды, «Отличник потребительской кооперации» төсбелгісін иеленді. Ұлы Болат – бірінші са-

натты мұғалім, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Кіші қызы Сәуле Мінайдарқызы Қарағанды қаласында бизнеспен айналысады.



Ескендеров Зият Жансерікұлы 1953 жылы б шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданындағы Боголюбово селосында туған. Облыстық қазақ мектеп-интернатын бітіріп, Петропавл қаласындағы К.Ушинский атындағы педагогикалық институтқа окуға түседі. 1975 жылы химия-биология мамандығын алып, Возвышен ауданындағы Алуа сегізжылдық мектебіне директор болып тағайындалады. Бес

жылдан кейін Ұзынкөл орта мектебіне директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып ауысады. 1980 жылы Есіл ауданындағы Ивано-Петровка селосындағы сегізжылдық мектепті басқаруға жібереді. Петропавл қаласындағы қазіргі Әбу Досмұхамбетов атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-гимназиясында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарады, сонымен қатар химия және биология пәндерінен сабак береді.

2000-2008 жылдары Тимирязев ауданындағы Белоградов орта мектебінде директордың орынбасары бо-

лып істейді. 2008 жылдан бастап Тимирязев ауданындағы қазақ мектеп-интернатында химия және биология пәнінің мұғалімі болып еңбек етуде.

Зият Жансерікұлының қырық жылдан астам тыныссыз да жемісті еңбегі лайықты бағасын алды. Ол «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», «Ы.Алтынсарин» төсбелгілерінің иегері, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің, Солтүстік Қазақстан облыстық білім басқармасының, аудандық оқу бөлімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Оның ұстаздық жұмыс тәжірибесі және шығармашылық портреті білім беру саласындағы «Лучшие люди» халықаралық энциклопедиясында жарайқ көрген.

Жылқайдарова Кенже Қадырқызы 1952 жылы 1



қаңтарда Қарағанды облысы, Жаңа-Арқа ауданының 189 разъезінде теміржолшының отбасында дүниеге келген. 1969 жылы Жаңа-Арқа кентінде С.Сейфуллин атындағы мектеп-интернатында оқып, оны өте жақсы аяқтаған соң, Қарағанды мемлекеттік университетінің математика факультетіне окуға түседі. 1972 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданындағы Ақсу ауылының тумасы

Жылқайдаров Әшім Қабдөшұлымен отбасын құрған Кенже Қадырқызын 1973 жылы Солтүстік өңірге жұмысқа жібереді.

1973-1981 жылдары Ақсу сегізжылдық мектебінде математика пәнінің мұғалімі, 1981-1985 жылдары Жаңасу бастауыш мектебінің менгерушісі болып еңбек етеді. 1979 жылы үш ауылдың басы біріктіріліп «Еңбек» кеңшары ашылғаннан кейін, орталығы Жаңасу ауылында 1986 жылы жаңадан мектеп ғимараты салынып, онжылдық мектеп ашылады. Кенже Қадырқызы осы мектепте (1986-2006 ж.ж.) табаны күректей 20 жыл бойы математика пәнінің мұғалімі, әрі оку-тәрбие ісінің менгерушісі қызметін атқарды. 2005 жылы құрметті зейнет демалысына шықса да жас жеткіншектерге білім, тәрбие беруді тоқтатпады. Өніріміздің орталығы Петропавл қаласына көшіп келгеннен кейін де жұмысын жалғастырды.

2006-2014 жылдары облысымыздың Ә.Досмұхамбетов атындағы дарынды балаларға арналған гимназияда математика пәнінен сабак берді. Жоғары санатты маман – 40 жылдан артық еңбек өтілі бар Кенже Қадырқызының алдынан оқып шыққан шәкірттерінің жетістіктері де жетерлік.

Кенже Қадырқызы математика пәні бойынша үйірме жұмыстарын ұйымдастырумен қатар, факультативтік сабактар өткізіп отырды. Мектептің ішкі және одан тыс жұмыстарының орындалуына мүқияттылықпен қарап, қатты бақылауына алатын. Мектепте барлық кәсіби және мемлекеттік мерекелер жоғары деңгейде аталаған өтетін. Әрине бұл іс-шаралардың барлығы дерлік оқушылар мен олардың ата-аналарының өтпейтін. Оқушыларға мамандық таңдай білуде де дұрыс бағыт көрсете біletін.

Кенже Қадырқызының бала тәрбиесі және оларға

білім берудегі еңбектері аудан, облыс оку бөлімдері тарапынан, әкімшіліктен мақтау қағаздар, дипломдар және сыйлықтармен бағаланды. 5-8 сыныптар арасындағы математика пәнінен өткен халықаралық олимпиада Дипломының иегері.

Кенже Қадырқызы тек жұмыс басты болып қоймай, отбасына да көп көңіл бөле білді. Дүниеге бала әкеліп, оларға да аналық қамқорлығын жасап, жақсы тәлім-тәрбие беруінің нәтижесінде «Алтын Алқа» иегері атанды. Жолдасы Әшім екеуі балаларының барлығына жоғары білім алуларына жағдай жасады. Бүгіндері олар әр салада қызметтерін абыроймен атқарудар.

Жақыпов Қалым Мәлікұлы 1947 жылы 5 тамызда



Шал ақын ауданының Ақсу ауылында дүниеге келген. 1963 жылы Ленин орта мектебін тәмамдағаннан кейін, жұмысқа араласты. Өзінің туған ауылында механизатор болып еңбек жолын бастады. 1966 жылы Покровка ауыл шаруашылық техникумына окуға түсіп, 1969 жылы оны ойдағыдан аяқтағаннан кейін, өз ауылында бөлімше агрономы қызметін атқарды. 1979 жылы жаңадан құрылған «Еңбек» кеңшарында да осы қызметте болды.

1980 жылды осы кеңшардың бас агрономы болып тағайындалды. Қандай жұмыс атқарса да, қай салада қызмет істесе де Қалым Мәлікұлы өзінің үй-ымдастыруышылық қабілетін қөрсете біletін. Ақсу ауылның іс-шараларына белсене араласатын. Ауылдың көркем-өнерпаздар үйірмесіне жетекшілік етіп, оны облыс, қала берді Республикаға да танымал ету үшін үлкен үлес қосты. Республикалық байқауларда жүлделі орынға ие болып жүрді.

1985 жылды Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 40 жылдық мерекесіне орай Ақсу ауылның орталында үлкен мемориалды кешен орнатуға белсене кірісті. Қалым Мәлікұлының үй-ымдастыруымен 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында шейіт болған Ақсу азаматтарына ескерткіш орнатылды. 1995 жылды елге аман-есен оралып, кейін қайтыс болған әке-аталарымызға тағзым етіп жүруге, кейінгі ұрпаққа аманат ретінде ескерткіш орнатуға да өз үлесін қосты. Ол кезде Қалым Мәлікұлы «Еңбек» кеңшарының директоры болатын, әрі соңғы директоры еді. Кейін кеңшарлар таратылып, елдін егістік жерлері инвесторларға берілген болатын, сөйтеп тұрса да ол ауылның деген ілтиратын, сүйіспеншілігін ұмытқан емес. Ауылдағы мешіттің ашылуына, 1937-1938 жылдарда құрбан болған ер-азаматтардың рухына арналған ескерткіштің ашылуына да көп көмегі тиді. Жолдасы Нұрсұлу екеуді 2 ұл, 3 қызды дүниеге әкеліп, олардан 6 немере сүйді. Қалым Мәлікұлы қамшының сабындағы қысқа болған ғұмырында елінің қадірлі азаматтарының бірі болатын. Оның есімін ауыл тұрғындары күні бүгінге дейін ерекше құрметпен еске алып отырады.

Жолдаяқова Мамиля Әубәкірқызы 1949 жылы



8 тамызда Солтүстік Қазақстан облысы, Совет (қазіргі Аққайын) ауданы, Смирново селосында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін Целиноград медициналық институтына окуға түседі. 1975 жылы жоғары білім алып облыстық аурухананың терапевтік бөлімшесінде интернатурадан өтеді. Жолдамамен Солтүстік Қазақстан облысы,

Мәскеу ауданындағы Корнеевка селосындағы ауруханаға қызметкес орналасады. 1986-1991 жылдары Совет ауданының Смирново селосындағы қария адамдардың интернат үйінде бас дәрігер болып істейді. Осы жылдары жеткен үлкен жетістіктері үшін бірнеше Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталды. Ұжымда үлкен бедел мен құрметке ие болады.

Отбасы жағдайына байланысты Жолдаяқовтар Мәскеу ауданындағы Волошинка селосына қоныс аударады. Осы елді мекендегі ауылдық дәрігерлік амбулаторияда ол 1991-2005 жылдары участекелік дәрігер қызметін атқарады. Кейін ол Есіл ауданының орталығы Явлена селосына қоныс аударып, аудандық аурухана-да терапевт-дәрігер болып істейді.

М.Жолдаяқова қай жерде еңбек етпесін бәрінде де өз ісінің шебері ретінде, емделушілерге деген зор ықы-

ласымен, кәсіптік шеберлігімен көпшіліктің алғысына бөленді. Бір сөзben айтқанда, ол дәрігер деген жоғары атақты абыраймен ақтай алды.

Мамиля Әубекірқызы өз отбасын мақтаныш етеді. Оның жұбайы Кенесары Қасымұлы – инженер-құрылышы. Екеуі екі ұлды тәрбиелеп өсірді. Қазіргі уақытта Мамиля Әубекірқызы құрметті демалыста. Соған қарамастан қоғамдық жұмысқа белсенді қатысады. Ол аудандық Мәдениет үйі жанынан құрылған «Алтыным» атты вокалдық топтың мүшесі.

Жұсыпова Алтынай Таласпайқызы 1959 жылы



25 наурызда Солтүстік Қазақстан облысының Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы Жамбыл ауылында дүниеге келген. 1976 жылы осы аудандағы Заградов орта мектебін бітіріп Ушинский атындағы Петропавл педагогикалық институтына оқуға түседі. 1980 жылы аталған оқуорның тәмамдалап, орта мектептердің математика пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады. Еңбек жолын Горнов бастауыш мектебінде бастауыш сый-

ныптардың мұғалімдігінен бастайды. Ал 1981-1986 жылдары Карабалов мектебінде директордың орынбасары және математика пәнінің мұғалімі болып істейді.

Осы қызметтен Москва аудандық оқу бөліміне инспектор болып ауысады. 1989 жылдан 1991 жылға дейін КПСС тарағанға дейін алдымен Москва аудандық партия комитетінде нұсқаушы, кейін үтіг және насиҳат бөлімі менгерушісінің орынбасары қызметін атқарады. Бұдан кейін екі жыл аудандық халықтық жинақ банкі басшысының орынбасары болды. 1993 жылдан Москва ауданы тарағанға дейін аудандық оқу бөлімін басқарды. Осы қызметтен облыстық білім департаментінің мектеп бөлімінің бас мамандығына ауыстырылды. 2000-2004 жылдары Қызылжар ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары болып істеді. Бұдан кейін облыстық білім департаменті басшысының бірінші орынбасары, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментінде жауапты қызметтер атқарады. 2005 жылдың қаңтарынан күні бүгінге дейін яғни 11 жыл облыстық мәдениет, мұрағаттар мен құжаттамалар басқармасында мұрағаттар мен құжаттамалар бөлімін басқарады.

Алтынай Таласпайқызы 36 жыл әртүрлі мемлекеттік қызметтерді атқарғанда үлкен беделге, зор құрметке ие болды. Аудандық мұрағаттардың директорларына, облыстық ұйымдар мен кәсіпорын басшыларына консультативті және әдістемелік көмек көрсетіп отырады. Үш жылдан астам М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы колледждің аттестациялық комиссиясын басқарды. Оның көп жылғы еңбекте қол жеткізген жетістіктері «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медальдарымен, облыс әкімінің, Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Құрмет грамоталарымен атап өтілді. «Мәдениет қайраткері» атағының иегері.

Жолдыбаев Бахытжан Жұмабайұлы



1945 жылы қыркүйектің 27 жүлдөзында Омбы облысы Есілкөл ауданы Жаңаауыл елінде дүниеге келген. 1964 жылы Қызылту ауданы Кішкенекөл орта мектебін ойдағыдай бітіріп, сол жылы әскери міндеттін атқаруға аттанған. Әскер қатарынан келген соң қатардағы сату жөніндегі қызметтерден, инженерлікке дейін көтерілген. 1970

жылы «Сельхозхимия» автошаруашылығында бас экономист болып істеген. 1986 жылдан бастап мемлекеттік қызметке – қаржы бөліміне ауысты. Еселі еңбек ете отырып 1978 жылы Көкшетау автомеханикалық техникумді, 2004 жылы Алматы экономика және статистика академиясының Көкшетау филиалын бітірген.

Бахытжан Жұмабайұлы қызметте де, түрмиста да беделді, ақылгөй ақсақал. Тарихты, шежірені жақсы біледі. Ата салтымыздың асыл мұра, алтын қазынасын жалпы көшшілікке, кейінгі жас үрпаққа насиҳаттап, жоғары дengейге көтеруге атсалысады. Отбасында жан жолдасы Қорлан Шаймуханқызымен бес ұл, 8 немере тәрбиелеп отырған азамат.

Жұнысов Нұртас Нәбиұлы 1946 жылы 24 желтоқсанда Омбы облысы, Есілкөл ауданы, Новотасан село-сында өмірге келген. 1959 жылы осы селоның барша



тұрғыны Солтүстік Қазақстандағы Черкасское селосына қоныс аударады. Әкесі Нәби Ұлы Отан соғысының ардагері, қазақ тілінің мұғалімі болып орналасады, ал анасы Шапен балаларын тәрбиелеумен айналысады. Тоғыз баланың ішінде үлкені Нұртас болады. Бұл отбасының балалары бәрі де жоғары білім алыш, Отан игілігіне еңбек етуде. Черкас орта мектебін бітіргеннен кейін Нұртас Петропавл-

дың механизация техникумының «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыш» бөліміне оқуға түседі. Оқуды тәмамдағаннан кейін жолдамамен Ақтөбе облысына барып, қой өсіру шаруашылығымен айналысатын кеңшарда мастер болып істейді.

1969 жылы Нұртас Нәбиұлы мамандығын ауыстырмақ болып Түмен ауылшаруашылық институтына түсіп «Фалым-зоотехник» дипломын алыш шығады. 1974 жылдан «Черкасский» кеңшарында еңбек етуде. Екі жылдан кейін «Полтавский» кеңшарына бас зоотехник болып тағайындалады. Мұнда ол жалпы қоғамдағы және ауылшаруашылығындағы реформалардың қылындығын көрсе де 2012 жылға дейін жұмыс істейді.

Нұртас Нәбиұлы ауылшаруашылығындағы көп жылғы жемісті еңбегі үшін бірнеше мәрте Құрмет грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен марапаттал-

ды. Мәскеудегі Бүкілодақтық халықшаруашылығы көрмесіне барған. Облыс әкімінің, Аққайың ауданы әкімінің Құрмет грамоталарының, аудандық ауылшаруашылық басқармасының Алғыс хатының иегері. 2009 жылы құрметті демалысқа шыққанда оған «Полтавское» жауапкершілігі шектеулі серіктестік әкімшілігі «Жигули» жеңіл машинасын сыйлаған болатын.

2013 жылы Аққайың ауданының 85 жылдығы тойланғанда Н.Жұнысов мерекелік медальді иеленді. Құрметті демалыста болса да ол Полтава селолық округінің қоғамдық жұмысына белсенді қатысады. «Полтавское» ЖШС қәсіподақ комитетінің төрағасы және ардагерлер кенесін де басқаруда.

Нұртас Нәбиұлы зайыбы Қайынжамал Ташимқызымен үш ұл тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Нариманбек Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеттің бітіргеннен кейін әлеуметтік салада еңбек етеді. Ортаншысы Әлібек – аталмыш университеттің бітіріп, әскери борышын өтеп, қазіргі уақытта банкі саласында қызметте. Кіші ұлы Жәнібек Жоғары әскери училищені үздік бітіріп капитан шенінде ҚР шекара әскерлерінің құрамында қызмет атқаруда. Нұртас Нәбиұлы мен Қайынжамал Ташимқызының төрт немересі өсіп келеді.

Жекеев Шаншар Серікбайұлы 1949 жылы 1-ші қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Айтуар ауылында туған. 1966 жылы орта мектепті тәмамдайды. 1972-1976 жылдары Жамбыл (Тараз) мәдени-ағарту училищесін қызыл дипломға бітіреді. 1991-1995 жылдар аралығында Шымкент педагогикалық мәдени-ағарту институтында оқып жоғары білім алады.



Еңбек жолын Киров атындағы кеңшардың № 2 бөлімшесі Айтуар ауылында бастайды. 1970-1986 жылдары мәдени ағарту саласында ән-күй және балалар музика мектебінің ұстазы болып істейді.

1986 жылы көрү қабілеті төмендеп кеткендіктен Петропавлдағы Қазақ зағиптар қоғамының оку-өндіріс кәсіпорнына жұмысқа орналасты. 1996 жылдан осы кәсіпорнында директор

қызметін атқарды. Осы уақытта экономиканың күрт құлдырау жағдайында Шаншар Серікбайұлы кәсіпорын жабылып қалмай тұрақты жұмыс істеу үшін көп еңбектенді. Сол уақытта тыным таптай керекті шикізат іздеп, шығарылған өнімді өткізу үшін еліміздің барлық өнірлерінде, Ресейдің бірнеше қалаларында болып тұра іскерлік байланыс орнатты. Соның арқасында зағиптар кәсіпорны жұмысын тоқтатпай өнім шығарып оны өткізіп тұрды. Бәрінен де маңыздысы ауыр кезеңде мұқтаж адамдардың қосымша табыс көзі жойылмай, қунделікті тұрмыс жағдайларына айтартықтай сеп болды.

Осындай қажырлылығының арқасында Шаншар Серікбайұлы аймағымыздың сыйлы және беделді азаматтарының қатарынан көріне білді. Қазақ зағиптар қоғамының құрметті азаматы. Осы жүйедегі көп жылдық еңбегі мен қоғам дамуына қосқан елеулі үлесі

және кәсіпорындағы жетістіктері үшін қоғамның басқармасының Құрмет грамотасымен бірнеше рет марапатталды.

2008 жылды ұзак жылғы және адал еңбегі, Солтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік экономикалық дамуына қосқан комақты үлесі үшін және туғанына 60 жыл толуына байланысты Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің, 2012 жылды Ерен еңбегі үшін халықтық әлеуметтік, әл-ауқатын қамтамасыздандыруға белсene қатысқаны үшін Еңбек және халықты әлеуметтік корғау министрлігінің Құрмет грамоталарымен мара-патталды. Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығы бойынша 2012 жылды «Шапағат» медалі тапсырылды.

Халық ақыны Игібай Әлібаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Сегіз қырлы сері» атты кітабинің құрастырушысы.

Отбасылы, ұлы жоғары білім беру, қызы мемлекеттік басқару саласының қызметкерлері, немерелері бар.

Жұмақанов Орынбай Қойшыбайұлы 1951 жылдың 5 ақпанында Шығыс Қазақстан облысының Ұржар ауданының Науалы ауылында туған. 1968 жылы Науалы орта мектебін бітіргеннен кейін, Семей қаласындағы зоотехникалық мал дәрігерлік институтына түсіп, 1973 жылы айтылған институтты бітіріп, мал дәрігери мамандығын алады.

Еңбек жолын 1973 жылы бастап, Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Қарағаш ауылында бөлімше веттехнигі қызметінен бастаған. 1975-1989 жылдары Тимирязев ауданының «Степной» совхозының бас мал дәрігері болып істеп, совхоздың мал шаруашылығы саласын дамытуға үлкен үлес қосты. Осы жылдары 1200 басқа арналған сүт кешені салынып,



Прибалтиканан 900 бас қашарлар әкелініп, мал өлімі азайтылып, шаруашылық облыста бірінші болып туберкулез бен бруцеллезден сауықтандырылды. Әр сиырдан 3000 литрден сүт сауып, алынатын қосымша салмақты көбейтіп, мал шығынын азайтудың арқасында облыста алдыңғы қатарлы болды.

1989-1991 жылдары Жұмақанов О.К. Мичурин совхозында бастауыш партия үйімінің хатшысы қызметін аткарды. 1992 жылдан

бастап 1995 жылға дейін «Московрецкий» кеңшарында бас маман және директордың орынбасары болып қызмет етті. Мұнда да мал басын толық сауықтандыру және сауын мал табынын Холмогор тұқымының сиырларымен асылдандыру ісін жоғарғы деңгейде жүргізу арқасында әр 100 сиырдан 98 бұзау алып, бір бастан 3600 килограмм сүт сауылатын болды.

1995-2003 жылдары осы ауданда Ленин кеңшарының директоры болғанда қын кезеңде ұжымның мүшелерінің күнкөріс деңгейін түсірмеу үшін күш салып, кейіннен заманның талабына сай шаруашылықты жекешелендіру жұмыстарын үйімдастырды.

2003 жылдан бастап зейнетке шыққанға дейін Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылық министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау

Комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының қалалық комитетінде бас маман – мемлекеттік ветеринария-санитарлық инспектор болып қызмет етті. Осы саладағы нәтижелі еңбегі үшін республикалық және аймақтық инспекцияларының Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Жақин Шағырай Солтүстік Қазақстан облысының

бұрынғы Октябрь ауданындағы Балуан ауылында 1908 жылы дүниеге келген. Алғашқыда ескіше, кейін кеңес үкіметі орнаған кезде жаңаша оқып орта білім алған. Осы өнірдегі Жарқын, Балуан, Майбалық ауыл мектептерінде он жеті жыл ұстаздық жасап, оқушыларға математика, география, физика пәндерінен сабак берген.

Ұлы Отан соғысы басталғанда көппен бірге Отан қорғауға аттанған. Соғыс жылдарында 12/59 атқыштар батальо-

нының құрамында болып, талай қиян-кеssé шайқасқа қатысқан. Майдан шебінде көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін орден, медальдармен марапатталған.

Соғыстан кейін елге аман-есен оралған Жақин Шағырай ұстаздық еңбегін қайта жалғастырады. Бірақ бейбіт өмірдегі еңбегі ұзаққа созылмай, аяқастынан халық жауы деген жалған жала жабылып тұтқындала-



ды. Біраз жылын темір тордың азабында өткізеді. 1957 жылы ақталып, өз отбасына қайтып оралады.

Шағырай Жақин өз замандастары ішінде білімі мол, көзі ашық, көрген-білгені көп, сауатты адам болды. Қазақ халқының рухани қазынасынан жиған-терген дүниесін, өмірлік тәжірибесін жүрген ортасында ауыл адамдарына әнгімелеп, жеткізе білді. Сөзге шешен-дігімен қатар домбыра, мандалин сияқты музика аспаптарында жаксы ойнай білген. Алдынан тәлім-тәрбие алған окушылары Шағырай Жақиннің ұлағатты ұстаздық еңбегін, адами қасиеттерін, өнерге, әнгімеге шеберлігін ұмытпай еске алып, айтып отырады. Бейбіт өмірде атқарған адал қызметі, жемісті еңбегі үшін бірнеше рет Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталды. Үлгілі отбасын құрып, екі үл, екі қызы тәрбиелеп өсіріп, бәрін құтты орындарына қондырды. Олар бүгін әке аманатын адаптап, ел қатарында көріне білді. Жақин Шағырай 1997 жылы дүниeden өтті.

Жұмабаев Жомарт Жұмабайұлы 1946 жылы 25 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев (қазіргі М.Жұмабаев) ауданындағы Карл Маркс ұжымшарында өмірге келген. 1966 жылы М.Горький атындағы Мамлют орта мектебін бітірген. Осы жылы Томскінің политехникалық институтына түсіп, механикалық факультетінде оқып, инженер-механик мамандығын алып шығады. Институттың жолдамасымен Перм облысындағы Лысьев қаласының құбырғенератор зауытына жұмысқа орналасады. Бұл зауыт өте күатты құбырғенераторлар мен ірі энергетикалық машиналар шығаратын. КСРО бойынша алып зауыттардың бірі саналды. Оның шығарған өнімдері әлемнің көптеген елдеріне жіберілетін.



Жомарт Жұмабайұлы өзінің еңбек жолын осы зауытта мастердің көмекшілігінен бастады. Кейін цех бастығы, бас инженердің орынбасары, бас инженер қызметтерін абыраймен атқарды. Ол қай қызметте жүрмесін, қай істі атқармасын өзіне жүктелген міндеттерді мінсіз тындырып, әріптестерінің арасында үлкен құрметке бөление білді. Кәсіпкерлік шеберлігі мен зор ұйымда-

стыруышылық қабілеті үшін бірнеше рет Құрмет грамоталарымен марапатталған. 2004 жылы «Почетный машиностроитель» атағын иеленді. 2006 жылы бас инженер қызметінен құрметті демалысқа шықты. Еңбек жолы Ресейде өткенімен, ол өзінің туған елінен байланысын үзбеді. Зейнеткерлікке шыға салысымен елге оралып, кол кусырып отырмай, еңбекке араласты. Қазіргі уақытта ол «Шатыр құрылыш» фирмасын басқарып, Көкшетау мен Петропавл қалаларына қызмет етуде.

Жомарт Жұмабайұлы зайыбы Валентинамен бір ұл мен бір қыз тәрбиелеп өсірді. Бауыржаны – инженер-программист, Сәулесі – стамотолог-терапевт болып істейді. Төрт немеренің сүйікті атасы.

Зікірин Елтай Қайырбекұлы 1956 жылы 10 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы, Совет (қазіргі Аққайын) ауданындағы Добровольское селосында туған. Экесі



Қайырбек Зікірияұлы – педагог, анасы Қайша Жұманқызы байланыс бөлімшесінде еңбек етті.

Елтай Қайырбекұлы алдымен Шағлы ауылшаруашылық тәжірибе стансасы жанындағы агрономдық техникумды, кейін Целиноград ауылшаруашылық институтын бітіріп, ғалым-агроном мамандығын алып шығады.

1985 жылдан яғни институтты бітіргеннен Аққайың ауданындағы

«Полтавский» кеңшарында бөлімше агрономы, агроном-тұқымшы, бас агроном қызметтерін атқарды.

1997 жылдан күні бүгінге дейін «Полтавское» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің директоры. Бұл шаруашылық өніріміздегі алдыңғы қатарлылардың бірі. Оның 25 мың гектардан астам жері, соның ішінде 15 мың гектары – егістік алқап. ЖШС ұжымы бидай, арпа, бүршақ өсірумен және майлы дақылдарды өндірумен айналысады. Өндірістің жоғары мәдениеттілігі тұрақты түрде мол астық алуға жағдай жасап отыр. Жыл сайын әр гектардан 20 центнерден астық алынуда, ал 2013 жылы астық шығымдылығы 21 центнерден болды.

Осындай жоғары экономикалық көрсеткіштер Елтай Қайырбекұлына ауылдың әлеуметтік мәселелерін оң шешуге мүмкіндік беріп отыр. Барлық жердегі сияқты мұнда да мектеп, Мәдениет үйі, фельдшерлік-акушер-

лік пункт және басқа да нысандар бар. Бұлардың барлығы да серіктестіктің көмегінсіз толық жұмыс атқара алmas еді.

Жыл сайын Полтавка және Лесная Поляна селоларының тұрғындары қысқа қажетті жем-шөппен: шөп, сабан, фуражбен қамтамасыз етіледі. «Полтавское» ЖШС атынан әрбір үйге жаңа жылдық сыйлық тапсырылады. Зейнеткерлерге көмек тұрақты түрде көрсетіледі. Орта мектептің бастауыш сыныптарының окушыларына және шағын орталықтың балаларына тамак тегін беріледі. Оларға Жаңа жылдық сыйлық беру дәстүрге айналған.

Е.Зікірин қоғамдық жұмыстарға көп көңіл бөледі. Ол аудандық мәслихаттың депутаты, Қазақстан фермерлер одағының және Аграрлық партияның мүшесі. Оның еселі еңбегі лайықты бағасын алуда. Ол «Күрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Астанаға 10 жыл», «Тыңға 50 жыл», «10 лет продкорпорации», «15 лет Национальной инженерной Академии Республики Казахстан» медальдарымен марапатталған. Қазақстан Республикасы Президентінің, облыс әкімінің, ҚР Үкіметінің және Ауыл шаруашылығы Министрлігінің Күрмет грамоталарының, Алғыс хаттарының иегері.

Елтай Қайырбекұлы – тамаша отбасы. Ол өмірлік жары Ақбөпе Өтебайқызы екеуі Ерлан, Әлия және Камилла атты ұл-қыздарын тәрбиелеп өсірді.

Е.Зікіриннің өмірдерегі үш тілде (қазақша, орысша және ағылшынша) шыққан «Кто есть кто в Республике Казахстан» атты библиографиялық анықтамалыққа кірген.

Зикирина Сәуле Сайранқызы 1961 жылы 12 наурызда Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласында туған. Отбасындағы бес баланың



үлкені. Әкесі Әбілқасов Сайран Солтүстік Қазақстан облысының ауылшаруашылық саласында басшылық қызметте болса, анасы Күләш Нұрғалиқызы отбасының дәстүрлерін сактаушы болды.

Сәуле Сайранқызы № 11 А.С.Макаренко атындағы орта мектепті бітіріп, 1978 жылы Петропавл педагогік институтының филология факультетіне түседі. Институттың «шетел тілі» бөлімін ойдағыдай бітіріп

шығады. 1982 жылы еңбек жолын Ленин ауданындағы Нижне-Чириковка орта мектебінде ағылшын тілінің мұғалімі болып бастайды. 1984 жылы комсомол жұмысына ауысып, механикалық техникумның комитетінің есеп секторына менгеруші болады. 1986 жылы медицина училищесінің комсомол үйымының хатшылығына сайланады. Ал екі жылдан кейін Солтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитетінің үйымдастыру бөліміне есеп секторы менгерушілігіне шақырылады.

1991-2011 жылдары Петропавл қаласындағы № 8 эстетикалық тәрбие беретін мектепте ағылшын тілінен сабак беріп, еңбек жолын кәсіби мамандығы бойынша жалғастырады. Он бір жыл мектептегі ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігіне басшылық

жасайды. 2011-2015 жылдары М.Жұмабаев атындағы гуманитарлық колледж жанындағы мектеп-лицеяй директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары болып істейді.

Қазіргі уақытта Петропавлдағы химия-биология бағытындағы Назарбаев интеллектуалды мектебінің ағылшын тілімен сабак беретін мұғалімдердің әдістемелік бірлестігін басқарады. Жоғары санаттағы мұғалім атағы бар. Сәуле Сайранқызы ағылшын тілі мұғалімдерінің америка-қазақстан аймақтық конкурсында үш рет женімпаз атанды. Біздің елдің өкілі ретінде АҚШ-та стажировкада болды.

Оның қажырлы еңбегі лайықты бағасын алуда. Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің, Қазақстан Гылым академиясының, облыстық және қалалық білім департаменттерінің грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталған.

С.Зикирина ғылыми-практикалық конференцияларға жиі қатысады, педагогикалық журналдарда мақалалары жарияланып тұрады. 2001 жылдан бастап оның оқушылары ағылшын тілінен болған қалалық олимпиадаларда, республикалық интернет-олимпиадаларда жүлделі орындарды жеңіп алды, олардың шығармалары ОБСЕ өткізген халықаралық конкурста алдыңғы орынды иеленді. Сәуле Сайранқызының шәкірттері жоғары білімді тек Қазақстандаған емес, сол сияқты Американың, Англияның, Канаданың жоғары оқу орындарында да алуда. Жеті шәкірті мұғалімдік мамандықты таңдап, филология факультетінің шетел тілі бөлімшесін бітіріп, қазіргі уақытта қала мектептерінде ағылшын тілінен сабак беруде.

Киындығы мен жауапкершілігі мол мұғалімдік жұмысында С.Зикиринаға жұбайы Серікбай Нұрмагамбетұлы, ұлы Нұрсұлтан, анасы Құләш Нұрғалиқызы көп колдау көрсетеді.

Икенов Сағидолла Оспанұлы



Қызылту өніріне есімі етene таныс тұлға. Қызылтулықтар оны қарымды қаламгер ретінде таниды. Көп жыл бойы журналистика саласында қызмет етті. Өзі туған жерінің жақсылығын асырып, жамандығын жасырып, өнірдің өркендеуіне сүбелі үлесін де косты. Ол қолына қаламы мен бауырында домбырасын қатар ұстаган, спорт десе жанып тұрган сегіз қырлы,

бір сырлы адам. Қаламдағы ұстаздары Есмұхамбет Айтмағанбетов пен Рәшат Иманов болды, біріншісі сөзі удай өткір тілді сатирик болса, екіншісі тамаша публицист еді. Ал домбырадағы ұстазы он саусағынан өнер тамған әйгілі күйші-әнші Қабдрәшит Тоғжанов болатын.

Сағидолла Икеновтың творчествосына келетін болсақ, оның қаламынан атақты әнші Роза Бағланованы бүркүраған жау оғынан құтқарып қалған батыр барлаушы Құсан Мұқанов, есімі тарих окулығына жазылған панфиловшы Үәли Оразбаев, ерлі - зайыпты майдангер – Сағитовтар жайында жазылған деректі туындылары, «Қазақта хан болмайды Кенекемдей» очеркі, Абай, Пушкин өмірбаяндық деректері т. б. туралы жазған еңбектері аудандық, облыстық, республикалық («Егемен Қазақстан») газеттерде басылып, оқырмандардан лай-

ықты бағасын алды. Әсіресе ССРО-нің құрметті спорт шебері туралы жазылған «Тұғыры биік тұлға» мақаласы республикалық «Қазақ спорты» газетінің сұрауы бойынша жарияланды. Ол басқа да мақалаларымен бірге өлең де жазады. Бірақ оны қәсіпке айналдырған жоқ. Сағидолланың журналист болып қалыптасуына республикаға атағы шыққан диқан, Ленин, Еңбек Қызыл ту, Октябрь революциясы ордендерінің кавалері туган ағасы Зейнолла Оспановтың әсері мол болды. Ол кісі той – думанның көркі еді. Қисса – жыр, халық әндерін тұнді таңға ұластырып жатқа айттып отыратын. Сағидолланың әншілік қасиеті ағасынан дарыған.

Газетте қызмет істеген қырық жылдай уақыт ішінде алған сый-құрметтері мен марапаттарының өзі бір төбе. Әр марапаттың өз тарихы бар. Дегенмен солардың ішінде совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40-жылдығына арналған Бүкілодактық көркеменерпаздар байқауының медалі және әскери флотта қызмет атқарған жылдары алған Әскери-Теңіз Флоты Бас қолбасшысының бүйріғымен берілген «За дальний поход» күміс жетоны оған ерекше ыстық.

Сағидолла Икенов 1982 жылдан бері «ССРР Журналистер Одағының мүшесі», кейін «КР Журналистер Одағының мүшесі» атанған.

Ибраев Серік Сейпілмәлікұлы 1949 жылы 25 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы Еңбек ауылында дүниеге келген. 1967 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтына түсіп, оны 1972 жылы бітіреді. Инженер-электрик мамандығын алғаннан кейін еңбек жолын Петропавлдың ауыр машина жасау зауытында цехтың мастерлігінен бастады. 1975 жылы Бас конструктор бөліміне инженер-конструктор болып



аудиосады. 1978 жылы Серік Ибраевқа үшінші категориядағы инженер-конструктор дәрежесі берілсе, екі жылдан кейін конструкторлық топтың жетекшісі болып тағайындалады. Ал 1983 жылы авторлық бақылау конструкторлық бюросын басқарады. 1992 жылы тамызда мемлекеттік қызметтің Солтүстік Қазақстан аймактық комитетінде жалғастырады. Мұнда жетекші экономист, бас маман, бөлім бастығы қызметтерін атқарған.

2000 жылы сәуірде облыс әкімінің шешімімен ол коммуналдық меншік пен жекешелендіру жөніндегі департаментті басқаруға жіберіледі. Мұлікті және приватизация жөніндегі Ұлттық бағдарламаны жүзеге асыруда үлкен үлес қосты. Оның бастамасымен Конституция көшесінде орнаған тарихи-мәдени мұра үйі сакталып, оның алғашқы кейпіне келтірді.

Серік Сейпілмәлікұлы 2001 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталған, «ПЗТМ» АҚ зауытының Құрмет тақтасына Серік Ибраевтің есімі жазылған.

Иманбаева Алтын Зейнел-Ғабиқызы Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданына қарасты «Ор-



Елебековтың алдынан дәріс алған кәсіби әнші. /1976-1978/

1978-1984 жылдар аралығында Қазақтың С.М.Киров атындағы университетінің журналистика факультетінде оқып, журналистика мамандығы бойынша жоғары білім алды.

1984-1990 жылдары «Мектеп» баспасында, 1990 жылдан осы уақытқа дейін Қазақ радиосында журналистика саласында еңбек етіп келеді. Алғашында мұзыка редакциясында редактор, кейін Бас редакторлық қызметтерді атқарса, 2009 жылдан бері «Алтын қор» бөлімінде жетекшілік етуде.

Ол дүниеден өткен өнер саңлактары жайлы «Сағыныш сазы», сахна шеберлері жайлы «Өнерім-өмірім», халық дарындары жайлы «Өнерге әркімнің-ақ бар та-

таққөл» ауылында 1959 жылдың 1 қаңтарында дүниеге келген.

Оның әкесі Зейнел-Ғаби Иманбаев КРСО және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, 17 кітаптың авторы. Анасы Кәмеш Байқасқызы он баланы дүниеге әкелген батыр ана еді.

Алтын Зейнел-Ғабиқызы Баян орта мектебін бітірген соң Республикалық эстрада-цирк студиясына түсіп, Қазақстанның халық әртісі Жүсіпбек

ласы» хабарларын көп жыл бойы әуе толқынынан на-
сихаттай жүріп, халық өнеріне жанашыр бола білді.
Оның Қазақ радиосының «Алтын қорында» 300-ден
астам музыкалық-танымдық хабарлары сақтаулы.

Алтын Иманбаеваның орындаудында Қазақ радио-
сының алтын қорында 80-ге жуық халық және халық
композиторларының әндере, ал «Қазақстан» ұлттық ар-
насының бейнекорында оның 20-ға жуық фильм-кон-
церті сақтаулы.

Соңғы кезде «Нәзік сәуле төгілер жүргегімнен» атты
жыр жинағы, «Ғажайып нәзік дүние» атты өнер иелері
жайлы очерк, эсселер жинағы, «Егіз өнер» атты өзі
жайлы жинағы және «Жазушы жайлы сыр» атты әкесі
Зейнел-Ғаби Иманбаев жайлы жинақтарды дайындау
үстінде.

Журналист Алтын Иманбаеваның арнайы мақала-
лары «Түркістан», «Ана тілі», «Егемен Қазақстан»,
«Алаш айнасы», «Солтүстік Қазақстан» газеттеріне,
сонымен қатар «Қазақпараттың» электронды газеті
мен «Мәдениет» журналына үзбей шығып тұрады.
Сондай-ақ «БАҚ» ақпаратты порталында арнайы бло-
гы ашылған.

Өнер мен журналистиканы бірдей дамытып жүрген
Алтын отбасында ұл-қызы тәрбиелеп, немере сүйген аб-
зал ана.

Көп жылғы қажырлы еңбегі әділ бағаланып, ол 2006
жылы Қазақ радиосының 85 жылдық мерейтойы қар-
саңында «Мәдениет қайраткері» төс белгісімен, 2008
жылы «Қазақстан Журналистер одағы сыйлығы-
ның лауреаты», 2010 жылы Елбасының жарлығымен
«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті
атағымен марапатталды.

Кереев Оразбек Уағазұлы 1951 жылы Солтүстік



· Қазақстан облысы Есіл ауданы, Жаңалық ауылында дүниеге келген. Көкшетау педагогикалық институтын үздік бітіріп, математика пәнінің мұғалімі мамандығын алған. Карл Маркс (қазіргі Ақтүйесай) орта мектебінде ұстаз бола жүріп, бастауыш партия ұйымының хатшысы қызметін қоса атқарған. 1985 жылы Ақтүйесай ауылдық кеңесінің төрағасы, кейінде Ақтүйесай ауылдық әкімшілігінің әкімі

қызметтерін атқарды. Ел өміріндегі өтпелі кезеңнің күрделі, келелі мәселелерін шеше жүріп, халықтың әлеуметтік жағдайларының жақсаруына бар күш-жігерін жұмсады. «Білім» қоғамының төрағасы ретінде ауыл мектептерінің жай-күйін жіті қадағалап, оку-тәрбие жұмыстарының сапалы жүргізілуіне жағдай жасайтын, көмегін аямайтын. Өте саяси сауатты басшы Оразбек Уағазұлы ел ішінде еліміздегі оң өзгерістерді насихаттаумен ұдайы айналысатын. Халық қалаулары Қызылту аудандық мәслихатының бірнеше шақырылымының депутаты қызметін де абыроймен атқарып жүрді. Өзі де салауатты өмір салтын ұстап, жеңіл атлетикамен айналыса жүріп, жастардың спортқа бейім болып, жарыстарға қатысып жүруін қолдап, насихаттайтын. Қазақ халқының салт-дәстүрін жақсы билетін

ол, жергілікті жерде Наурыз мерекесін жаңғыртуға, халықтың ұлттық рухын көтеретін мәдени іс-шаралардың өтіп тұруына мұрындық болатын. Еңбегі бағаланып облыс, аудан басшылығы деңгейіндегі Құрмет грамоталарымен, мактау қағаздармен марапатталды. Еліне елеулі, халқына қалаулы, жүзінен мейірімділіктің шуағы төгіліп тұратын ақжарқын, кенпейіл, сабырлы, қанағатшыл Оразбек Уағазұлы небәрі 47 жасында кенеттен қайтыс болды.

Каримова Шарипа Әбілкәрімқызы 1916 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Тимирязев ауданындағы Жарқын ауылында өмірге келген. Ол Майбалық ауылындағы жеті жылдық мектепті бітіреді. 1938 жылы Қарағанды қаласында алты айлық курсы үздік бітіріп шыгады. Қазақ тілімен қатар орыс, неміс тілдерін жетік білгендіктен арнаулы жолдамамен Қарағанды облысындағы саяси құғын-сүргінге ұшырағандарға арналған мекемеге қызметке орналасады. 1942 жылы өзінің туған жеріне оралады. Білімді де білікті маман Майбалық, Суаткөл ауылдық кенестерінде қызмет атқарады. Сегіз баланы ер жеткізіп, қатарға қосып, «Ардакты ана» атағын алғып, бірнеше медальдармен марапатталады.



Кәкпенов Ризабек Жазитұлы 1959 жылы 23 қарашада, Көкшетау облысы, Володар ауданы, Светлое селосында дүниеге келген. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау педагогикалық институтындағы физика-математика факультетін 1981 жылы үздік бітірген. Педагогикалық қызметтің Заря, содан соң Шоқ-Қарағай сегізжылдық мектептерінде бастады.



1984 жылы Володар аудандық оку бөлімінде әдіскері, 1987 жылы әдіскерлік кабинеттің

менгерушісі қызметтерін аткарады. 1992-1997 жылдарға дейін Рузаев аудандық оку бөлімінің менгерушісі, кейін Целинный ауданының оку бөлімінің бас маманы, Саумалкөл № 3 орта мектебінің директоры болды. 2003 жылы Айыртау ауданының білім бөлімінің бастығы қызметіне ауыстырылды. 2006 жылы Петропавл қаласындағы «Жетім балалар мен ата-анасының камкорлығының қалған балаларға арналған облыстық мектеп-интернаты» КММ директоры болып тағайындалды.

Осы білім саласында ерекше орын алғатын, ерекше еңбекпен қажырлылықты тілейтін мекемені басқарап, тағдырының тәлкегіне түсken балалардың тұрмысын жағдайлы қылышп, тәрбиесін жолға салуға Ризабек Жазитұлы еңбектеніп келеді. Мектеп-интернат ұжымы менің сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ой-

лау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан жан-жақты ұрпак тәрбиелеуге барлық күш-жігерін салады.

Балалар үйіне келген балғындардың арасында мектепке мүлде бармаған, сабактарын көп босаткан, қоғамда өздерін қалай ұстауды білмейтіндері жиі кездеседі, олардың көпшілігі отбасы жылуын сезінбеген. Осы олқылықтың орнын толтырып, балғындар ер жетіп, үлкен өмірге аяқ басқанда қателестей, елінің ақылды, саналы азаматтары болуына мектеп-интернат үстаздары мен тәрбиешілері аянбай күш салуда.

Алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін мекемеде балалардың жан-жақты дамуына ерекше көніл бөлінеді. “Маска” театры, “Нотки”, “Әдемі-ау” вокалдық топтары, “Калинка” халық аспаптар оркестрі, домбырашылардың “Дала пернесі”, бишілердің “Ақ қайың”, қолөнершілердің “Шебер қолдар” үйірмелері балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға арналған. Жобалық клуб, информатика үйірмелері деңгейлерін көтерсе, үстел теннисі, футбол, баскетбол, волейбол, шахмат, тағы басқа спорттық секциялар деңсаулықтарын шындаиды.

Осындай мүмкіншіліктерді жіті пайдаланған тәрбиеленушілер өздерінің жетістіктерімен ұжымның беделін өсіреді. Мысалы 2016 жылы мектеп-интернаттың тәрбиеленушілерінің жұмысы облыстық қолданбалы қолөнер конкурсында ең үздік деп танылды. В.Григорьева, Г.Жукова, В.Шагвалеев, Г.Калашникова қазақ тілінде өтетін олимпиадаларға белсенді қатысып, “Жарқын болашақ” олимпиадасының жүлдегерлері атанды. А.Бегіман шахматтан Қазақстан Республикасының чемпионы атанса, А.Алаш, О.Савельев, Н.Максимова – түрлі деңгейдегі жарыстардың жеңім-

паздары. В.Рогачеваның есімі гір көтеруден Гиннестердің рекордтар кітабына жазылды В.Давидюк гір көтеруден алтын жүлденің иегері болды. 2016 жылы әйелдер футболынан мектеп-интернат қыздары бірінші орынды қанжығаларына байлаپ, ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған баскетболдан өткен жарыста алтын, ал ер балалар командасы күміс жүлдеге қолданы жеткізді. Қыздар әйелдер футболы бойынша Қазақстанның құрама командасына еніп, ұлдар әскери жарыс түрінен екінші және авиамоделдеу шеберлігінен бірінші орындарға ие болды.

Мемлекет жағынан қанша жағдай жасалғанымен әрбір баланың арманы - балалық шағын отбасында өткізу. Елбасы Н.Назарбаев “Қазақстан – 2050” жолдауында жетімдікпен күресу қажеттігін мақсат етті. Осыны басшылыққа алған облыстық мектеп-интернат тәрбие-еленушілерін отбасына орналастыру мақсатымен жыл сайын “Куан сәби” акциясын өткізеді. Науқан аясында 2012 жылдан бері 60-қа жуық балалар өз туыстарына оралды. 2016 жылдан бастап олар қоғамға тез бейімделу үшін № 4, № 9 және № 23 орта мектептерде қала балаларымен бірге оқиды.

Осындай қамқорлықтың арқасында мектеп-интернаттың тәрбиесінде болған жасөспірімдер өмірінің жауапты кезеңіне батыл адыммен кіре алады. Мысалы 2016 жылғы 19 түлектің сегізі М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне, қалғандары түрлі колледждерге грантпен окуға түсken.

Ұлағатты ұстаздың еңбегі әділ бағасын алып келеді. Кәкпенов Р.Ж. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың, Білім және ғылым министрінің, оның Балалардың құқығын қорғау Комитетінің, СҚО білім басқармасының Алғыс хаттарымен марапатталған. «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызы-

меткері» төсбелгісінің, «Балалар спортын дамытуға қосқан үлесі үшін» Алтын белгісінің, «Балалар үшін» Алтын жұлдыз төсбелгісінің иегері. 2016 жылы «Қазақстан патриоты» медалімен марапатталды.

«Нұр Отан» партиясының мүшесі. Жұбайы Сәуле Зәйкешқызы Назарбаев Зияткерлік мектебінде математика пәнінің мұғалімі. Уш баласы бар.

Күзеубаев Армат Тілеубайұлы Солтүстік Қазақстан облысында

1969 жылы дүниеге келген. Еңбек жолын Тимирязев ауданының Ақсуат мектебінде бастады. 2003 жылы Степной орта мектебінің директоры қызметін аткарды. Тимирязев ауданының білім бөлімінде 2003 жылдан осы уақытқа дейін басшылық қызмет атқарып келеді. Отбасында үш бала тәрбиелеген бақытты әке.



Армат Тілеубайұлы

бойындағы адамгершілік қасиетімен бірге кәсіби шеңберлігін, ұйымдастырушылық қабілетін және әріптерінеге деген адалдығын, өзінің тәрбиелілігі мен мәдениеттілігін байқатып, жұмысқа барын да, нәрін берген басшы. Егеменді еліміздің білім беру саласындағы көп жылғы қызметін ҰБТ нәтижесінен көруге болады. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша соңғы үш жыл-

да алдыңғы қатардан көрінді. Ауданда 2004 жылдан бері 31 түлек «Алтын белгі» белгісін қорғады.

Ойы ашық, менмендігі жок, аудан ішіндегі оқу жүйесінің өркендеуіне, мектептердегі білікті де білімді ұстаздарының қалыптасуына көп еңбек сіңірді.

2006-2007 жылдары заманауи тұрғыдағы қазақ мектеп-интернаты мен Мичурин орта мектебі бой көтерді. Армат Тілеубайұлының қолдауымен облыс бойынша Тимирязев ауданында ең алғаш рет толығымен шағын орталықтар ашылды. Көп жылғы педагогикалық еңбегінің жемісі ретінде Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ісінің үздік қызметкері» төсбелгісімен 2014 жылы марапатталды.

Бұгандері Армат Тілеубайұлының ұжымында білікті мамандар мен білімді әдіскерлер қызмет атқарып, жас жеткіншектерге сапалы білім, саналы тәрбие беруде көңіл қуантарлық жетістіктерге қол жеткізуде.



Коканов Есімбай Оқанұлы 1953 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы Мамлют қаласында туған. Осы қаладағы санатори-ялы мектеп-интерната орта білім алғып, еңбек жолын зауытта слесарь болудан бастайды. Отан алдындағы азаматтық борышын өтегеннен кейін Омбы қаласындағы ауылшаруашылық институтына оқуға түседі. Осы

оку орнынан инженер-землеустроитель мамандығын алдып шығады. Жас маман алдымен Мамлют ауданында, ал 1984 жылдан Тимирязев ауданында еңбек етуде. 1992 жылы шаруа қожалығын құрып, кәсіпкерлікпен айналысада. Ауданың әлеуметтік-экономикалық дамуна жыл сайын қомақты үлес қосуда. Қоғамдық жұмыстарда белсенділік көрсетіп, қазіргі уақытта ауданда құрылған қоғамдық кеңестің төрағасы қызметін атқаруда.

Есімбай Оқанұлы көп жылғы қажырлы еңбегі үшін Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылық Министрінің, облыс және аудан әкімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Құсайынов Текебас Шағманұлы



Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Октябрь, қазіргі Шал ақын ауданындағы Көктерек ауылында 1924 жылдың 15-ші мамырында дүниеге келген. Ауыл мектебін бітіргеннен кейін Жаңажол ауылында колхозда жұмыс істеген. 1943 жылы он тоғызға толған Текебас Шағманұлы Октябрь аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге алдынып, Петропавл қаласында алғашқы әскери жат-

тығудан өткен соң соғысқа аттанады. Қатардағы жауынгер, кейін сержант дәрежесінде Украина майданында соғысқа кіреді. Украинаның елді мекендерін жаудан босату жолындағы талай қанды шайқастардың бел ортасында жүреді. Днепр үшін болған сұрапыл шайқастарда жауынгерлік ерліктерімен көзге түседі. Батыстағы соғыс жеңіспен аяқталар шакта Текебас Шағманұлы қызмет еткен әскери құрама жапон милитаристеріне қарсы Қызыр Шығыстағы соғысқа жіберіледі. Мұндағы соғыс аз уақыттың ішінде аяқталғымен ел шекарасын, ел тыныштығын құзету үшін қалған әскери құрамының қатарында Текебас Шағманұлы 1948 жылға дейін болады. Соғыс жылдарында көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін Текебас Құсайынов екі рет «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін» және басқа да медальдармен марапатталады.

Елге оралғаннан кейін Текебас Шағманұлы колхозда жұмыс істеп, 1949 жылы Покровка ауыл шаруашылығы техникумының мал дәрігерлік бөліміне оқуға түседі. Оны 1950 жылы бітіріп, 1973 жылға дейін аудандық мамандандырылған шаруашылығының Жаңажол ауылында мал дәрігері қызметін атқарды. Кеңшар негізінен мал өсіріп, бордақылаумен айналысқандықтан ірі қара мал саны көп болатын. Сол малдың өлім-жітіміне жол бермеу үшін уақытында егу, табындағы малға дәрігерлік бақылау жасау сияқты қат-қабат жұмыстарды тынымсыз атқарып, адал еңбегі үшін талай рет шаруашылық, аудан басшылары тарапынан құрметке бөленді.

Текебас Шағманұлының кісі емдейтін емшілік қасиеті де бар еді. Ауылда әлде кім мезгілсіз сырқаттанып қалса сол кісінің еміне жүгінетін. Халықтық медицинадан көп хабары бар Текебас сырқаты бар жандарға

қолдан келгенше ем-домын жасап, аурудың алдын алу жөнінде ақыл-кенесін беріп отыратын. Шаруашылыққа да, ауыл жүрттына да адам еңбегімен, адами қасиеттерімен сыйлы бола білген Текебас Құсайынов 1974 жылы елу жасында дүниеден өтті.

Қазбеков Мұбәрәк Ғалымұлы 1951 жылы қантар



айының үшінші жүлдэзында Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь ауданындағы Қызылту ауылында дүниеге келген. Әкесі – Ғалым Қазбеков Ұлы Отан соғысының, еңбек ардагері. Ұзақ жылдар бойы мал дәрігері болып қызмет еткен. Шешесі Қамар да жұмыстың ауыр-женілін бастан кешкен еңбек ардагері. Мұбәрәк көп балалы үйде өсті. Төрт інісі мен екі қарындасына әрқашан ағалық мейірімімен бас-көз болатын. Бұгінде інісі Бейімбет пен келіні Зәуреш қара шаңырақты ұстал отыр.

Мұбәрәк 1958 жылы Мектеп ауылындағы бастауыш мектепте оқып, кейін І.І.Ыбыраев атындағы кеншарда Ленин орта мектебін тәмамдайды. 1969 жылы Алматының мал дәрігерлік институтының «Зоотехника»

бөліміне окуға түсіп, 1975 жылы оны ойдағыдай тәммадап, ғалым-зоотехник мамандығын алып шығады.

1975 жылы «ВЛКСМ-ның 50-жылдығы» атындағы кеңшардың бірінші бөлімшесіне аға зоотехник болып тағайындалып, алғашқы еңбек қадамын бастайды. Алғашқы жылдың езінде-ак өзін жақсы қырынан көрсетіп, 1978 жылы коммунистік партия қатарына кабылданады. 1983 жылы осы шаруашылықтың екінші бөлімшесінің басқарушысы қызметіне жіберіледі. «ВЛКСМ-ның 50-жылдығы» атындағы шаруашылық кейін Петров атындағы кеңшар болып аталағы. Мұбәрәк 1989 жылдан бастап осы кеңшардың бас зоотехнигі қызметін атқарады. 1990 жылы Новосибирск қаласындағы менеджерлерді даярлау орталығында «Экономикалық реформалар жағдайындағы агроОнер-кәсіптік кешенді кәсіпорындарының қызметі» курсында оқып, біліктілігін арттырып қайтады. 1998 жылдан бастап жеке кәсіпкерлікпен айналысып «Новопокровское» ЖШС ашады.

Мұбәрәк Ғалымұлы өте кішіпейіл, ақжарқын, ашық мінезді адам болатын. Айналасындағы адамдарға әрқашан қамқоршы бола білді. Сонымен қатар өзіне де өзгеге де мақсатты талап қоя отырып, қолға алған ісін әрқашан аяғына дейін тиянақты орындайтын. Адал еңбегі үшін Құрмет грамоталармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жұбайы – Қазбекова Құлбаршын Ахметқызы көп жылдар бойы тіс дәрігері болып қызмет еткен, қазір зейнеткерлік демалыста. Мұбәрәк пен Кулбаршын үш қызы, бір ұл тәрбиелеп өсірді. Үлкен қызы Астанада Қазагрофинанс мекемесінде, Айнагұлі мен Бейнегұлі құқық қорғау саласында қызмет етеді. Ұлы – Азамат әке ісін жалғастырып, жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Мұбәрәк Ғалымұлының бір немересі мен үш жи-

ені бар. Ол аяулы жар, ардақты әке, қамқор аға, адал дос бола білген асыл азамат еді. 2012 жылы қыркүйекте дүниеден озды.



Құбайысов Молдағали бұрынғы Сергеев, қазіргі Шал ақын ауданындағы Жаңаталап ауылында 1936 жылы сәуір айының тоғызыншы жұлдызында дүниеге келген. Ауылдағы бастауыш мектептен кейін осы аудандағы Ленин орта мектебін тоғызынышы сыныпқа дейін оқиды. Одан әрі аудан орталығындағы механизаторлар даярлайтын кәсіптік-техникалық училищеге оқуға түсіп, тракторшы-комбайншы мамандығын алғып шығады. Осы

талап ауылында механизатор болып еңбек етеді. Шаруашылық басшылары оның еңбекқорлығын ескеріп звеноға жетекші етіп бекітеді. Қарамағында төрт механизатор бар бұл звеноға мың жарым гектар жер бекітіледі. Звено жетекшісі еңбекті жаңаша үйымдастырып, озық әдіспен жұмыс істеуге құлшыныс танытады. Соның нәтижесінде звено механизаторлары өздеріне бөлінген жерге көктемде тұқым сеуіп, күзде астық орып, одан кейін жер жырту сияқты науқандық жұмыстарды уақытында атқарып отырады. Гектар шығымдылығын 20-24 центнерден айналдырады. Астық молшылығын жасауда қатарынан бес жыл озық көрсеткішке қол жеткізіп, аудан диқандарының ішінде топ жарған Молдағали Құбайысов 1973 жылы жыл қорытындысы бойынша Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталады. Бұдан кейін де Молдағалидың еңбек белесінде қол жеткізген биіктегі аз емес. Бір науқанда екі диқанның атқарар ісін жалғыз атқарып, көш бастап отырады. 1980 жылы облыс бойынша үздік механизаторлардың қатарына қосылған Молдағали Құбайысов Ленин орденімен марапатталады.

Кейін еңбектегі үздік жетістіктері үшін өзіне бекітілген «К-700» трактор мен комбайынды ұзақ жыл ақаусыз пайдаланғаны үшін «Волга» автокөлігін сыйға аллады. Молдағалидың тынымсыз еңбегіне қарай алған марапаттары аз емес. Ордендеріне қоса он шакты медальға ие болды. Бірнеше рет тегін туристік жолдамалармен Чехославакияға, Мәскеуге, Ленинградқа барып, дем алып қайтты. Осындай еңбектің майталман тарланы зейнеткерлікке шыға алмай 1995 жылы ақпан айында қайтыс болды. Зайыбы Шайзат екеуі төрт ұл, үш қызды дүниеге әкелді. Бүгінде ұл-қыздары өз алдына шаңырақ құрып, әр салада жемісті еңбек етуде. Байғали, Жанғали есімді ұлдары Алматыда құрылыс

компаниясында қызмет істейді. Дүйсенғалиы әке жолын қуып ауылда шаруа қожалығын басқарады. Кіші ұлдары Фани Сергеевка ішкі істер бөлімінде полиция майоры. Қыздары Мәриям, Әлия, Сәния жоғары білім алып, әр салада қызмет атқаруда.

Қайыпов Беспай Елеусізұлы



1949 жылы 27 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы Бескүдық ауылында туған. Сегізінші сыныпты бітірген соң Петропавл қаласына келіп нағашы апасының үйінде тұрып, осындағы есеп-экономикалық техникумында оқиды. Қалаға келген сәттен бастап стадионға барып, бос уақыттарын құр жібермей, спортпен айналысады, оған шындалып даң қояды. Беспайдың спорттағы өмірбаяны осылай басталады.

Күн құрғатпай ақ тер, көк тер болып, штанга көтерумен айналысады.

1969 жылы ол әскер қатарына шақырылады. Алматы қаласындағы әскери бөлімдерінің біріне, қуаныштысы сол, спорт ротасына түседі. Еті тірі жігіт алғашқы сәттен спортқа епті екенін көрсете біледі. Кейін келе сол жолдағы үлкен жетістігі емес пе, Орта Азия әске-

ри округінде грек-рим күресінен екі дүркін чемпион атанады.

1971 жылы алғаш рет Қызылжарда қалалық білім бөлімі жанынан күрес мектебі ашылды, ол арманына қанат байлаған жас жігіт үшін ерекше қуаныш еді. Беспайды туған бауырындай жақын санаған, талантты спортшы В.Вик күрес секциясына жетекшілік еткен. Міне, осы аға әріптесі оны спорт мектебіне жаттықтырушы-оқытушы етіп қабылдап, ағалық қамқорлығына алған. Тәлімгерінің тәрбиесіне әлі күнге дейін табынатаң Беспай ұстаз еңбегін барынша бағалаған, сенімін ақтап, жерге қаратпаған. Жиырмадан жаңа асқан ерік-күші бойындағы жігіттің күрес өнеріне деген құштар көңілі шығар, жас балаларды баптап, үйретуде уақытпен санастып жатпаған. Сөйтеп жүріп ол еңбегін біліммен ұштастыруға да қол жеткізген. Қаламыздың педагогикалық институттың дене тәрбиесі факультетіне окуға түсіп, оны 1976 жылы тәмамдап шығады.

Спорттағы өмірбаянын қызықты етіп, өрбітіп айтуды жақсы көретін ол оны үш кезеңге бөледі. «Болашақ балалықтан басталады» демекші, Беспай алдымен спорт десе жастық жігері жалын атқан сол уақытқа бет бұрып, өткенді есіне алады. Содан кейін қазіргі кезге кезек беріп, өзі тәрбиелеп өсірген шәкірттері жайлы, олардың әрбірінің өмірбаянын, жетістіктерін жатпай-жаңылмай, көңілін көкке өрлете жыр қылып айтып береді. Одан әрі жас спортшылардың келешегі жайлы толғана әнгімелейді.

—Спортта тамаша жолы болғандардың бірі – шәкіртім Жоламан Дәуренбеков. Қазір оның есімі елімізге ғана емес, одан тыскары жерлерде де жақсы таныс, - дейді Беспай Елеусізұлы. Айтса айтқандай, Жоламанның күрес өнерінде өрлеген биігі жоғары. Ол Қазақстанның 5 дүркін чемпионы, 1991 жылы өткен КСРО Халықта-

ры спартакиадасының чемпионы. Сондай-ак, грек-рим күресі бойынша халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Осындай есімі әйгілілердің қатарына Косжан Ақмағамбетовты, Павел Коротковты, Сейіл Тәмпиевті, Қанат Кенжетаевты, Уәлихан Дауренбековты және Беспайдың тағы басқа да ел мақтарлық шәкірттерін атауға болады.

Кеңес Одағының Батырлары И.Ибраев пен М.Янконың жүлдесі үшін бүкілодактық турнирлерде жүлдегер атанды. 1978 жылы КСРО спорт шебері нормативін орындауды. 1984 жылы республикалық санаттағы төреши атағы берілді. 1990 жылы оқытушы-жаттықтырушының жоғары санатына ие болды. 1991 жылы «грек-рим күресінен Қазақ КСР еңбек сінірген жаттықтырушысы» атанды. Облыстың спорт өміріне белсene араласып, жемісті еңбек етіп чемпиондар дайындағаны үшін бірнеше Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталған.

Жаттықтырушы болып істеген уақытында көптеген КСРО спорт шеберлерін және халықаралық дәрежедегі спорт шеберлерін дайындалап шығарды. 1992 жылы білім жүйесіндегі облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы бастығының орынбасары қызметіне тағайындалады. 1993 жылы Петропавлдағы Магжан Жұмабаев атындағы колледжге дене тәрбиесінен оқытушы болып қабылданды. Ал 1997 жылы облыстық спорт интернатқа директордың бұқаралық спорт жөніндегі орынбасарлығына ауыстырылды. 2002 жылдан М.Жұмабаев атындағы колледже дене тәрбиесінен сабак беруде. 2011 жылы қантар айында қысқы Азия ойындарының алау ұсташысы болды және осы ойындардың ашылу рәсіміне арнайы шақырылған болатын.

Өнегелі ісі абыройын асырған Беспай зайыбы Құл-
126

пән екеуі Руслан, Мұрат есімді ұл өсірсе, қыздары Ди-нараның жөні бір басқа. Ол шеше көріп тон пішіп қана қоймаган, әке жолын қуған. Динара таэквандодан Қазақстанның 5 дүркін чемпионы, қара белбеу иегері, халықаралық турнирлердің жеңімпазы, 2007 жылы Сармұран қаласында откен әлем чемпионатына қатысқан.

Беспай Елеусізұлының ұстаз еңбегін паш етіп журген, ел таныған Райымбек Жәкетов есімді шәкірті бар. Ол өзінің ұстазы Б.Қайыповтың құрметіне грек-рим күресінен турнир өткізді. Додаға еліміздің өнірлерінен, қалалардан 200-ге жуық жас палуандар жиналды.

Қайыров Марат Бейсенұлы 1940 жылы 10 мамыр айында Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданы Майбалық ауылында дүниеге келген.

1958 жылы Петропавл қаласындағы № 5 Калинин атындағы қазақ орта мектеп-интернатын бітірген. Еңбек жолын Қарағанды шахтасында комбайндердің көмекшісі болып бастаған. 1970 жылы Ленинградтың кеме құрылыш институтын бітірді. Жолдамамен Петропавлдың «ЗИМ» заводында жоспарлау бюросын басқарған. Іскерлік, ұйымдастырушылық қабілеті ескеріліп 1974 жылы Жарқайың өніріне жіберілді. Державин қаласында жөндеу-механикалық заводында 13 жыл басқарма, «Торғай ауылқұрылыш» тресі бастығының орынбасары, автобаза басшысы қызметтерін атқарған. Жемісті еңбегі, халық алдындағы беделі арқасында бір қатар жыл Державин аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болды. 2003 жылдан аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.

Аудандық мәслихат депутаты, 2009 жылы «Жарқайың ауданының Құрметті азаматы» атағы берілген.

Қажырлы еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағала-

нып, «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Тың жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері», «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл», «Тыңға 50 жыл» медальдарымен, бірнеше Құрмет грамотала-рымен марапатталды.

Құрманғожин Айтымтал Әлмағанбетұлы



Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Сергеев, қазіргі Шал ақын ауданындағы Қаратал ауылында 1949 жылы қазан айының үшінші жүлдізында дүниеге келген. Әкесі Әлмағанбет Құрманғожин елге елеулі, халыққа қалаулы адам болған. Оттызынышы жылдары сол төніректегі шағын қазақ ауылдарын біріктіріп, колхоздандыру жұмыстарына белсене атсалысқан. Өзі үйимдастыруға қатысқан

Ленин атындағы колхоздың алғашқы басқармасы қызметін атқарған. Кейін Қаратал ауылында ұзақ жыл басқарма болып еңбек етеді. Шаруашылықты үйимдастырып, басшылық жасау саласындағы қол жеткізген жемісті еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Ел-жұрты сыйлаған Әлмағанбет ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты әке, отбасының алтын діңгегі болған жан. Үлкен ұлы Сәлім елге

танылған дипломат, екінші ұлы – Болат министрлер кеңесінде басшылық жасаған, үшінші ұлы – Серік Еңбек ауылсында адал еңбегімен құрметке бөленіп, зейнеткерлікке шыққан.

Осындай ұлгілі отбасынан тәлім-тәрбие алған Айтымтал Әлмағанбетұлы Новопокровка орта мектебін бітіргеннен кейін 1968-1973 жылдары Алматы қаласындағы зоотехник-малдәрігерлік институтында оқып, жоғары білім алып шығады. 1973 жылы Торанғұл кеңшарында зоотехник болып алғашқы еңбек қадамын бастайды. Ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсken ол үлкен шаруашылықтың комсомол комитетіне хатшы болып сайланады. 1975-1979 жылдары қызметі жоғарлап, Сергеев аудандық комсомол комитетінің екінші, кейін бірінші хатшысы болып тағайындалды. 1979-1985 жылдары «Заря» кеңшарында партия комитетінің хатшысы қызметін атқарды. Осы жылдардың ішінде Айтымтал үлкен өмір мектебінен өтті. Әсіресе оның еңбек ұжымдары арасындағы ұйымдастырушылық қабілеті шындала түсті. Содан да болар, облыстық партия комитетінің нұсқауымен 1985-1987 жылдары Алматыдағы жоғары партия мектебін оқып бітіреді. Бұдан кейін 1988 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы болып қызмет атқарды. 1988-1991 жылдар аралығында Соколов аудандық партия комитетінің хатшысы болды. Ауданың таратылуына байланысты Айтымтал басқа мекемелерде лауазымды қызметтерде болып, 1993-1996 жылдары Бұлақ кеңшарын басқарды. 2002 жылдан 2005 жылға дейін еліміздегі Аграрлық партиясының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына жетекшілік жасады.

Айтымтал Құрманғожин қызмет істеген жерлерінде әріптестерінің ортасында үлкен беделге ие болып,

адал еңбегімен ерекше құрметке бөлене білді. Сол адал еңбегі үшін республикалық, облыстық, аудандық атқару комитеттерінен алған марапаттары да барышылық. Айтымталдың бойында жолдастары, қоршаған ортасы, әріптестері сыйлай білетін адами қасиеттері мол еді. Ол достыққа адал, ұлкенмен де, кішімен де тіл табыса білетін кішіпейіл, мейірімді, ақжарқын жан еді. Оның достыққа адалдығы сондай, достарының бері бірге туған туыстай араласып жүреді. Айтымтал 1973 жылдың жазында Алматы қаласындағы қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының музика факультетін бітірген Кулман Жолдасбекқызына үйленіп, шаңырақ құрды. 1974 жылы туған тұңғыш ұлы Мақсат қазір өз алдына отбасын құрып, Астанада тұрады. Президент аппаратында қызмет істейді. Қыздары Жазира халықтық банкіде қызметкер. Айтымтал Құрманғожин ұл-қызының, немерелерінің қызығын көре алмай 2008 жылы 25 қыркүйекте дүниеден өтті.

Құсайынов Бегайдар Құсайынұлы Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы Қызыл-Ой ауылында 1936 жылы ақпан айының 12-ші жүлдэзында дүниеге келген. 1956 жылы осы аудандағы Благовещенка орта мектебін тәмамдаған. 1956-1958 жылдары Армия қатарында болып, Отан алдындағы әскери борышын өтеп қайтқан. Елге оралғаннан кейін «Богданов» мал семірту кеңшарында жүргізуши болып алғашқы еңбек қадамын бастайды. Бұдан кейін Сулы автобазасында, Благовещенка кеңшарында 1971 жылға дейін жүргізуши болып еңбек етеді. Осы уақыт ішінде ол өзіне жүктелген тапсырмаларды мінсіз атқарып, шаруашылықтың озат жүргізуіші атанады. Әсіресе астық жинау науқаны кезінде үздік көрсеткіштерге қол жеткізіп, бірнеше рет ақшалай, бағалы сыйлықтармен марапатталады.



1971 жылдың маусым айынан бастап Солтүстік Қазақстан облысының ішкі істер органына қызметке қабылданады. Бұл салада он жылдан артық қызмет істейді. Қатардағы милиция шенінен аға лейтенант дәрежесіне дейін көтеріледі. Тұргындар арасында қоғамдық тәртіптің сақталуы, қылмыстың алдын алу, жастар арасында салауатты өмір салтын орнықтыру си-

яқты бұкарадық іс-шараларға белсене атсалысып, үздік участекелік инспектор атанды. Ішкі істер органында қызмет істеген уақытта өзіне жүктелген міндеттерді мінсіз атқарып, әріптестері арасында үлкен құрметке ие болды. Сол еңбегі үшін «Үздік милиция қызметкері» төсбелгісімен, екі рет «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Құрмет грамоталарымен, ақшалай бағалы сыйлықтармен марапатталды.

1981 жылдан 1993 жылға дейін Миролюбов кеңшарында зоотехник, құрылыш шебері, кеңшар директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары болып енбек етті. 1959 жылы Тендік Әубәкірқызына үйленіп, үш ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы – Жұмағали Астана қаласында «Астана-құрылышсервис» ЖШС директоры, ортаныш ұлы Сапарбек Петропавл қаласында «Бедем» ЖШС директоры, кіші ұлы Жомарт құрылыш ұйымы директорының орынбасары, қызы

Гүлнара Жамбыл ауданында дәрігерлік амбулаториясында бас дәрігер болып қызмет істейді. Құсайынов Бегайдар 1997 жылы қазан айының 13-ші жүлдізында дүниеден өтті.

Қосшығулова Жәнипа Тоқсанбайқызы 1925 жылы



6 маусымда Тимирязев ауданы Жарқын ауылында дүниеге келген.

Сегіз жылдық мектепті тәмамдаған соң, Көкшетау қаласындағы педагогикалық оку орнын 1942 жылы аяқтап, туған еліне мұғалім болып оралады.

1951 жылы Баян орта мектебіне бастауыш сыйнып мұғалімі болып бара-ды. 30 жыл бойы бір мектепте қажымай еңбек етеді.

Бірнеше медальдармен, мақтау қағаздарымен, соның ішінде «Ағарту ісінің

үздігі» және «Еңбек ардагері» медалімен және тағы басқа сый-құрметтермен марарапатталды.

1999 жылы 6 қарашада қайтыс болды.

Құрманқұлов Зарат Ерғараұлы 1947 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданындағы Еңбек ауылында дүниеге келген. Әкесі Ерғара Құрманқұлов Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер. 1939 жылы міндетті әскерге алынып, Отан алдындағы борышын өтеп жүргенде соғыс басталып кетеді. Бірінші Белорусия майданында 589 атқыштар полкінің



құрамында 1943 жылға дейін соғысқа қатысады. Жауынгершілік ерліктері үшін екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» және басқа да медальдармен марапатталған.

Зарап Ерғараұлы осы шаңырақтың тұңғышы болған соң үй шаруасына ерте араласып, ерте есейеді. Ленин орта мектебін бітіргеннен кейін әкесінің айтудымен жоғары оқу орнына тұсу үшін Алматыға аттанады. Ауылдан өзімен бірге

барған екі жолдасымен жолдары болып, Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетіне 1965 жылы окуға қабылданады. Қекірегі ояу, окуға зерек Зарап әкесінің «оқып білім ал» деген аманатын жерге тастамай, институтты жақсы бағамен тәмамдап, жоғары білімді экономист мамандығын алғышиғады.

Жолдамамен өзінің туған еліне қайтып оралған Зарап облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ұсынысымен Булаев ауданына жіберіледі. Мұнда Победа кеншарында қатардағы экономист болып алғашқы еңбек қадамын бастайды. Аз уақыттың ішінде өзін іскер, талапты маман ретінде көрсете білген ол шаруашылықтың бас есепшісі болып тағайындалады. Осында жүріп әскерге алынған ол Түркіменстанның Мары қаласында Отан алдындағы борышын өтеп

қайтады. Кейін Сергеевка ауданына қарасты Новопокровка ауылында экономист, В.Быковский атындағы кеңшарда бас экономист, Үбираев кеңшарында партия ұйымының хатшысы, Сергеев аудандық агроОнер-кәсіптік кешені бастығының орынбасары болып қызмет істейді.

Зарап Ерғараұлы Еңбек Ері Есім Шайкинмен қызметтес болған жылдарын ерекше мақтаныш сезіммен еске алғып отырады. Өйткені сол кісіден көрген-білгені, үйренгені көнілге тоқығаны басшылық қызметтерді атқарғанда көп пайдасын тигізіп отырған. Ауданда ауыл шаруашылығын дамытуда, сонымен қатар партияның үтіт-насихат жұмыстарын үйлестіруде көп еңбек сінірді. Көктемгі егіс, күзгі орақ сияқты шаруашылықтардың науқандық жұмыстарында уақытпен санаспай жұмысшылардың арасында болып, үлкен үй-ымдастырушылық қабілетімен абырайға бөление білді.

Зарап Ерғараұлының кейінгі еңбек жолы Қазақстан Халық банкімен тығыз байланысты. Тәуелсіздіктің елең-алаң шағында Сергеевка қаласындағы Халық банкі филиалының директоры болып тағайындалып, бұл қызметті жиырма екі жыл үзбей атқарды. Сол жылдардың ішінде ел экономикасына байланысты туындаған небір қыншылықтарға мойынсұнбай өзіне сеніп тапсырылған жауапты қызметті абыраймен орындай білді. Тұрғындар арасында беделінің биіктігінен болар, төрт мәрте Шал ақын аудандық мәслихатының депутаты болып сайланды. Халық қалаулысы болған кезде бюджет комиссиясының төрағасы ретінде қаржының тиімді жұмсалуына әрдәйім бақылау жасап отырды. Әлі күнге дейін зейнет демалысына шықса да қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Ұзақ жылғы адал еңбегінің жемісі болар, Зарап Құрманқұлов Шал ақын ауданының Құрметті азаматы атағына ие болды.

Қадыров Жанбай Тұрарұлы 1966 жылы 30 тамызда



Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданындағы Сулыкол ауылында дүниеге келген. Шоқан Үәлиханов атындағы педагогикалық институтқа түсіп, оны тәмамдаған соң еңбек жолын Қызылжарда жалғастырды. 1992 жылдан бастап М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде қызмет істейді. 2002 жылдан бастап қазақ филологиясы кафедрасының менгерушісі

қызметін атқарады. 2004-2005 жылдары университет қабырғасында Тіл және әдебиет институты құрылып, соған жетекшілік етті.

Жанбай Қадыров сабак береді, жүргізеді, зерттеулермен шұғылданады. Бір монография, көптеген оқу-әдістемелік құралдың авторы. Екі жүзден астам ғылыми мақаласы басылым беттерінде жарияланған. Оның Арқаның сал-серілерінің өмірі мен шығармашылығына ерекше қызығушылық танытқанын айта кеткен жөн. Сал-серілер поэзиясының көрнекті өкілдері – Сегіз сері, Жаяу Мұса, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ бастаған киелі өнердің өкілдері арттарында бір-бір шығармашылық мектеп қалыптастырып кеткен. Сонынан ерген шәкірттері әрі туындыларын жалпақ жүртқа таратушылары да көп болған. Мысалы, Молдахмет Тырбиеев, Игібай Әліба-

ев, Мұса Асайыновтың шығармашылығы мен өмірі, олардан қалған мұра Жанбай Тұрарұлының зерттеу нысанына айналды. Қекшетау мен Қызылжар жерінде той-томалақтың сәні болып, сол арқылы төл өнерімізді дәріптеген тұлғалар жайлы жазған «Сал-серілер поэзиясының солтүстік аймақтағы дәстүрі» атты монографиясы – ұзақ жылдар атқарған жұмыстың жемісі. Бұл туынды кітап болып басылып шығып, әдебиет маマンдарының да, қарапайым оқырмандардың да жақсы бағасын алды.

Жанбай Қадыровтың «Дүлдүлдердің дүбірі» (2000), «Игібай Әлібаевтың ақындығы» (2003), «Молдахмет Тырбиұлының шығармашылық мұрасы» (2004), «Солтүстік Қазақстан өніріндегі ақындық дәстүр жалғастығы» (2005), «Мұса Асайыновтың ақындық шеберлігі» (2005), «Ежелгі дәуір әдебиеті» (2006), «Әдеби талдау негіздері» (2014), «Қызылжар өнірінің ақын-жазушылары шығармаларының әдеби мұрасы» (2014) атты қөптеген еңбектері – университет студенттері үшін білімдерін жетілдіруге таптырмас құрал. Оның жазған ғылыми жұмыстары облыстық және қалалық мектептердің мұғалімдеріне әдістемелік құрал ретінде ұсынылуда.

2001 жылы Алматыдағы Абай атындағы мемлекеттік университетте кандидаттық диссертациясын қорғаса, 2004 жылы Білім және ғылым министрлігінің үйінен доцент ғылыми атағын алды. Кейін М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Үлкен алтын медалімен» марапатталған. 2014-2016 жылдары бес мақаласы халықаралық журналда жарық көрді.

Жанбай Тұрарұлының зайыбы Гүлфайруз Кенжеболатқызы да тіл маманы. Ол да жергілікті университете қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс береді. Үлкен

ұлы Асылхан әке жолын қылп, ұстаздықты таңдапты. Қазіргі таңда М.Қозыбаев атындағы университет магистраты, ал екінші баласы Темірлан Л.Гумилев атындағы Ұлттық университетте ақпараттық жүйенің қырсырын менгеріп жүр.

Куандықова Шәмшібану Темірболатқызы 1936



жылдың 4 қыркүйегінде Қызылжар ауданының Ақпас ауылында дүниеге келді. 2013 жылы 9 Мамырда оның арманы орындалып, Ұлы Отан соғысона қатысып, хабарсыз кеткен әкесінің Украинада, Харьков түбіндегі сұрапыл соғыста ерлікпен қаза тапқан жеріне барып, тағым етіп қайтты. Бұл уақытқа дейін оның әкесі әскери міндеттін өтеген 106 Қазақ кавалерия дивизиясының тағдыры құпия сақталып келген болатын.

2015 жылы Қазақстан Республикасының Украинадағы елшілігінің қолдауымен Харьков облысының Красноград қаласында кавалеристер ерлігіне арналған естелік Стелла орнатылды.

Педагогикалық училищені тәмамдағаннан кейін мектептерде еңбек сабағынан сабак берді. Еңбегі елеулі болды. 1984 жылы «Еңбек ардагері» төсбелгісімен

марапатталды, «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл» мемориалдарымен, аудандық әкімдік пән аудандық білім бөлімінің грамоталарымен марапатталған.

Бар ұстаздық қызметін қыз балалардың болашақ ана, жанұяның жылуы мен берекесін сақтайтын әйел болып қалыптасуына, икемді, шебер болып өсүіне арнаған Шәмшия Темірболатқызы отыз жыл бойы осы, бір қарағанда аса көзге түссе бермейтін пән – үй шаруашылығы негіздерінен сабак берді. Өзінің ісіне ұқыпты, ізденіспен қарайтын ұстаз қыз балалардың іс тігуге, кесте тігуге, тағам даярлауға, тоқыма тоқудың қыр-сырына, көкөністерді тұздауға, үй жинауға, тіпті, тұрмыстық техниканың ақауларын жөндеуге де үйрететін. Өзі де басқа замандастарына қарағанда, үй шаруашылығына ерекше шебер болатын. Шәмшия Темірболатқызының мұрындық болуымен аудан мектептерінде ер балалар мне қыздарды еңбек сабағында бөліп оқыту қолға алынған болатын. Өйткені мектеп бағдарламаларында қыздар ағаш шеберлігіне, басқа да қисынсыз тақырыптарға оқытылатын. Ол көп жылдар бойы аудандық еңбек сабағы мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігіне жетекшілік етті. Аудандық қазақ әйелдерінің «Мақсат» шаңырағының жұмысына белсенеді атсалысып, қазақ халқының салт-дәстүрін, өнерін насиҳаттады. Имандылық, қазақ әйеліне тән әдептілік, сабырлылық, байсалдылық, сұлулық бір бойынан табылатын Шәмшібану апайымыз жолдасы, Қызылжар ауданының Құрметті азаматы Жұмаш Шайхитдинұлы ағамызбен, 2008 жылты Меккеге умра қажылықта барса, 2014 жылды Қажылық сапарға барып қайтты.

Отбасын құрғандарына 60 жыл толған Жұмаш аға мен Шәмшібану апайымыз алтын асықтай екі ұл, екі қыз тәрбиеледі. Үлкен қыздары Күләштің екі жоғары

білімі бар, зейнеткер болса да еңбек етіп жур. Раузасы мен Қажымұқаны да екі жоғары білімді, бизнес саласында табысты еңбек етуде, Әнуары да жоғары білімді, кенже балалары болғаннан соң ата-анасының қасында. Он үш немере, тоғыз шөбере ата-әжесін күнде қуантып өсіп жатыр.

Куантаева Қадиша Кәрімқызы 1947 жылдық 20

кыркүйегінде Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Майбалық ауылында дүниеге келді. Майбалық жетіжүлдік мектебін бітіргеннен кейін Петропавлдағы педагогикалық училищеге окуға түсіп 1965 жылы аяқтаған.

Еңбек жолын 1965-1967 жылдары Майбалық сегізжүлдік мектебінде бастауышсынып мұғалімі қызметінен бастады. 1969-1971 жылдары Көкшетау облысы Красноармейск қа-

ласындағы №4 орта мектебі, орыс тілі мен әдебиет мұғалімі. 1972-1979 жылдары Красноармейск ауданы, Терновка орта мектебінің орыс тілі мен әдебиет пәндерінен дәріс берді.

1982-1988 жылдары Красноармейск аудандық атқару комитетеінің ЗАГС бөлімінің бастығы. 1988-1997



жылдары осы ауданда Тернов селолық Қеңесінің хатшысы. 1998-2003 жылдары Тернов орта мектебінің оқуісінің менгерушісі, 2003-2006 жылдары осы мектептің директоры. 2006 жылдан 2012 жылға дейін Петропавл қаласындағы мемлекеттік тілді оқыту орталығының қазақ тілін оқытушысы.

Қадиша Қәрімқызы білім саласында, мемлекеттік орғандарда, әсіресе мемлекеттік тілді оқыту орталығында еңбек еткен жылдарында мемлекеттік тілді дамытуға, оның дәрежесін көтеруге нәтижелі еңбек етті.

Көп жылғы еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен, мақтау грамоталарымен, алғыс хаттармен марапатталған.

Жолдасы Аманкелді Қалымұлымен үш қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірді. Олардың барлығы – мемлекеттік қызметкерлер. Сонымен бірге 6 немересі, бір шебересі өсіп келеді.

Махметов Қаратай Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданындағы Жаңаталап ауылында 1932 жылдың ақпан айында дүниеге келген. Орта мектепті тәмамдаған соң, білімін одан әрі жалғастырып, жоғары білім алуды алдына мақсат етіп қойған ол 1956 жылы Алматының ауылшаруашылығы институтына барлық сынақты ойдағыдай тапсырып, оқуға түседі. Институтты ойдағыдай бітіріп, ауыл шаруашылығын электрлендіру инженері мамандығын алғып шығады.

Жоғары оқу орнын бітірген соң алғашқы еңбек қадамын Петропавл қаласындағы «Казстройэлектромонтаж» құрылыш-монтаж басқармасының №60 механикаландырылған колоннасында прораб болып бастайды. Осында іскерлігімен көзге түсіп, өзіне жүктелген істі жауапкершілікпен орындалап, жауапты қызметтер атқарады. Басқармаға тапсырыс берген елді



нүктелерді электрлендіруде жемісті еңбек етеді. Сол еңбегі үшін «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен мара-патталады. Одан басқа облыстық лауазымды мекемелердің Құрмет грамоталары мен алғыс хаттары да аз емес. Егер тірі жүрсе елі үшін адал қызмет істеп, абыройлы асқақпен талай биіктерден көрінері сөзсіз еді. Өйткені ол іздөнгіш, еңбеккөр жан еді. Амал

нешік, тағдырдың жазуына шара жоқ, 32 жасында, 1964 жылы жол апатынан қайғылы қазага ұшырады. Артында сүйікті жары Майнура, 1957 жылы туған ұлы Серік, 1959 жылы туған қызы Жұлдыз, 1961 жылы туған ұлы Галымбек қалды. Майнура әкесінен жастай қалған сол ұл-қыздарын жеткізіп, оқытып, бәріне жоғары білім әперді. Серік қазір «Солтүстік Қазақстан облысы құрылыш басқармасы» мемлекеттік мекемесі жетекшісінің орынбасары, Жұлдыз Қызылжар мешітінің бас есепшісі, Галымбек құрылыш сараптау мекемесінің жетекшісі қызметтерін атқарады.

Махметов Серік Қаратайұлы Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласында 1957 жылы туған. Мектептен кейін 1973 жылы Петропавл



есеп-экономика техникина окуға түсіп, оны 1977 жылы «Өндірістік-азаматтық құрылыш» мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1977-1979 жылдар аралығында Кеңес Армиясы қатарында азаматтық борышын өтейді. 1984 жылы Алматының архитектурлік-құрылыш институтының «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыш» бөлімін бітіріп, инженер-құрылышсы мамандығын алғып шығады.

Институттан кейін 1984 дағы «Тепличный» кеңшарында техник-құрылышсы, шебер-құрылышсы мамандықтары бойынша еңбек қадамын бастайды. 1985-1991 жылдар аралығында Петропавл қаласының кәсіпорындарында шебер-құрылышсы, инженер-құрылышсы, участке бастығы қызметтерін атқарады. 1991-1995 жылдар аралығында мемлекеттік мүліктер бойынша Солтүстік Қазақстан аумақтық комитетінде және Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша жекешелендіру комитетінде бас инженер, бөлімше бастығы, бөлім бастығының орынбасары, бөлім бастығы болып қызмет істейді.

1995-1996 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің көмекшісі қызметіне тағайындалады. 1997-1998 жылдары мемлекеттік мүліктер бойынша Солтүстік Қазақстан аумақтық комитетінде бас маман, 1998 жылдан 2001 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан

облысы бойынша кәсіпорындарды қайта құру және тарату жөніндегі Агентство «Акционерлік қоғамы» филиалында бөлім бастығы, 2002 жылдан 2004 жылға дейін Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер министрлігінің төлеуге шамасы жоқ қарыздармен жұмыс істеу жөніндегі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша комитетте бас маман болып лауазымды қызметтер атқарады.

2004-2005 жылдары «Петропавл қаласы тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобилдер жолдары бөлімі» Мемлекеттік мекемесінде бас маман, бөлім бастығы болып қызмет істейді. Бұдан кейінгі жылдары «Солтүстік Қазақстан облысы архитектірлік-құрылыштық бақылау мемлекеттік мекемесінде» жауапты қызметтер атқарып 2007 жылды Шал ақын ауданының орталығы Сергеевка қаласына әкім болып тағайындалады. 2008 жылдан 2011 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы архитектірлік-құрылыштық бақылау мемлекеттік басқармасы» мемлекеттік мекемесінде бас маман, бөлім бастығы болып қызмет жасайды. 2011 жылдың тамыз айынан күні бүтінге дейін «Солтүстік Қазақстан облысы құрылыш басқармасы» мемлекеттік мекемесі жетекшісінің орынбасары қызметін атқаруда.

Серік Қаратайұлы қай қызметте жүрмесін, қай істі атқармасын өзіне жүктелген міндеттерді мінсіз тындырып, әріптестерінің арасында үлкен құрметке бөление білді. Көп жылдық жемісті және адал еңбегі, Қазақстан Республикасының құрылыш саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін 2013 жылды Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыш және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық істері Комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Махметов Тілектес Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданындағы Жаңаталап ауылында 1945 жылдың қараша айының екінші жүлдізында дүниеге келген. Ауылдағы бастауыш, кеңшар орталығы Жаңажол ауылында сегіз жылдық мектепті тәмамдаған соң аудан орталығындағы кәсіптік-техникалық училищенің механизаторлар дайындастын курсын бітіріп, тракторист-комбайнер мамандығын алғып шығады. Алғашқы еңбек қадамын аудандық мамандандырылған шаруашылықта механизатор болып бастайды. Ауылдың көнігі механизаторларынан, әсіресе Садақан Хамзин, Бәшпан Сақашев және басқа да ағаларының ақыл-кеңесін тындалап, олардың іс-тәжірибелесінен үлгі алғып, аз уақыттың ішінде көнігі механизаторлардың қатарына қосылады.



Ауылдағы бастауыш, кеңшар орталығы Жаңажол ауылында сегіз жылдық мектепті тәмамдаған соң аудан орталығындағы кәсіптік-техникалық училищенің механизаторлар дайындастын курсын бітіріп, тракторист-комбайнер мамандығын алғып шығады. Алғашқы еңбек қадамын аудандық мамандандырылған шаруашылықта механизатор болып бастайды. Ауылдың көнігі механизаторларынан, әсіресе Садақан Хамзин, Бәшпан Сақашев және басқа да ағаларының ақыл-кеңесін тындалап, олардың іс-тәжірибелесінен үлгі алғып, аз уақыттың ішінде көнігі механизаторлардың қатарына қосылады.

Жаңаталап ауылында комсомол-жастардың трактор-егіс бригадасы ауданда алғашқылардың бірі болып құрылған болатын. Тілектес осы бригаданың құрамында еңбек етіп, өзін алдынғы қатардан көрсете білді. Бір неше рет озат механизаторлардың аудандық, облыстық слеттеріне қатысты. 1974 жылдан өмірінің соңына дейін Ступинский кеңшарында еңбек етті. Мұнда да адал еңбегімен құрметке бөленді. Аудандық, облыстық партия, комсомол комитеттерінің Құрмет

грамоталарымен марапатталды. Зайыбы Райхан екеуі бес ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсірді. Ауыл ардақ тұтқан үлгілі отбасы бола білді. 2014 жылдың 4 ақпанында дүниеден өтті.

Малдыбаев Сәбит Ғалымұлы



1964 жылы 26 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев (қазіргі Шал ақын) ауданы, Ленин ауылында дүниеге келген. Әкесі Ғалым Малдыбаев – ақын, журналист, бірнеше кітаптың авторы.

Сәбит Ғалымұлы Қостанай педагогикалық институтын бітірген филолог. Еңбек жолын Сергеев аудандық Мәдениет үйінде ВИА жетекшілігінен бастады. Содан кейін жоғары

оку орнында оқып жүргендеге Кеңес Армиясы қатарына алынып, азаматтық борышын өтейді.

1990-1998 жылдары Сергеев аудандық «Новатор» газетінде тілші, бөлім менгерушісі, бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарады. Ал 1998 жылы аталмыш газеттің бас редакторы болып тағайындалады. Бір жылдан кейін «Вечерняя Астана» газетіне тілшілікке ауысады. Бұл қызметті «Казахстанская правда» газетінде жалғастырады. Республикалық «Аграрный Казахстан» газетінің бас редакторының орынбасары қызметін де атқарады. 2006-2008 жылдары Батыс Қа-

зақстан облыстық «Приуралье» газетінде бас редактор болып істейді. 2008-2009 жылдары республикалық «Казахстанская правда» газетінде арнаулы тілші, экономика бөлімінің редакторы, ал 2009 жылдан осы газеттің бас редакторының орынбасары қызметін атқа-рудада.

2015 жылдың қыркүйек айында Пекинде болған бұқаралық ақпарат құралдарының форумында Сәбит Ғалымұлы Жібек жолы жөніндегі идеяны жүзеге асыру үшін комитет құруды ұсынады. Зайыбы Астана қаласының Алматы аудандық сотының судьясы А.Е. Малдыбаевамен екеуі екі қызы тәрбиелеп өсірді. Серуені – даму бөлімінің маманы, Арайы – Пекин мемлекеттік саясат және бизнес университетінің студенті.

С.Малдыбаев Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен және «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен марапатталған.

Мырзағұлов Жарқын Зағыпарұлы 1936 жылы 1 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысының Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданындағы Айымжан ауылында дүниеге келген. 1942 жылы туған ауылдағы жетіжылдық мектепті бітіріп, орта білімді Баян орта мектебінде алып шығады. 1952 жылы Алматы қаласындағы ауылшаруашылық институтына қабылданып, оны ойдағыдай тәмамдалған инженер мамандығын алып шығады. Солтүстік Қазақстан облысындағы Мамлют жөндеу-механикалық зауытына жолдама алышп, еңбек жолын бастайды. Бірақ бұл кәсіпорында небәрі біржарым жылдай ғана жұмыс істеп Петропавл қаласына қоныс аударады. Мұнда радиозауытқа орналасады. Алғашқы күннен ұжыммен тіл табысып, жұмысты менгеріп кетеді. Аға инженер қызметін атқарып жүріп



Қазақстанда алдыңғылардың бірі болып бағдарламалық станоктарды өндіріске енгізеді. 1963 жылы Куйбышев атындағы зауыттың басшыларының шақыруымен Жарқын Зағыпарұлы осы кәсіпорынның жаңа техникалар бөліміне жұмысқа қабылданады. Көп ұзамай ол электроавтоматика бюросының бастығының орынбасарлығына ауысады.

Петропавл қаласындағы зауыттарда аға инженер-электрик, технологиялық процестерді механизациялау және автоматтандыру бөлімінің электроавтоматика бюросының бастығы қызметтерін атқару арқасында зауыт технологиясы жөнінде бай тәжірибе жинаған. Мәскеу, Ленинград және Киев, Минск қалаларында жиі іс сапарда болып, көп нәрсені көріп, жаңалықтарды өзі еңбек ететін зауыттарға пайдаланды. Жарқын Зағыпарұлы еңбек өтілінің он сегіз жылын әскери зауыттарда өткізді.

1974 жылы Алматы қаласына келіп, Мемлекеттік стандарттың республикалық басқармасына техникалық бөліміне бастық болып орналасады. Кейін Қазақстан Республикасы Энергетика Министрлігінің Казтехэнерго басқармасының шақыруымен бөлім басшысы – бас метролог қызметіне тағайындалады. Бұл қызметте жиі іс сапарда болып, сынақ кәсіпорындарын және метал зертханаларын, ғылыми-зерттеу ин-

ституттарының химия және жанаармай зертханаларын аттестациялады, сонымен қатар жалпы Кеңес Одағы бойынша да аттестацияға қатысты. 1998 жылы Целиноград (қазіргі Астана) қаласына қоныс аударып, жұбайы Жайық пен ұлы дәрігер болғандықтан отбасылық медика-фармацевтік колледж ашады. Жарқын Зағыпарұлы медицинаға байланысты әдістемеліктерді компьютерде терумен қатар, сабакқа қалай дайындалу, қалай оку жөніндегі өз методикасын да ойластырып шығарған. Оны пайдаланған немересі оку орнын қызыл дипломға бітіріп шыққан.

Молдахметова Үміткен Сарықызы Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданындағы Көктепек ауылында 1951 жылы 8 ақпанда дүниеге келді.

1968 жылы Ленин орта мектепті, қазіргі М.Ахметбеков атындағы орта мектепті күміс медальмен тәмамдап, сол жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына окуға түседі. 1972 жылы аталған институттың физика-математика факультетін математика мамандығы бойынша аяқтап шығады.

42 жылдан астам саңалы ғұмырын жас үрпақ тәрбиесіне арнады. Еңбеккорлығы мен ерекше дарын-



дылығының арқасында жоғарғы санатты білікті ұстаз, аудандық білім жүйесінің бас маманы, әдістемелік кабинет менгерушісі қызметтерін атқарды.

Ауданның білім жүйесі қызметкерлерінің бүгінгі күн талабына сай, кәсіби шындалған, шығармашылық бейім маман болып қалыптасуына қосқан лайықты үлесі бағаланып, «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен және аудандық, облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталарымен, аудан, облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Мәжитова Даляфруз Ғабдусәламқызы 1944 жылы

2 қазанда Омбы облысы Азов ауданы Бақыбек ауылында дүниеге келген.



Даляфруз Мәжитова еңбек жолын оқу бітіргеннен кейін Қарағанды үй құрылышы комбинациянда арматуршы болып бастаған, кейін №4 Қызылту құрылыш-монтаждық басқармасының техник-зертханашысы болып жұмыс істеді. 1965 жылы Петропавл қаласының педагогикалық институтына

окуға түседі. Окуды ойдағыдай бітіріп, жаратылыстану-географиялық мамандығы бойынша мұғалім болады. Қындығы мен қызығы мол осы маман-

дықты бала күнімнен арманададым, - дейді Даляфруз Габдуләламкызы.

Адам баласына көмектесу, оқыту – игілікті істердің бастамасы демекші Даляфруз 1970 жылы Толбухин совхозының мектебіне география пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады. Ең алғаш «Ұстаз» деген атаққа ие болуы осы мектептен басталды. Осы мектепте оқушыларға сапалы білім беріп, ұстаздық, ізденгіштік қабілетімен көзге түседі. 1972 жылы аудандық білім бөліміне инспектор лауазымына ауыстырылады, ал 1973 жылдан бастап 2004 жылға дейін Кішкенекөл № 1 орта мектебінің география пәнінің мұғалімі болып еңбек етеді.

Қасиетті Кішкенекөл № 1 орта мектебінің қара шаңырағының ұстазы Даляфруз Мәжитова білім нәрімен су-сындағы, оқушыларға жақсы тәрбие мен білім берді. Ол тәрбиелеген ұрпақтар бүгінгі күні еліміздің тірегі болып отыр. Тәуелсіздіктің туғырын, еліміздің тыныштығын сактап қалатын да солар. Сондықтан ұстаз болу - жүректің батырлығы.

Кішкенекөл № 1 орта мектебінің ұстазы, Москва қаласында өткен халыққа білім беру қызметкерлерінің бүкілодақтық съезінің делегаты, білім беру саласындағы жемісті еңбегі үшін «Қазақ ССР білім беру ісінің үздік қызметкері», ұстаз-әдіскер атағына ие болған Даляфруз Мәжитова қызмет еткен жылдардың ішінде көптеген медальдармен, грамоталармен марапатталған.

Ұстаз – рухы таза, ой – өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер тәгіп, шыдамдылық пен та-бандылықтың үлгісін көрсетуші, өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашак ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жаратып, қоғамды өрге өркендетуші, жаңашылдықтың бастаушысы, жүрегі – жылы, көнілі – дарқан адам ол Даляфруз Мәжитова.

Мырзахметова Сабира Қабдолқызы бүрынғы Ленин, қазіргі Есіл ауданындағы Жарғайың ауылында 1926 жылдың оныншы маусымында дүниеге келген. Жастайынан жетім қалған оның балалық шағы қын кезеңде өтеді. Әсіресе Ұлы Отан соғысы басталғанда Сабира Қабдолқызы өмір азабын бастап көп кешіреді. Бұл кезде қолына қару ұстасуға жарамды ер-азаматтардың барлығы



Отан қорғауға аттанған болатын. Елде тек кәрі-құртаң, бала-шаға, оларға бас-көз болып жүрген әйелдердің барлығы тылдағы майданың ауыр жүгін арқалап, төзімділікпен еңбек етіп жатқан уақыт. Сабираның он беске енді ғана толған өрімдей жас кезі. Бойшан, еті жүқа, нәзік қыз егіс алқабында өгіз жетекпен, ма-сақтың қалдығын жинап, көпшілікпен бірге еңбекке ерте араласып кеткен. Жеті сыныптық білімі бар бойжеткеннің есеп-қисапқа қабілетін байқаған ұжымшар басшысы оны есепші етіп тағайындаиды. Кейін Қызылжар қаласындағы бухгалтерлер даярлайтын үш айлық курста оқып елге оралған соң ұжымшарда есепші болып еңбек етеді.

Бір күні ұжымшар басқармасының төрағасы Сабира Қабдолқызының қолына бір жапырақ қағазды ұстата-

ды. Ол қағаз сол соғыс жылдары жүргізіліп жатқан еңбек армиясындағы жұмысқа шақыру құжаты болатын. Ауылдан алысқа ұзап көрмеген Сабира сарыуайымға салынып, кімге барып шағым айтарын білмейді. Ақыры тағдырдың бұл тәлкегіне де мойынсұнады. Сөйтіп, қазіргі Есіл ауданындағы Жарғайың ауылының екі қызы мен бір келіншегі қолдарына еңбек армиясына жіберілген алты айлық жолдама қағаздарын алып, бір кеште облыс орталығына жеткізіледі. Келер күні поезға отырып, олар Ақмола облысының аймағындағы еңбек армиясына келіп қосылады.

—Біздер жасымыздан тағдырдың салған тәлкегіне көндігіп, ауыр еңбекке етіміз үйренген жандармыз фой. Жұмыстан корықпаймыз, бірақ әйел адамның күшіне лайық емес ауыр жұмыстан діңкең құрыған кезде өмірдің сол ауыртпалығына лағынет айтатын кездер де болатын. Қасымдағы екі жерлесіммен бірге өзімізге берілген бір ара мен балтаны кезектесе ұстап, таңның атысынан кешкі інірге дейін қарағайларды кесіп құлағып, бұталаймыз. Не керек, әйтеуір, талай азапты күндерді бастан өткіздік қой, - деп Сабира Қабдолқызы өткен өмірін еске алады.

Сабира Мырзахметова еңбек армиясында жүріп талай ауыр жұмыстарды атқарды. Ішерге тамағы, киерге киімі болмаса да Женіс үшін маңдай терлерін төгіп, аянбай еңбек еткен тылдағы еңбек ардагерлерінің бірі ол. Еңбек армиясынан елге оралған Сабира ауылда ұзақ жыл дүкенші, кейін зейнеткерлікке шыққанға дейін Николаевка кеңшарында кассир болып еңбек етті. 1947 жылы майданнан тосып алып, қосылған қосағы Жәкен Жапарұлы екеуі дүниеге екі ұл, бес қыз әкеліп, бәрін оқытып, ержеткізді. Олардан 24 немере, 14 шөбере сүйіп, бақытқа бөленді. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы және бейбіт өмірдегі еңбекте

көрсеткен жетістіктері үшін жеті медальмен марапатталды. Көп бала тәрбиелеп өсіргені үшін «Батыр ана» атандып, «Алтын алқа» тағынды. Өмірдің қынының да қызығын да көрген кейуана 2010 жылы өмірден өтті.

Мұсабаева Гүлбахша Нұрмұқанқызы 1970 жылы



12 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысының М.Жұмабаев ауданындағы Красное (қазіргі атауы Ноғайбай) ауылында дүниеге келді.

Жоғары білім жүйесінде 20 жылдан артық жұмыс істеп келеді. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, заңғылымдарының кандидаты. 1993 жылы Е.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің (Қар-

МУ) тарих факультетін аяқтаған соң, университеттегі «Қазақстан тарихы» кафедрасына оқытушы болып жұмысқа орналасып, содан кейін осы білім ордасында «Отан тарихы» мамандығы бойынша аспирантураны бітірді.

2000 жылы Гүлбахша Нұрмұқанқызы туған жері Солтүстік Қазақстан облысына қайтып келіп, Қазақ мемлекеттік заң академиясының Солтүстік Қазақстан филиалында ұстаздық қызметін жалғастырды. Ал

2003 жылы Заң академиясында «Юриспруденция» манандығы бойынша оқуды үздік аяқтап, қызыл диплом алды.

1996 жылы Е.Бекетов атындағы ҚарМУ-не түскен уақыттан бастап ғылымға бет бұрды. Бірнеше жыл бойы Қазақстан халқының депортациясы мәселесін тарихи және зангерлік көзқараспен зерттеді. Көп жылдық еңбегінің аркасында диссертация жазды. Оның өміріндегі тарихи кезең 2010 жылдың 1 сәуірінде Эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық отырысында орын алды. Осы докторлық кеңесте Г.Н.Мұсабаева «1920-1950 жылдардағы Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық тарихы» тақырыбындағы диссертациясын сәтті қорғап, заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алып шықты. Оның 50-ден астам ғылыми мақалалары бар, 3 оку әдістемесі және монографиясы жарыққа шықкан. Қазіргі уақытта құқықтың тарихы мен теориясы, конституциялық құқық, адам құқығы, медиация, Қазақстан халқы ассамблеясы және т.б. мәселелерге қызығушылық танытып отыр. Көп жылдар бойы магистрлік диссертацияларға жетекшілік етеді.

Г.Н.Мұсабаева қоғамдық жұмыстармен 20 жылдай айналысады. Петропавл қаласы Қоғамдық кеңестің хатшысы. «Нұр Отан» партиясының белсенді мүшесі. Бірнеше жыл қатарынан ұйымдар мен мекемелерде Елбасы Жолдауының негізгі қағидаларын насихаттау тобына қатысады. С.Мұқанов атындағы облыстық әмбебап кітапханасының дәнгелек үстелдердің модераторы және облыстық, қалалық ішкі саясат басқармасы, білім басқармасы, колледждермен және мектептермен қызмет істейді.

2011 жылы Астанадағы Қазақстан тарихшылары I Конгресінің жұмысына қатысты.

2012 жылдың 24 сәуірінде Астана қаласында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының делегациясымен бірге «Этносаралық қатынастар аумағындағы медиация» тақырыбында оқу оқыды. Кәсіби медиатор сертификатын алды.

2013 жылдың 24 сәуірінде Астана қаласында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XX мерейтойлық сессиясына Солтүстік Қазақстан облысы делегациясы құрамында қатысты.

Ал 2014 жылды XXI сессияда Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен бірге Президиум құрамында болу құрметіне ие болды. Сонымен қатар Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясының делегаты болды.

Бүгінгі таңда Солтүстік Қазақстан облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының «Ugraq» қазақ мәдени-ағартушылық орталығының директоры. Ассамблея оның өмірінде маңызды орын алады. Ол ассамблеяда ғылым мен медиацияның дамуына көп уақытын бөледі. Сонымен қатар ғылыми-сарапыштық топтың жетекшісі және медиация кабинетінің жұмысын басқарады.

Г.Н.Мұсабаеваның мемлекеттік марапаттары бар. Конституцияның 20 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылдың 5 тамызындағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» медалімен марапатталды. Этносаралық бірлік пен келісімнің және Нұр Отан партиясының сайлау алды жұмысында белсенділік танытқаны үшін ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Алғыс хатпен марапатталды. Өнірдің қоғамдық қызметінде белсенділік танытқаны және әлеуметтік-экономикалық дамуына сіңірген еңбегі үшін Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамоталарына да ие болды. Ғалым және қоғам қайраткері ретінде

тарих, құқық, заманауи әлеуметтік-саяси жағдай, ұлтаралық қатынастар және басқа да мәселелер бойынша облыстық және республикалық телеарналарда жи шығып тұрады.

Мәдиев Қорған Едрісұлы Солтүстік Қазақстан облысы ауылшаруашылық саласының өркендеуіндегі қыын-қыстау жағдайларға қарамастан, аянбай, асқан еңбеккорлығымен, төзімділігімен, өз ісіне адалдығымен мал шаруашылығының жаңғырып, дамуына 50 жылдан артық еңбек сіңірген, туған өлкенің экономикасының өрлеуіне баға жетпес үлес қосқан, атамекенге деген сүйіспеншілігі мен таңдаған кәсібіне



шын берілгендігі өскелен ұрпаққа үлгі болатындей ел ағасы, Қорған Едрісұлы 1941 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Көктерек ауылында дүниеге келді.

Қорған Едрісұлы ұзақ жылдар талмай іздестіру нәтижесінде 2006 жылы Ұлы Отан соғысына қатысып, хабарсыз кеткен әкесі Едріс Мәдиұлының Ресейдің Тверьская облысы Нелидово ауданының Кутьево станциясындағы бауырластар зиратында жатқандығы туралы қуанышты хабар алғып, алдымен өзі барып

келсе, 2013 жылы кызы Сандуғаш пен қүйеу баласы Асқарды, ал 2015 жылы немересі Едрісті ертіп апарып әке ерлігі туралы көп мағлұмат жинап, бауырластар зиратына гүл шоқтарын қойып, туған жерге сол жерден бір уыс топырақ алып қайтып, дұға оқытып, елде-гі қорымға белгі тас қойған болатын.

Анасы Тұрсын Сәрсенбіқызы ел қатарлы зұлмат соғыстың барлық тауқыметіне мойымай, қайсарлықпен қарсы тұрып, жалғыз ұлы Қорғанын «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай» білімді, еңбеккор, адамгершілігі зор азамат болса еken деп тәрбиелеуді мақсат етіп, сол асыл мұратына жеткен жан еді. Еліне елеулі, халқына қалаулы болған анасы сауда саласында көп жылдар абырайлы еңбек еткен және күміс көмей әнші де болған дейді ауылдастары, оның осы өнерінің ұлына да дарығанын ел біледі.

Қорған Едрісұлы 1959 жылы Ленин орта мектебін бітіргеннен кейін 1960-1961 жылдары Новопокровка, Теренсай, Ибраев кеңшарларында механизатор болып, қайнаған ауыл тіршілігіне араласып, тәжірибе жинақтайды. 1962-1964 жылдары Петропавл ауылшаруашылығын механикаландыру техникумында білім алады. 1965-1966 жылдары Ибраев кеңшарында механик болып еңбек етеді. Еңбеккорлығы, алғырлығы мен кәсіби шеберлігінің арқасында 1967 жылы Петропавл облыстық мал шаруашылық станциясына бас инженер болып тағайындалады. 1975-1988 жылдары заман талабына сай Сергеев ауданында жаңадан ашылған «Азотный» зауытына директор болып ұзақ жылдар та-бысты еңбек етеді. Осы мекемеде жұмыс істей жүріп, ауыл шаруашылығының ғылыми дамуына қажет жобалардың бірі сұйық азотпен жұмыс істеу бойынша біліктілігін Мәскеу және Омбы қалаларында көтеріп, саланың өркендеуіне елеулі үлес қосқан. Кейін 1996

жылға дейін Петропавл облыстық малшаруашылық станциясына бас инженер қызметіне қайта оралады. Ал 1997 жылдың 30 қыркүйек айынан бастап «Жекеменшік мал шаруашылығы» ЖШС ашып, жемісті еңбек етіп келеді.

Ұзак жылғы адаптацияның 10 жылдан көп кешенін дамытуға қосқан зор үлесі үшін облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Көп марапаттарының ішінде, әсіресе, Қазақстандағы кәсіпкерліктің жетістіктерін бағалап, Қазақстан экономикасының инвестиция тарта алу тартымдылығын арттыруға мүдделі «Қазақстандық бизнес-рейтингтің» шешімімен Қорған Едрісұлы басқарып отырған мекеме 2011-2012 жылдардың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы шағын кәсіпорындары арасында мал базын көбейту бойынша көмекші құрылымдарды бағалауда ОКЭД бойынша ТОП-60-қа енді, 2012-2013 жылдардың қорытындысы бойынша 5 номинацияда жеңіп, бірыңғай халықаралық экономикалық рейтинг бойынша «2014 жылдың импортері» атағының, ал 2014 жылдың қорытындысы бойынша «Лидер отрасли» - «Сала көшбасшысы» атағын алуы, 2015 жылы «Агропредприятие года» - «Жыл агроөнеркәсібі» атағына ие болуы, оның басшылық қызметтегі ерен еңбегінің берген үлкен жетістіктері еді.

Еңбек ардагері құрметті демалысқа шықса да, жинаян іс-тәжірибелін жас әріптестерімен бөлісіп, ел иғілігіне еңбек етуде. Әсем, Әскен, Женіс, Қарлығаш, Сандуғаш атты ұл-қыздары ел экономикасының әр саласында табысты еңбек етіп жүрген азаматтар, 9 немере, 1 шөбере өсіп келеді.

Мұхамедиаров Тілеужан Мұхамедиарұлы Шалқақын ауданының Ақсу ауылында 1929 жылы 12 сәуірде



дүниеге келген. Ел аузында тік мінезді Тікең аталаып кеткен. Тікенді еске алғанда соғыс жылдарындағы ауыл адамдарының тұрмыс-құйбендері еле стейді. 13-14 жасынан елде қалған қариялардан қалыспай масақ теріп, шөп тіркемесінің соңынан еріп, ерте есейген жастардың бірі болатын. Колхозға еніп, шаруашылықтың барлық жұмысына араласты. Тың және тыңайған жерді игеру науқаны басталғанда тепсе темір үзетін Тікен темір тұлпарға отырып, қара жердің қыртысын қопарған. 1957 жылы ұжымшарлардың біріктірілуінің салдарынан Новопокровка машина-трактор станасы /МТС/ құрылған, құрамында Ақбалшық, Ақсу, Жана су, Еңбек, Теренсай, Көктерек, Мектеп ауылдарының жерлері қамтылған.

Алғашында дала қосында орналасқан селеншіктер (орыстар, украиндықтар, латыштар т.б. ұлт өкілдері) Ақсу ауылына орныға бастады. Тікең сол жігіттерден қалыспай, өзінің күндік жоспарын асыра орындалаттай жетістіктерге жетті. Сол кезде МТС директоры – жас маман «сары бала» атанып кеткен Николай Петров ауыл азаматының енбекке деген құлшынысын байқап, оны № 3 бригаданың бригадирі етіп тағайындейды.

Бригада қосы Ақсу ауылынан 4 шақырым жерде орналасты. Онда механизаторларға арналған жатын орын, асхана, қызыл бұрыш салынды.

Барлық жағдай жасалғанмен әр жерден келген, әр үлттан құралған бригадаға басшылық ету, әрине Тікене онай болған жоқ. Бірақ ол өзінің еңбекті ұйымдастыру қабілетін көрсете білді. Алдарына қойған міндеттерді орындана отырып, алдағы ауқымды шарапарды да ұмытпады.

Бұл талаптарды орындану үшін, екі сөйлемей тік мінезін көрсету де керек болды. Солай талап етудің өзіндік нәтижесі де болды. Тікен басқарған трактор-егіс бригадасы МТС бойынша алғашқылардың бірі болып егін егуді аяқтап жатса, күзде оның өнімдері де жоғары болды. Бірнеше мәрте аудан, облыс бойынша жарыс женімпазы атанып жүрді.

Кейін МТС-тан Новопокровка және Теренсай кеңшарлары құрылды. Сол кезде де өз бригадасымен қалған Тікен ұжымын жоғары нәтижелерге жеткізе білді. Егістік алқаптың әр гектарынан 20-24 центнерден кем астық алмайтын Тікеннің еңбегі жоғары бағаланды. Кеңес Одағының ең жоғары марапаты: «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерінің иегері атанды, «1941-1945 жылдарындағы ерен еңбегі үшін» және басқа да медальдармен марапатталған.

1968 жылы Новопокровка кеңшары – «ВЛКСМ-ның 50 жылдығы» аталып, Тікен басқарған бригада «Комсомол-жастар» бригадасы атағына ие болды, себебі бригада құрамында албырт жастар көп еді. Тікеннің бригадасында жұмыс істеу жастарға да мактаныш болатын. Ол кісі тәрбиелеген механизаторлар да үкімет марапаттарының иегерлері атанды.

1970 жылдан бастап бөлімше басқарушысы болған Тікен Ақсу ауылының әлеуметтік жағдайына да көп

көңіл бөлді. Елде жаңа типті мектеп, клуб, дүкен салуға ат салысты, көшелер абаттандырылып дұрысталды.

Мұхамедиаров Тілеужан Мұхамедиарұлы тек қана жұмысқа ғана көңіл бөліп қойған жоқ, ол әр азamatқа тән отбасын құрды. Жақсы отағасы бола білді, жолдасты Құсни апа екеуі 4 үл, 2 қыз бала тәрбиелеп, өсірді. Бүгіндері әке-шешелерінің тәрбиесін көріп өскен үл-қыздары үлгілі отбасылары болып отыр.

Нұрахметов Марлан Нұрахметұлы 1936 жылдың 10 сәуірінде Солтүстік Қазақстан облысындағы Приишим ауданының Октябрь ауылында дүниеге келген.

Сұрапыл соғыс аяқталып, ел есін жия қоймаған 1945 жылы Октябрь жеті жылдық мектебіне 1-класқа барып, оны 1952 жылы жақсы оқып тәмамдаған соң, 1952-1955 жылдары Еңбек орта мектебінде оқып, ойдағыдай үлгеріммен орта білім алғып шығады.



Әкесі Жұматаев Нұрахмет Ұлы Отан соғысында қанды шайқаста қаза тауып, жетім қалған Марланның арманы – жоғары окуорнына түсү болды. Алайда, үйдің үлкені болған Мар-

лан бұл мақсатқа жете алмай, 1956-1959 жылдары Ленин ауыл шаруашылығы техникумын, Тоқшын ауыл шаруашылығы мектебін тәмамдаған. Кейін, еңбек етіп жүрген жылдары Алматы Халық шаруашылығы институтында, Алматы оқу комбинатында және Көкшетау қаласында бірнеше рет біліктілігін шындалап қайтқан.

Еңбекке ерте араласып, әкесіз өсүдің дәмін ерте тартқан Марлан Нұрахметұлы өзінің еңбек жолында ешкімнің ала жібін аттамай, ой-өрісінің кеңдігінің арқасында есеп-қисапқа адал, тыын-тебенге ұстанымды, жазуға тыңғылықты, шот қағуға жүйрік болып, өз ісінің білгірі атанды.

Еңбек жолында 1962 жылды Ленин ауданы Калиновка ауылында, одан кейін 1965-1968 жылдары Заградовка совхозында, 1968-1970 жылдары Бұлақ совхозында бухгалтер қызметтерін атқарып, 1972-1977 жылдар аралығында кітап десе – ішкен асын жерге қоятын Марлан Жарғайың ауылдық кітапханасында кітапханаши болып еңбек етті.

1977 жылды Ильич атындағы совхозда есепші болып, 1978 жылды сол совхозда бас бухгалтердің орынбасары қызметіне дейін көтерілді.

Еңбекте, қызметтестер арасында адал, терең білімді, өз ісіне жан-тәнімен берілген тиянақты Марлан Нұрахметұлы әріптестерінің алдында зор бедел-құрметке ие болды.

Жары Гауһар Айтжанқызы екеуі отбасы құрған жылдар ішінде алты баланың әкесі атанып, өзінің тәрбиеlei сөздерімен, үлгілі қылышымен оларға өнеге болды. Балаларының өмірде де, қызметте де осы күні жетіп отырған жетістіктеріне қосқан үлесі - орасан. Атасы Марланды көзі тірісінде көрмесе де, немерелері үлгі тұтады.

Марлан Нұрахметұлы Халық шаруашылығындағы ұзақ та адал еңбегі үшін «Еңбек Ардагері» медалімен, Құрмет грамоталармен, Алғыс хаттармен марапатталған.

Нұрахметов Марлан 1997 жылы 9 наурызда ұзақ уақыт сырқаттанып, дүниеден өтті.



Нұрахметов Марлан 1946 жылы 23 қарашада Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Баян ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын осы аудандағы «Украин» кеңшарында жұмысшы болудан бастаған. Міндепті әскери борышын өтеп С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне окуға түседі. Жоғары окуяның қызыл дипломға бітіріп Қазақ КСР Ғылым академиясының философия және құқық институтына кіші ғылыми қызметкер болып орналасады. Содан кейін осы институттың ғалым-хатшысы, Қазақстан Ғылым академиясының РИСО төрағасының орынбасары, философия және құқық институты директорының орынбасары, осы институттың директоры қызметтерін атқарды. 1980 жылы Мәскеуде КСРО ғылым академиясының мемлекет және құқық институтында «Механизм формирования правомерного поведения»

деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды.

90-шы жылдардың басында Е.Нұрпейісов еліміздің белгілі заңгер ғалымдары С.Зимановпен, Н.Акуевпен, В.Киммен, З.Федоровамен, С.Сартаевпен бірге егеменді мемлекеттердің жаңа одақтық келісімін дайындауға және талқылауға қатысады. 1991 жылы Еркеш Қалиұлы философия және құқық институтының ғалым-хатшысы, қазіргі кездегі Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Министрі Т.С.Донақовпен бірге «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жөнінде» Заңың жобасын жазып, ол 1991 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған болатын. Сонымен қатар 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасын дайындаған экспер特-конституциялық комиссияның да мүшесі болған.

1994 жылы біздің жерлесімізді Қазақстанның Ассоциациясының президенті етіп сайлайды. Осы жылы Қазақстанның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақ мемлекеттік заң институты құрылады. Институттың бірінші ректоры болып Е.К.Нұрпейісов тағайындалады. 1996 жылдың 5 қарашасында Қазақстан үкіметінің шешімімен бұл институт Қазақ мемлекеттік заң университеті болып қайта құрылады. Ал 2000 жылдың ақпанынан бұл оқу орны Қазақтың мемлекеттік заң академиясы болып аталады. Мұның құрамында 10 кафедра, 5 ғылыми-зерттеу институты, 47 ғылым докторлары мен профессорлары, 158 ғылым кандидаттары мен доценттерінің болуы сөзсіз Еркеш Қалиұлының зор еңбегінің нәтижесі еді.

1996 жылдың наурызынан қарашасына дейін ол Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің мүшесі болды. Осы жылдың қазан айынан Мемлекет басшысының Жарлығымен Парламент Сенатының депутаты

болып тағайындалады. Заң шығару және сот-құқықтық реформа жөніндегі Комитеттің мүшесі. 1998 жылдың мамырынан 2001 жылдың мамырына дейін Парламент Сенаты төрағасының кеңесшісі болса, 2002 жылдың наурызына дейін халықаралық істер, корғаныс және қауіпсіздік жөніндегі Комитеттің хатшылығының мемгерушісі қызметін атқарды. Бір жарым жыл ол Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы адам құқығы жөніндегі Комиссияға төрағалық етті.

2002-2005 жылдары Еркеш Қалиұлы Қазак заң академиясының бірінші проректоры, «Интеллектуал-Парасат» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің вице-президенті қызметтерін атқарды. Қазіргі кезде мемлекет тарихы институтында бас ғылыми қызметкер болып еңбек етуде. Көптеген ғылыми мақалалардың, монографиялар мен кітаптардың авторы.

Е.Нұрпейісов ғылымға қосқан зор үлесі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарымен марарапатталған.

Зайыбы Лидия Семенқызымен төрт бала тәрбиелеп өсірді. Олардың бәрі өмірде өз орындарын тапқан. Төрт немеренің, бір шөберенің сүйікті атасы.

Оразалин Есжан Қабиұлы Солтүстік Қазақстан облысындағы Шал ақын ауданының орталығы Сергеевка қаласында 1970 жылы қараша айының 7-і күні дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін Көкшетау қаласындағы С.Садуақасов атындағы ауылшаруашылығы институтына оқуға түсіп, оны 1995 жылы агроном мамандығы бойынша тәмамдалған. 2006 жылы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін заң тану мамандығы бойынша тәмамдалап, екінші жоғары білім алады.

Алғашқы еңбек қадамын коммерциялық агенттікten бастайды. Одан кейін жер қорларын басқару жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінде жерге орналастыру инженері, бас маман қызметтерін атқарады. 2004 жылы Солтүстік Қазақстан облысы «Азық-тұлік корпорациясы» акционерлік қоғамы директорының орынбасары, 2007 жылы осы



мекеменің директоры болып тағайындалады.

2013 жылы «Қазақстан астық компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аймақтық директоры болып қызмет істейді. 2014 жылдан күні бүгінге дейін «Солтүстік әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы қызметін атқаруда. Ұзақ жылдар бойы атқарған жемісті еңбегі үшін «Құрмет» орденімен, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрінің Құрмет грамотасымен, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 2016 жылғы сайлауда «Нұр Отан» партиясы атынан облыстық мәслихатқа депутат болып сайланды.

Омаров Жасұлан Исқақұлы 1967 жылы 1 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев (қазіргі Шал



ақын) ауданы, Марьевка селосында туған. Булаев орта мектебін бітіргеннен кейін 1984 жылы Қорған ауылшаруашылық институтының агрономдық факультетіне окуға түседі. Бірінші курсы тәмамдаған соң Кеңес Армиясы қатарына шақырылады. 1985 жылдың күзінде Германиядағы Кеңес әскерлерінің қармағына жіберіледі. Мұнда артиллерия бригадасында қызмет

атқарып 1987 жылдың мамырында старшина шенінде елге оралады. Осы жылдың маусымынан Булаев тәжірибелі-арнаулы зауытта слесаръ болып істейді. Ал қазан айынан бастап Қорған ауылшаруашылық институтында окуын жалғастырады. Окуды ойдағыдай бітіргеннен кейін Булаев ауданындағы Комсомол кеңшарының №2 бөлімшесіне агроном болып тағайындалады. 1992 жылдың қыркүйегінде осы бөлімшениң басшылығына ауысады.

1992 жылдың қарашасында Жасұлан Исқақұлы отбасымен Петропавл қаласына қоныс аударады. Осы жылдың 19 қарашасында Солтүстік Қазақстан облыстық қаржы басқармасының халық шаруашылығын қаржыландыру бөліміне жетекші маман болып тағайындалады. 1994 жылдың 1 ақпанында бөлімнің бас мамандығы қызметіне ауысады.

1995 жылдың наурызында Ақмола қаржы-экономикалық техникумын сырттан бітіріп, қаржыгер мамандығын алғып шығады. Аталған жылдың мамырында ол облыстық қаржы басқармасының жобалау және экономикалық талдау бөліміне бастық болып бекітіледі. Уш айдан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрығымен облыстық қаржы басқармасы бастығының орынбасары – жергілікті бюджет бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалады.

1997 жылы 24 наурызда Жасұлан Исқакұлы облыстық қаржы басқармасы бастығының бірінші орынбасарлығына ауыстырылса, 19 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облыстық қаржы басқармасының бастығы қызметіне тағайындалады. 2001 жылы 14 маусымда Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітіріп шығады.

Жасұлан Омаров 2002 жылы 29 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің қаржы және экономика мәселелері жөніндегі орынбасары болып тағайындалады. Ол осында жауапты қызметті төрт жыл атқарады. 2006 жылы 17 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментінің басшысы болып аудысады. Осы жылы «Петропавл Суда-сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қаржы директоры болып тағайындалады.

2007 жылы Жасұлан Исқакұлы Астанага қоныс аударып «Центр маркетингово-аналитических исследований» АҚ басқарма төрағасының кеңесшілігіне тағайындалады. 2008 жылдың ақпанында Қазақстан Республикасы үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасы статистика агенттігі төрағасының орынбасары, 2009 жылдың желтоқсанынан Ауылшаруашылығы Министрлігінің су ресурстары комитетінің төраға-

сының орынбасары қызметінде болады. 2010 жылы шілдеде аталған Министрліктің табиғи ресурстарды стратегиялық пайдалану департаментін басқару тапсырылады. 2011 жылдың маусымында Қазақстан Республикасының еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігінің қаржы департаментінің директорлығына ауысады. 2014 жылты Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау және әлеуметтік даму Министрлігінің қайта күрүлүшінен байланысты ол қаржы департаментінің директоры болып тағайындалып, қазіргі уақытқа дейін осы қызметті абыраймен атқаруда.

Жасұланның әкесі Исқақ Сагитұлы Солтүстік Қазақстанға танымал қаржыгер, өңірде банк жүйесін дамытуда көп еңбек сінірген адам еді. 2009 жылдың 4 қаңтарында дүниеден өткен. Ал анасы Құлбаршін Нұрсұлтанқызы құрметті демалыста, Петропавлда тұрады.

Жасұлан Омаров тамаша отбасы, үш бала тәрбиелеп өсірді. Үлкен қызы Жасгул дизайнер, кішісі Айнұр Астана медициналық университетінде оқиды. Ұлы Асанби мектепте оқиды.

Жасұлан Исқақұлының еңбегі үкімет тарапынан лайықты бағаланып, «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Конституациясына 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», екінші дәрежелі «Үздік әскери қызметі үшін» медальдарымен марапатталған.

Оразакова Майра Оразакқызы 1935 жылдың 7 қарашасында туған. Сергеев ауданының Балуан аулында бастауыш сыныптарда оқыды. Сосын орта білімді сол ауданының Ленин мектебінде алды.

1953 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы



Қазақ педагогикалық институтына оқуға түсіп, оны 1957 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдалап шықты.

Білімді, жас маман ұстаздық қызметін 1957-58 оку жылы Қостанай облысының Семиозер ауданында бастады. Содан кейін Жамбыл ауданының Амангелді, Баян мектептерінде ұстаздық етті.

1963 жылғы тамызда

Мамлют ауданының Ленин сегіз жылдық мектебіне ауысты. Осы мектеп ұжымында 1993 жылдың тамыз айында зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін жұмыс істеді. Ол жүздеген азаматтарға тәлім-тәрбие берді.

Қызмет еткен жылдары аудандық, облыстық білім беру бөлімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. 1985 жылы «Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі», «Тыл еңбеккери» төсбелгілерінің иегері.

Оспанов Жасұлан Махметұлы 1939 жылы 19 қазанда Марьевка селосында туған.

Марьевка орта мектебін бітірген соң, әскер қатарына шақырылып, Германияда үш жылдық әскери борышын өтейді.

1961 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтына түсіп, 1966 жылы агроном мамандығын алғып, еліне оралады. Еңбек жолын Сергеев ауданының

«Заря» кеңшарында партия комитетінің хатшысы болып бастайды.

1972 жылы Ступинка кеңшарына директор болып тағайындалады. Шаруашылықты дамытуға қол жеткізген елеулі жетістіктері ескеріліп Компартияның XXII съезіне делегат болып жіберіледі. «Еңбек Кызыл Ту» орденімен, бірнеше грамота, медальдармен марапатталған.

36 жасында кенеттен ауырып, 1975 жылдың 18 желтоқсаны күні ота үстінде көз жұмған.



Оспанов Руслан Махметұлы 1945 жылы 29 тамызда Сергеев ауданының Марьевка селосында дүниеге келген. Орта мектепті аяқтаған соң Целиноград ауылшаруашылығы институтына оқуға түседі. Ушінші курста әскер қатарына шақырылып, Тынық мұхит флотында 4 жылға жуық әскери борышын өтейді. Окуын қайта жалғастырып, жоғары білім алғаннан кейін еліне олады.

Еңбек жолын 1970 жылы аудандық қорғаныс бөлімінде бастайды. 1972 жылы аудандық атқару комитетінің нұсқаушысы болып тағайындалады, ал 1976 жылы аудандық мәдениет бөлімін басқарады, 1985 жылы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих бөлімін сырттан оқып тәмамдайды.

Руслан Махметұлы 1985-1990 жылдары аудандық



партия комитетінде нұсқауыш болып істейді, ал 1990 жылы қайтадан аудандық мәдениет және спорт бөлімін басқарады. Өте еңбеккор, өз ісіне ти-янақты, өз елін, Отанын жанындағы сүйетін адам болатын. Руслан Махметұлының басқаруымен және ұйымдастыруымен 1978 жылдары ауданда «Целиноморочка», «Ақ бидай» ансамбльдері күрүлды, «Штурм» атты қойылым театр, «Арда-герлер хоры», «Родник» би ансамбльдері күрүлды, аудандық тарихи

мұражай ашылып, қалалық саяжай да сол сексенінші жылдары ашылды. Ауданымыздың бірінші хатшысы болып Социалистік Еңбек Ері Е.Ш.Шайкин басқарып тұрған кезде ауданымыз гүлденіп, Руслан Махметұлының әрбір бастамасы қолдау тауып, іске асырылып отырды. Ауданымыз аймақ көлеміне, тіпті Республика көлеміне әйгілі болып, әсіресе мәдениет саласынан бірінші орынды женіп алғып отырды. Руслан Махметұлы аудандық Советтің депутаты бола жүріп те, ауданның көркеюіне атсалысты.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен, біrnеше грамотала-рымен, «Жыл адамы» номинациясында бағалы сый-лықтармен марапатталды.

2004 жылы науқастанып, қызметінен кетуіне мәжбүр болды, 2011 жылы 8 қарашада 66 жасында өмірден өтті.

Оспанов Тимур Русланұлы 1983 жылы 5 наурызда



Сергеевка қаласында туды. Орта мектепті 2000 жылы аяқтап, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің экономика факультетіне окуға түседі. 2004 жылы экономист-қаржыгер мамандығы бойынша окуын тәмамдап, еңбек жолын «Қазкоммерцбанк» АҚ-да бастайды.

2007 жылы F.Мұсірепов ауданында Қазкоммерцбанктің филиалын ашып, атқарушы директор болып істеді, 2008 жылдан бастап Қазкоммерцбанктің кредит бөлімін басқаруға тағайындалады.

2009 жылы 1 мамырда 26 жасында ағып түскен жұлдыздай өмірден өтті.

Оспанова (Әйтенова) Баян Мақышқызы 1950 жылы 9 сәуірде бұрынғы Преснов ауданы, қазіргі Тимирязев ауданы Жарқын ауылында туған. 1966 жылы Баян орта мектебін күміс медальмен тәмамдап, Алматы қаласындағы медицина институтына окуға түседі. 1972 жылы педиатрия бөлімін аяқтап, Петропавл қаласындағы 3-інші қалалық ауруханада интернатурадан өтеді.

1973 жылы Сергеев аудандық ауруханасына педиатр болып орналасады. Көп жылдар ауруханада балалар бөлімінің менгерушісі, кейін емханада аға педиатр, аға отбасылық дәрігер, аудандық педиатр болып қызмет етеді. 1995 жылдан жоғарғы санаттағы педиатр, 2001



жылдан Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын сақтау ісіне сінірген айрықша еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталады. 2003 жылы «Отбасылық дәрігерлер номинациясында» бірінші орын беріліп, «үздік отбасылық дәрігер» атанады.

2005 жылы Петропавл қаласына қоныс аударып, 3-інші қалалық емханада педиатр болып қызмет етеді, 2007-2012 жылдары

Қызылжар аудандық емханада – аудандық педиатр, бас дәрігердің бала денсаулығын сақтау ісі жөніндегі орынбасары, ал 2012 жылдың қыркүйегінен бастап облысымызыдағы «Есту кемістігі бар балаларға арналған облыстық арнайы /түзету/ мектеп-интернатында бала дәрігері-педиатр болып қызметін жалғастыруда. Есту кемістігі бар балалардың денсаулығын бақылап, қалпына келтіру-оңалту саласында еңбек етуде.

Оспанов Бекежан Махметұлы 1951 жылы 5 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Шал ақын ауданы Марьевка селосында дүниеге келді.

Ленин орта мектебін тәмамдап, 1970-1972 жылдары Чита қаласында Кенес Армиясының қатарында әскери борышын өтеді. Әскерден оралған соң, туған ауылында жүргізуші болып еңбек етті. Үйленіп, бес баланың



әкесі атанды, оларды тәрбиелеп, жоғары оқу орындарында оқытты, бүгінде балалары әр салада еңбек етеді.

Бекежан Маметұлы 1980-1997 жылдары Ы.Ыбыраев атындағы кеңшар директорының орынбасары болып қызмет ете жүріп, өзін тындырымды, адаптация мен ретінде көрсетті. Достары мен әріптестері арасында зор беделге ие болды. Әсіресе шаруашылықтың көктемгі

егістік, күзгі орақ науқаны кезінде жұмыстың тоқтасуыз жүргізуіне белсене атсалысып, үлкен құрметке бөлениді.

Аудан басшылығының Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталған.

1997 жылы денсаулық жағдайына байланысты жұмыстан кетсе де, шаруа қожалығында қамба менгерушісі болып еңбек етуді жалғастырды.

2007 жылдың 19 акпан айында небары елу бес жасында кенеттен дүниеден өтті.

Оспанова Гүлнера Бегайдарқызы Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы Петровка селосында 1963 жылы қыркүйек айының жиырмасын-



шы жұлдызында дүниеге келген. Осы аудандағы Озерный орта мектебін бітіргеннен кейін Целиноград қаласындағы медицина институтына оқуға түсіп, оны 1987 жылы терапевт дәрігері мамандығы бойынша тәмамдайды. Жоғары білімді мамандығын алғаннан кейін алғашкы еңбек қадамын 1987 жылы Петропавл қаласындағы бірінші аурұханасында қатардағы дәрігер болып бастайды.

1988 жылдың тамызынан 1993 жылдың маусымына дейін Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы «Северный» кеңшарының Пресноредутъ участекелік аурұханасының бас дәрігері қызметін атқарды.

1993 жылдың маусымынан осы күнге дейін Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Кладбинка селосының Миролюбово дәрігерлік амбулаториясында бас дәрігер-терапевт қызметін атқарып келеді. Жоғары сыныпты дәрігер осы жерде он бір елді мекеннің тұрғындарына дәрігерлік қызмет көрсетуде. Гүлнера Бегайдарқызы дәрігерлік қызмет барысында тұрғындардың арасында салауатты өмір салтын орнықтыруға, адамдардың денсаулығын жақсартуға қатысты іс-шараларға және басқа да қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысты. Ауыл тұрғындары оның шипалы, мейірімді, ақ көңіл мінезін ерекше құрмет тұтады.

Көп жылдық ерен еңбегі үшін облыстық әкімдіктен, аудандық, облыстық денсаулық сақтау мекемелерінен алған марапаттары да барышылық. Көп жылдан бері «Нұр Отан» ХДП мүшесі. Тұрғындар арасында ерекше құрметке ие болған Гұлнера Бегайдарқызы 2007 жылғы тамызда Жамбыл аудандық мәслихатының депутаты болып сайланды. Екі рет халық қалаулысы болып сайланған ол аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиясының құрамында болып, депутаттық өкілеттіктер, адам құқыктары, тұрғындардың денсаулығын сактау, соғыс және еңбек ардагерлеріне қамқорлық жасау, әлеуметтік қорғау, білім және мәдениет мәселелері жөнінде біраз қоғамдық жұмыстар атқарды. Ол сонымен қатар үлгілі отбасының ұйытқысы. Үш қыз бала тәрбиелеп, өсіріп отыр.

Рахимов Марат Шаймұратұлы 1948 жылы 11

ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы, Совет (қазіргі Аққайың) ауданындағы Шағлы селосында туған. Қалалық кәсіптік-техникалық училищені бітіргеннен кейін Петропавл шағын литражды зауытта еңбек жолын слесарлықтан бастайды. Кейін осы кәсіпорында инженер-технолог, инженер-конструктор қызметтерін атқарады.



Бірнеше жыл зауыттың комсомол комитетінің хатшысы болып істейді. 1976 жылы комсомолдың жолдамасымен ішкі істер органдарына қызметке жіберіледі. Алдымен Петропавл қалалық ішкі істер бөлімінде учаскелік инспектор болса, кейін Целинный аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары болып бекітіледі. Осы қызметтен Аққайың аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасарлығына ауысады. 1987 жылы Жамбыл аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы болып тағайындалады. Бірнеше жыл Солтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасының бөлім басшысы қызметін атқарды. 1998 жылы подполковник шенінде зейнет демалысына шықты.

Марат Шаймұратұлы зайыбы Бақытжан Қайыржанқызымен Қарлығаш атты қызды, Азамат атты ұлды тәрбиелеп өсірді.

Рамазанов Спартак Өмірзакұлы 1970 жылы қаңтар айында Солтүстік Қазақстан облысының, Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы Орталық ауылында дүниеге келген.

1990-1997 жылдары Орталық ауылдық мәдениет үйінің директоры, көркемдік жетекшісі, халық театрының режиссері қызметтерін атқарды. 1993 жылы Ақан сері атындағы Көкшетау мәдениет училищесін «хор жетекшісі, дирижер-хормейстер» мамандығы бойынша бітіріп шықты. Үш жыл Орталық және Явленка халық театрларының режиссеры болып істеді. Ал 2002-2007 жылдары Есіл аудандық мәдениет және спорт, ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімдерін басқарды. Екі жыл М.Жұмабаев ауданында ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің жетекшісі болды. 2010-2014 жылдары Н.Погодин атындағы орыс драма театры директорының орынбасары және директордың міндетін

атқарды. Бұдан кейін екі жыл облыстық қуыршақ театрының көркемдік жетекшісі болып істеді. 2014 жылдан Н.Погодин атындағы орыс драма театрының директоры қызметін атқаруда.

Спартак Өмірзакұлы Көкшетау мемлекеттік университетін «Зангер» мамандығы бойынша бітірген. Ал Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде оқып «Мәдени-демалу жұмысының бакалавры» мамандығын иеленді. 1994-1999 жылдары Ленин аудандық мәслихатының депутаты болды. 1975-1995 жылдары жас таланттардың, жыршы-термешілердің, «жігіт сұлтаны», «отбасы ансамбльдерінің облыстық, республикалық байқауларының лауреаты, жеңімпазы атанды. 2005 жылы Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің сыйлығын иеленді. 2006 жылы оған «Мәдениет қайраткері» атағы берілді. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің, Есіл, М.Жұмабаев атындағы аудандары әкімдерінің Құрмет грамоталарымен, «Қазақ хандығына 550 жыл» құрметті белгісімен, «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне 20 жыл» мерекелік медалімен марарапатталған.

Спартак Рамазанов жұбайы Гүлзиля Төлегенқызымен үш бала тәрбиелеп өсірді. Зәмзәгүлі Петропавлдың өнер колledgeнің актерлік шеберлік бөлімшесін бітіріп, драма театрының актрисасы мамандығын



алып, қазіргі уақытта А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде сырттан окуда. Солтүстік Қазақстан облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттамалар басқармасында инспектор қызметін атқаруда. Жаны мен Расулы дарын мектебінің «Қобыз» және «Домбыра» сыйныптарында оқиды.

Рамазанов Айтжан 1904 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы Ленин (қазіргі Есіл) ауданының Жарғайың ауылында дүниеге келген. Еңбекке ерте араласқан ол Аралsovхозында ферма меңгерушісі болып еңбек етеді. Ұлы Отан соғысы басталғанда сол шаруашылықта жұмысын жалғастырып, 1943 жылы соғысқа аттанады. Майдан шебінде 1426-ыншы артиллериялық полкте аға телефонист болып, қиян-кеスキ ұрыстарда байланыс жүйесін қалпына келтіруде тамаша ерлік үлгілерін көрсетеді.



Сұрапыл соғысты Берлинде Жеңіспен аяқтап, одан Жапонияға дейін барып, тек 1946 жылы ғана елге оралады. Айтжан Рамазанұлы соғыстан оралған соң, күйизелген елдің енсесін көтеруге белсene не атсалысады. Ұзақ жылдар бойы басқарма, ферма меңгерушісі, бригадир, қамба менгерушісі болып еңбек етіп, ел-жүртyna деген адаптың қызметімен, қамқор мінезімен, қатаң да турашылдығымен ағайын-туыс, ауыл-аймақ арасында зор құрмет-беделге ие болған.

Соғыс салған зардаптан ес жиып, етек жаба алмай жатқан елдің жоғын жамап, барын бүтіндеу жолында елі үшін зор еңбек сінірді. Аталы сөзге токтар ағайын мен ауылдастар арасында сыйлы азамат атанды.

Жұбайы Қапис бірнеше құрсақ көтергенмен, тек Кәлима, Гауһар және Ерғалидың ғана көрер жарығы болды. Кәлима ерте көз жұмды, Гауһар мен Ерғали ата-ана үмітін актап, медицина саласында ұзак жылдар жемісті еңбек етті.

Айтжан Рамазанов өмірінің соңғы жылдары пошташы болып еңбек етіп, 1967 жылы 25 акпанда ауырып, дүние салды.

Ұлы Отан соғысының бірнеше ордендерімен, медальдарымен марапатталған, соның ішінде «За отвагу», «За Победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945гг.» және «За Победу над Японией» медальдары мен мерекелік медальдары, Маршал Жуковтан алған бірнеше грамоталары бар.

Рсаев Жасұлан Әубәкірұлы бұрынғы Преснов (казіргі Жамбыл) ауданындағы Үлгі ауылында 1932 жылдың тоғызыншы қыркүйегінде дүниеге келген. 1950 жылдың тамыз айында Пресновка орта мектебінде еңбек қадамын математика пәнінен сабак беруден бастаған. Бұдан кейін Баян орта мектебіне ауысып, мұнда 1953 жылға дейін өзінің сүйікті мамандығы бойынша ұстаздық жасады. Аз уақыттың ішінде жас жеткіншектерге тәлім-тәрбие берудегі өзінің білімі мен біліктілігін көрсете білген Жасұлан Әубәкірұлы 1953 жылдың бірінші қыркүйегінде казіргі Жамбыл ауданындағы Үлгі орта мектебіне директор болып тағайындалады. Мұнда төрт жыл қызмет істегеннен кейін 1957 жылдың 1 қыркүйегінде Ленин қазіргі Есіл ауданындағы Тауағаш орта мектебіне директор болып ауы-



сады. 1960 жылдан 1962 жылға дейін Қайранкөл сегізжылдық мектебіне басшылық жасайды. Бұдан кейін Преснов сегізжылдық мектебін басқарады. 1968 жылдан 1972 жылға дейін Жамбыл ауданындағы Архангельск орта мектебінде директорлық қызмет атқарады. 1972 жылдың қарашасынан зейнеткерлікке шыққанға дейін Жамбыл ауданындағы Украин орта мектебінде басшылық етті.

Жасұлан Әубәкірұлы қызмет жасаған оку

орындарында әріптестері еске алғып, айта жүрер ізгілікті ізін қалдырыды. Ол қай мектепте қызмет істемесін алдымен ұстаздар қауымының білімін шындауына, оку-тәрбиесінің өмір талабына сай үйлесімді жүргізуіне, білім беру сапасының жоғары болуына ұдайы көніл бөліп отырды. Жасұлан Әубәкірұлы білім саласында ұзақ жылдар бойы жасаған тынымсыз еңбегі үшін Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің үздігі төсбелгісін алғып, республикалық оқу-ағарту министрлігінің, облыстық, аудандық оку бөлімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. 1997 жылдың маусым айында дүниеден өтті.

Сейдахметов Қайранас Өтебайұлы бұрынғы Сергеев, қазіргі Шал ақын ауданындағы Еңбек ауылында



1950 жылдың қараша айының 8 жүлдізында дүниеге келді. Осы аудандағы Ленин орта мектебін 1967 жылы үздік бітіріп, Алматы қаласындағы ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетіне оқуға түседі.

Институтты ойдағыдай тәмамдаған Қайранас Өтебайұлы 1972 жылы туған ауданындағы «ВЛКСМ-ның 50 жылдығы» атындағы кеншарда қатардағы экономист болып алғашқы еңбек қадамын бастайды. Бұл шаруашылық ол кезде экономикасы өрлең тұрған облысқа танымал болатын. Озат шаруашылық Қайранасқа жұмысқа төсөлуіне тәрбие мектебі болады. Бір жылдың ішінде іске тындырымдылығымен, жауапкершілігімен көзге түскен ол 1973 жылы «Афанасьевка» кеншарының бас экономисі қызметіне тағайындалады.

1981-1988 жылдары жаңадан ұйымдастырылған Целинный ауданының атқару комитеті төрағасының

орынбасары, аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы қызметтерін атқарды. Целинный ауданы таратылғаннан кейін 1988-1995 жылдары Сергеев аудандық агроОнеркәсіптік бірлестігінің бас экономисі, аудандық коммуналдық шаруашылық қәсіпорнының бастығы қызметтерін үлкен жаупкершілікпен атқарды.

1995 жылдан 1998 жылға дейін туған ауылы «Еңбек» кеңшарына басшылық етті. Өмірінің соңғы екі жылында жаңадан құрылған облыстық жер қатынастары инспекциясын басқарып, мекеменің қат-қабат жұмыстарын үйлестіріп, жүргізде тынымсыз еңбегімен құрметке бөлене білді. Жалпы Қайранас Сейдахметов қызметтің қай саласында болмасын өзін адал еңбегімен, әділ, іскер, ұстамды, білімді де білікті басшы ретінде танытты. Оның бойындағы тағы бір адами асыл қасиет – үлкенмен де, кішімен де кішіпей-ілдікпен сөйлесіп, тіл таба білетін қарапайымдылығы еді. Сондықтан ол өз ортасында сыйлы болды. Осындаі көпшілік ардақ тұтқан азамат 2001 жылдың қаңтарында елу жасында кенеттен жүрек талмасынан бұл дуниеден озды. Артында құдай қосқан қосағы, сүйікті зайдыбы Панзагул мен Гүлнәз, Жұлдыз, Әсел есімді үш қызы қалды. Қайранас өзін білетіндердің, жолдас-жора, туыс-тумалардың жадында жаны жайсан, әкпейіл, адамгершілік қасиеттері мол азамат тұлғасында қала бермек.

Жолдасы Қайранас Өтебайұлы дуниеден өткен соң жұбайы Панзагул Сағындыққызы балалардың болашағы үшін тұрмыс-тіршіліктің бар ауыртпалығын өз мойнына алды. Жиырма бес жылдық жұмыс өтілі бар жоғары білімді музыка пәнінің мұғалімі мамандығын тастап, жолдасының құрметіне «Қайранас» атты жеке шаруашылық қожалығын құрды. Көп жылдар бойы

ауыл шаруашылығында қызмет жасаған жолдасы Қайранастан естіп-білгені егіншілікпен айналысуына көп көмегін тигізді. Жыл сайын көңілге қоныымды өнім алып, ауыл тұрғындарының біразын еңбекке тартты.

Шаруа қожалығының кат-қабат жұмысын атқара жүріп, Панзагұл өзінің сүйікті мамандығынан да қол үзіп кеткен жоқ. Әншілік қабілеті бар әжелерді ұйымдастырып, «Балқадиша» атты ансамбль құруға белсene атсалысты. Өзі сол ансамбльдің белгілі әншісі болды. Бұл өнерпаз ұжым алқалы жиындарда шаршы топтың алдына шығып әсем әндерін талай әуелетті. Әнші әжелердің өнеріне тындармандар тән риза.

2013 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «2020 жол картасы» бағдарламасына байланысты облыс әкімшілігі мен жеке кәсіпкерлер меморандумына келісім-шартқа отырып, «Солнечный» кентінде 48 орынға лайықталған балабақша ашты. Сөйтіп тағы бірнеше адамды жұмыспен қамтамасыз етті. Осындай қоғам игілігі үшін аткарған қызметтері үшін Панзагұл Сағындыққызы облыс әкімінің құрмет грамотасымен марапатталды. Өзінің ізденгіштігімен, еңбексүйгіштігімен облысымызды іскер әйелдердің бірі атанды. Бүгінгі танда Панзагұл Сағындыққызы Талғат, Шыңғыс, Диас, Тимур, Жанель, Сұлтан есімді немерелерін, Сәуле есімді шөбересін сүйіп, аймалаған ардақты әже.

Сейтенов Санақ Сейтенұлы 1939 жылы 29 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Шал ақын ауданындағы Көктерек ауылында өмірге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін еңбек жолын бұрынғы Приишим ауданындағы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау кеңсесінде қабылдаушы болып бастайды. 1958 жылы Кеңес әскерінің қатарына шақырылады. Отан

алдындағы борышын өтеген соң Тимирязев ауданында еңбек жолын жалғастырады. Алматы қаласындағы милиция мектебін бітірген, милиция капитаны.

1963-1978 жылдар аралығында аудандық паспорт үстелінің бастығы қызметін атқарады. 1978-1985 жылдары ведомстводан тыс күзеттің бастығы болып еңбек етеді. Осы қызметтен құрметті демалысқа шығады. Зейнеткерлікке шыққан соң да қол қусырып отырмай басшылардың шақыруымен аудандық өрт сөндіру бөліміне 1999 жылға дейін басшылық жасайды.

Санақ Сейтенұлы «Тың жерлерді игергені үшін», «Мінсіз қызметі үшін», «Көп жылғы адал еңбегі үшін», «Тыңға 50 жыл», «Астана қаласына 10 жыл» медальдарымен марапатталған. «Тимирязев ауданының Құрметті азаматы» атағының иегері. Жан жары Қымбат екеуі төрт бала тәрбиелеп өсірген, екі немесінің сүйікті атасы.

Сүлейменов Сартай 1949 жылы 16 мамырда дүниеге келген. Еңбек жолын Сырымбет ауылында қой бағудан бастайды. Целиноград ауылшаруашылық институтын 1976 жылы бітіргеннен кейін «Целингипроземнің» Көкшетаудағы филиалына жерге орналастыруышы болып қабылданады. 1977-1980 жылдары Куйбышев аудандық ауылшаруашылық басқармасында бас инженер-жерге орналастыруышы қызметін атқарады. 1982 жылдың шілдесінен Куйбышев аудандық халықтық бақылау комитетінің инспекторы болып істейді. Тоғыз жыл «Урожайный» кеңшарының партия комитетінің хатшысы болды. Партия тарағаннан кейін бір жыл «Урожайный» орта мектебінде ұстаздық етеді.

1992 жылдың желтоқсанынан «Володарский» кеңшарының директоры болса, 1998 жылды «Береке-Агро»



жауапкершілігі шектеулі серіктестікті басқарады. Оның басшылығымен Володар селосында Мәдениет үйі, орталық жылдыту қазандығы салынды. Әлеуметтік маңызы бар нысандардың бәрі осы жылдыту жүйесіне қосылған. Әлеуметтік инфрақұрылымдар сақталған, фельдшерлік-акушерлік пункт, бала бақша, орта мектеп, кітапхана, қоғамдық монша жұмыс істеуде. Машина-трактор шебер-

ханасы жоғары өнімді техникамен толыктырылған. Малшаруашылығын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында қазақтың ақ басты сиырлары алынып, оларға малқоралары салынған. Володар орта мектебіне, фельдшер пунктіне, сонымен қатар зейнеткерлерге, мүгедектерге, көпбалалы отбасыларына қайырымдылық көмек көрсетіледі.

Қазіргі уақытта Сартай Сүлейменұлы құрметті еңбек демалысында, Қекшетау қаласында тұрады. Шаруашылықты басқаруды ұлы Дәuletке тапсырған. Үш баласының әкесі, бес немересінің атасы.

Сартай Сүлейменұлы Габит Мұсірепов ауданының Құрметті азаматы, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Астанаға 10 жыл» мерейтойлық медальдармен, «Парыз-2008» Құрмет грамотасымен марапатталған.

Сақтағанова Ғалия Ғазезқызы 1961 жылы Көкшетау қаласында туған.



Оның анасы Есенжанова Балшекер еңбек жолын медицинаға, ал әкесі Ғазез Қазиұлы – мемлекеттік қауіпсіздік органына арнаған. Зараб және Болат атты үлкен ағалары да әке жолын күштеп, құқық корғау органдарында еңбек етті. Сондықтан да Ғалияның зангер мамандығын таңдауды да таңғаларлық емес. Тек оның Райхан апасы Петропавл педагогикалық институтын бітіріп тех-

нолог мамандығын иеленді. Петропавл қаласындағы № 10 орта мектепті бітірген Ғалия Қарағанды мемлекеттік университетіне түсуге бір жыл дайындалды. Бұған оның Петропавл педагогикалық институтында әдебиет кафедрасында зертханашы болып істегені көп көмегін тигізді. Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіргеннен кейін Солтүстік Қазақстан облыстық адвокаттар коллегиясына жолдама алады. Өмірінің 20 жылын Ғалия Солтүстік Қазақстан азаматтарының құқығын қорғауға арнады. 1986 жылы Сақтағанов Әлібекке тұрмысқа шығып, Петропавлдың ең бір құрметті отбасына – Оразбике Жанғожақызы мен Ғалымжан Нұргалиұлы Сақтағановтарға – келін болып түсті. Адел мен Dana атты қыздарын, Жантуар атты ұлын дүниеге әкелді.

Қазір Ғалияның отбасы Астанада тұрады. Қыздары анасының мамандығын таңдады. Аделі Л.Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеттің заң факультетін бітіріп, дипломын алды. Ал Данасы Қазақтың мемлекеттік заң университетінің халықаралық күқық Жоғары мектебінің студенті. Ұлы Жантуар математикадан өткен олимпиаданың жеңімпазы болғандығын анасы мактан етеді. Ғалияның әсер етуінен жұбайы Әлібек те бұрын Петропавл педагогикалық институтының тарих факультетін уздік бітірсе де зангер мамандығын қалады. Қазіргі уақытта ол Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің заң шығарушы институтында бір бөлімшесін басқаруда.

Ғалия Ғазезқызы қажырлы еңбегі және мамандығына адалдығы үшін Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарының адвокаттар коллегиясы Президенттің құрмет грамоталарымен марапатталған. Ал 2009 жылы Құрмет грамотасын Қазақстан Әділет Министрінің өзі тапсырған болатын. Ол өзінің зангер болғанына және өмірін адам қорғау қайырымдылық ісіне арнағанын мактаныш етеді.

Сейтенов Ережеп Мырзатайұлы 1935 жылы 24 қыркүйекте Көкшетау облысында туғанымен, барлық өмірі Петропавл қаласында өтті. Мектепті бітіргеннен кейін өз ауылында аздалап бухгалтер болып істейді. Әскер қатарына алынып алдымен Кострома облысында, кейін Германияда қызмет атқарады. 1960 жылы әскерден оралып Петропавл есеп-экономикалық техникумында оқиды. 1964 жылы Алматыдағы халық шаруашылығы институтына сырттай түседі. Сонымен қатар Жоғары партия мектебінің курсын бітіреді.

Ережеп Мырзатайұлы оқумен қатар еңбекке де арасасады. 1962-1963 жылдары милиция органдарында



істейді. Одан әрі Солтүстік Қазақстан облыстық тас жолдар басқармасында техникалық бақылаудың аға бухгалтері қызметін атқарады. 1965 жылы ол Солтүстік Қазақстан облыстық жоспарлау комиссиясына жұмысқа ауысады. Мұнда 1970 жылға дейін еңбек етеді. Төрт жыл № 6 жол-құрылыш тресінде еңбек және жалақы жөнінде аға инженер болып істеді.

1974 жылы Ережеп Сейтенов Киров аудандық

атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалады. Өмірінің көп жылын ол мемлекеттік сақтандырудың Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасында өткізді. Бұл ұйымға ол 21 жыл басшылық жасады.

Ережеп Мырзатайұлы ұзак жылғы кәсіптік қызметінде еңбектегі табыстары үшін және қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысқаны үшін талай рет Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марарапатталған. Зайыбы Роза Шәріпқызымен елу үш жыл бірге өмір сүріп, үш бала, бес немере, екі шөбере тәрбиелеп өсіріп үлгілі отбасы болды.

Өмірінің соңғы жылдарын Ережеп Сейтенов Астана қаласында өткізді.

Сұрағанов Тілек Жұмашұлы 1943 жылы 31 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Шолақ Өзек ауылында дүниеге келген. 1960 жылы



Ш.Уәлиханов атындағы Сырымбет орта мектебін бітіріп Совет ауданындағы Қиялы кеншарына малшы болып орналасады. Аздаап еңбек өтілі болғаннан кейін 1962 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтының экономика факультетіне қабылданады. Бірақ әскерге шақырылып, окуда үзіліс болды. 1965 жылы Т.Сұрағанов әскери бөлімнің бастауыш комсомол үйімінде хатшысы болып сайланады. Келесі жылы оны партияға қабылдайды. 1967 жылы ол Целиноградтағы оқуын жалғастырады. Институтта да үш жыл қатарынан экономикалық факультеттің комсомол комитетінің хатшысы болады. 1970 жылы мамандығы бойынша қазіргі Шал ақын ауданындағы «Афанасьев» кеңшарына жіберіледі, үш жылдан кейін КСРО 50 жылдығы атындағы кеңшарға ауысады. Мұнда ол еңбек және жалақы жөніндегі экономистен бас экономист қызметіне дейін көтеріледі. Кейін осы кеңшардың бас агрономы болып тағайындалады.

1983-1986 жылдары Тілек Жұмашұлы Совет ауданындағы «Ленинский» кеңшарының партия үйімін басқарды. Осы кеңшарда партия комитеті хатшысының бастамасымен мәдени-спорт комплексі ашылды. Бұл бастама-тәжірибе кең тарады. 1984 жылдың ма-

усымында кеншардағы комплексті көруге Қазақстан-ның барлық өнірлерінен 300-ге тарта адам келді. 1986 жылы «Ленинский» кеншарына Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.Конаев келген болатын. Оған партия үйымының тыныс-тіршілігі жөнінде Сұрағанов баяндап берді. Республика басшысы оның жұмысына оң бағасын берді. Бір жыл Совет аудандық агрономикалық сілтік бірлестік төрағасының орынбасары болып істеді.

1987 жылы Совет ауданының коммунистері оны аудандық партия комитетінің екінші хатшысы етіп сайлайды. 1990 жылдан кейін халық депутаттары аудандық Кеңесі төрағасының орынбасары, аудан әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.

Т.Сұрағанов 1994-2000 жылдары Халық банкі саласында басшылықта болады. 2000-2001 жылдары Қызылжар ауданы әкімінің аппаратында жедел жұмыс бөлімін басқарды. Одан кейін облыстық ауылшаруашылығы департаментінде бас маман болып еңбек етті. 2006 жылы маусымда құрметті демалысқа шыққанша ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің Қызылжар аудандық аймақтық бастығының орынбасары қызметін атқарды.

Тілек Жұмашұлы өзінің алғашқы марапатын 1965 жылы Мәскеуде Ұлы Жеңістің 20 жылдығына арналған әскери даңқ эстафетасы жеңімпаздарының слетында алған болатын. Бұл – БЛЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасы болатын. Және ол бұл слетқа Қазақстаннан қатысқан жалғыз делегат болатын. Осы жылы оған «Жеңіске 20 жыл» медалі тапсырылған еді. Содан кейінгі жылдары ол «Құрмет белгісі» орденімен, «Тың және тыңайған жерді игергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды.

1971 жылы Т.Сұрағанов орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі Вера Кусаевамен отбасын құрады. Вера Рахметқызы өзінің еңбек жолын Бескөл орта мектебі-гимназиясының аға оқытушысы ретінде аяқтады, Қазақстанның еңбек сінірген мұғалімі атағына ие болды. Ол Әсемгүл, Нұргүл атты қыздарының тұрмыс құрғандарын, алғашқы немерелерінің туғандарын көріп 2003 жылы дүниеден өтті.

Тілек Жұмашұлы Арсен, Данияр, Альмира, Сания, Әдия атты немерелерінің сүйікті атасы.

Сейітжанов Есім Сейітжанұлы 1933 жылдың 17 қарашасында туған.

Ұлы Отан соғысының алдында Жамбыл ауданының Талпын аулында бастауыш сыныптарда оқыды. Соғыстан кейін Баян орта мектебінде орта білім алды.

1953 жылы Қарағанды қаласындағы педагогикалық институтқа окуға түсіп, оны 1957 жылы математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдалған шықты.

Білімді, жас маман ұстаздық қызметін 1957-58 оку жылы Баян орта мектебінде бастады.

1963 жылғы тамызда Мамлют ауданының Ленин сегіз жылдық мектебінің директоры лауазымына тағайын-



далды. 1969 жылдан бастап кейін Ленин орта мектебі болып өзгерген (1971 ж.) үжымда 1994 жылдың маусым айында зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін ұзак жылдар мектеп директоры, оқу ісінің менгерушісі, математика пәнінің мұғалімі қызметтерінде жұмыс істеді. Оның алдынан жүздеген азаматтар тәлім-тәрбие алды.

Қызмет еткен жылдары аудандық, облыстық білім беру бөлімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. 1984 жылы «Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі», «Тыл еңбеккери» төсбелгілерінің иегері.

Бір ұл, екі қызы үстаздық жолды таңдады. Сейітжановтар әулетінің үстаздық еңбек өтілі 200 жылдан асып түседі.

Сыздықова Алтынай Қожабайқызы 1960 жылы 26



ақпранда Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Амангелді ауылында туған. К.Ушинский атындағы Петропавл педагогикалық институтын бітіріп, «орыс тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады. Еңбек жолын осы жылы Целинный ауданындағы Белогравдровка орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдігінен бастайды. 1993-1998 жылдары Тимирязев ауданындағы Москворецкий орта мектебі директорының

орынбасары болып істейді. Бұдан кейін алты жыл Сулы стансасындағы мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабак береді. 2004 жылы Тимирязев аудандық білім бөліміне бас маман болып ауысады. 2008-2010 жылдары аталмыш ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде бас маман қызметін атқарады. Екі жыл Тимирязев ауданы әкиматының ішкі саясат бөлімін басқарды. Ал 2012 жылдың 1 қарашасынан Петропавл қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде бас маман болып еңбек етуде.

Алтынай Кожабайқызы мемлекеттік тіл мәртебесін арттыруға зор үлес қосып жүрген тіл жанашырларының бірі болып саналады. Бүгінгі күнге дейін еңбек жолын абыраимен жалғастырып, тіліміздің мәртебесінің биіктеуіне үлесін қосып жүрген маман. Ересектерге мемлекеттік тілді оқыту үйірмесінің жетекшісі болып келеді. Ересектер арасында біріккен ашық сабактар өткізіп, тәрбиелік жағына назар аударып, байқаулар өткізеді. Осы жылдар аралығында ол өзін кәсіби деңгейі өте жоғары мұғалім ретінде таныта білді. Ұлттық салт-дәстүрлерді насиҳаттау мақсатында Қазақстан халқы тілдерінің фестивалін ұйымдастырып тілге деген сүйіспеншілікті айқын көрсете білді.

Алтынай Сыздықова күнделікті өмірде мемлекеттік тілдің қызмет ету аясын кеңейту және мәртебесін нығайту мақсатында 2013 жылы мемлекеттік және орыс тілдерінде ашылған Петропавл қаласының мемлекеттік тіл сайтына үлкен жауапкершілікпен қарап, нәтижесінде аталған сайт «ең үздік сайт» деп танылды.

Әріптестерінің арасында сый-құрметке ие Алтынай Кожабайқызы бірнеше мәрте аудан, облыс әкімдерінің Құрмет грамоталарымен, «Алғыс хаттармен» марапатталған. Бүгінгі таңда екі баланың анасы. Ұлы – Арман

жоғары білім алып, қазір Ақтөбе қаласында жауапкершілігі шектеулі серікtestіктің коммерциялық директоры, ал Әлия атты қызы жоғары білімді маман, Көкшетауда қызмет атқаруда.

Сейдахметов Әлібек Жұқанұлы Сергеев (казірдегі Шал ақын) ауданындағы Жаңажол ауылында 1950 жылдың оныншы наурызында дүниеге келген. 1964 жылы Жаңажол ауылындағы сегізжылдық мектепті бітіргеннен кейін Сергеев ауданындағы Ленин орта мектебінде оқып орта білім алады. Одан әрі окуға отбасындағы жағдай мүмкіншілік бермейді. Дүниеден ерте өткен жалғыз інісі Хамит марқұм сол жылы ауылдағы сегізжылдық мектепті бітіріп Петропавл қаласындағы Борки кентіндегі техни-

A black and white portrait of Alibek Zhukanuly. He is an elderly man with short, light-colored hair, wearing a light-colored dress shirt and a dark, diagonally striped tie. He is looking slightly to his left with a neutral expression.

кумға окуға түседі. Інісінің көнілін қимаған Әлібек Жұқанұлы анасын жалғыз үйде қалдыrmай Хамит оқу бітіріп келгенше ауылда қалып механизатор болып еңбекке араласады. Оқуын бітіріп келген інісі Отан алдындағы борышын өтеуге әскерге алынады. Сөйтіп Әлібек Жұқанұлы жеті жыл анасының қасында отырып, шаруашылықтың жұмысынан қол үзбейді.

Әлібектің алға қойған басты мақсаты жоғары білім алу болатын. Інісі әскерден оралыссымен Целиноград қаласындағы ауылшаруашылық институтына құжат-

тарын тапсырады. Мұнда бес ай дайындық курсынан өтіп, 1974 жылдың тамыз айында оқуға түседі. Институтты ойдағыдай аяқтап, экономист және ұйымдастырушы мамандығы бойынша жоғары білім алып шығады. Оқуды «Бұлақ» мал бордақылау кеңшары атынан оқығандықтан елге оралып, еңбекті ұйымдастыру жөніндегі қатардағы экономист болып алғашқы қызметін бастайды.

1986 жылы 28 наурызда жаңа ашылған Целинный ауданының Дзержинский кеңшарына бас экономист болып тағайындалады. 1989 жылдың желтоқсан айында Тимирязев ауданындағы Целинный кеңшарының партия ұйымының хатшылығына сайланады. 1991 жылы ауыл шаруашылығы басқармасының бұйрығымен Рапоның басқарма бастығының орынбасары қызметіне ауысады. Кеңес үкіметі құлағаннан кейін 1995 жылы Тимирязев ауданында бас бакылаушы-тексеруші қызметін атқарады. 1997 жылдың тамыз айында «Союзцелинвод» тресінің бұйрығымен осы мекеменің аудандық бөлімінің бастығы болып қызмет істеді. 2002 жылы сәуір айында Тимирязев аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас экономисі қызметіне тағайындалып, сол жерде зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмыс істеді. Көп жылдық еңбегі үшін Құрмет грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Қазіргі уақытта Қазылжар қаласында тұрады. Жұбайы Қаренкеқызы Сараш екеуі бүгінде зейнеткер, бес бала тәрбиелеп өсірді. Балаларының бәрін оқытып, жоғары білім алуларына жағдай жасады. Үш баласы Астанада, екі баласы Петропавлда қызмет істейді.

Сейдахметов Зұлқарнай Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Октябрь, қазіргі Шал ақын ауданын-



дағы Жаңажол ауылында 1906 жылы дүниеге келген. Сол кездегі ауыл тұрғындары ол кісінің есімін Жұқан деп атап кеткен. Мұны ересектер жағы болмаса қазіргі жергілікті жүрттың бірі білсе, бірі біле бермейді.

Зұлқарнай Сейдахметов жас кезінде ауыл молда-сынан сауатын ашып, кейін ересектер мектебінде жаңаша оқып білім алғып шығады. Отызыншы жылдары ұсақ ауылдарды біріктіріп колхоздандыру

құрылышы басталған кезде осындай білімі бар азаттар колхоздың басшы мамандықтарына қызметке тартылады. Зұлқарнай да колхоздандыру ісіне белсене атсалысып, соғыс басталар жылдың алдында сондай қызметке тартылып, Алқағаш колхозына басқарма болып тағайындалады. Мұнда ол біраз жыл қызмет істеп колхоз жұмысын жандандыруда көп еңбек сініреді. Өзінің кішіпейілділігімен, қарапайымдылығымен әрі жұмысқа жауапкершілігімен ауыл тұрғындарының құрметіне бөленеді. Бертінге дейін көзі көрген көнекөз қариялар ол кісінің адами қасиеттерін еске алып, айтып жүретін.

Зұлқарнай Сейдахметов Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін 1942 жылы Октябрь әскери комиссариаты арқылы әскерге алынып, бірден алғашқы лекпен Отан қорғауға аттанады. Алғашында қатардағы жауынгер болып майданға жіберіледі. Кейін сержант шенімен

атқыштар бөлімінің командирі қызыметін атқарады. 1942 жылдың қазан айында 60-шы Армияның күрамында 39 гвардиялық атқыштар дивизиясының 112 атқыштар полкінің 3-ші батальонында Сталинград майданындағы соғысқа қатысады. 1943 жылдың қантар айында Сталинград қаласын жаудан қоргау жолындағы қиян-кескі шайқастың бел ортасында болады. Қаланың трактор заводы ауданындағы шайқаста Зұлкарнай Сейдахметов өз бөлімшесімен жаумен қолма-қол ұрысқа кіреді. Осы шайқаста жаудың гранатасы дәл жанынан жарылып бетінен, екі көзінен ауыр жаралады. № 1709 госпитальда емделіп, екі көзінен айырылған бірінші топтағы мүгедек болып елге оралды. Сталинград майданында көрсеткен жауынгерлік ерлігі үшін «Қызыл Ту» орденімен марапатталады. Соғыс зардабынан бойына сіңген сырқат ақыры жанына бастып, 1953 жылы 4 наурызда қайтыс болады. Артында қалған ұлken ұлы Әлібек әке әuletінің отын өшірмей, бүтінде іргелі отбасының ұйытқысы болып отыр.

Садуақасов Тұрлыбек Ғазизұлы 1937 жылы 8 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы, Қызыл ту (қазіргі Уәлиханов) ауданы Байторы ауылында дүниеге келген. Қарағандыдағы кооператив институтын бітіргеннен кейін еңбек жолын аудандық тұтынушылар одағының көтерме сауда базасында аға бухгалтер қызыметінен бастап, кейін 1975 жылы құрметті демалысқа шыққанша тұтынушылар одағының бас бухгалтері болып істеді.

Тұрлыбек Ғазизұлы – Кеңес тұтынушылар коопeraçãoсының ардагері. «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Ерен еңбегі үшін», «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл», «Тың және тыңайған жерлердің игергені үшін», «Тыңға -50 жыл» медальдарымен, «Отличник



советской потребительской кооперации» төсбелгісімен марапатталған. Бірнеше мәрте аудандық, облыстық және республикалық тұтынушылар коопeração одақтарының Құрмет грамоталарын алған.

Т.Садуақасовтың алпыс жылдан астам өмірі қазақ ән өнерімен тығыз байланысты. Оның домбыраға қосып орындаған әндері тыңдаушыларға ұмытылmas әсер

калдырады. Оның репертуарында Сегіз серінің, Нияз серінің, Біржан сал мен Ақан серінің, Жаяу Мұсаның, Естайдың, Кенен Әзірбаевтың, Нұрғиса Тілендиевтің, тағы да басқа көптеген композиторлардың шығармалары бар.

Ақан серінің 150 жылдығына арналған облыстық байқауда дарынды домбырашы лауреат атанды. Ол аудандық мәдениет үйінің әншісі, III Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалінің облыстық байқауының (1989 жыл) дипломанты.

Сейфуллин Амандық Қаратайұлы 1956 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданы Бұлақ ауылында туған. Еңбек жолын 1974 жылы Бұлақ кеңшарының жұмысшысы болып бастайды. 1974-1976 жылдары Совет Армиясы қатарында Отан алдындағы борышын өтеп, елге сержант шенімен оралады.



1976 жылдың желтоқсанында Алматы халық шаруашылығы институтының даярлық бөліміне түсіп, 1977 жылды осы оку орнының студенті болып қабылданды. Оқуда ерекше үздік жетістіктерге жетіп, Лениндік стипендиат атанады. Институтты 1981 жылды Қызыл дипломмен аяқтап, Қазақ ССР-і Қаржы министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша қаржы-бақылау

басқармасына жұмысқа жолдама алады. Қызметін қатардағы бақылаушы-тексерушіден бастап, облыстың бас бақылаушысы-тексерушісінің орынбасары лауазымына дейін жоғарылады.

1992 жылы КР Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті құрылғанда, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқарма бастығының бірінші орынбасары қызметіне тағайындалады. Бұл қызметте 1998 жылдың қазанына дейін, Комитет жабылғанша істеген.

1999-2001 жылдары облыстық салық комитетінде бөлім басшысы қызметін атқарып, кейінгі он жыл ішінде бірқатар облыстық атқарушы органдардың басшыларының экономика жөніндегі (мемлекеттік сатып алу, көлік және коммуникация, денсаулық, экономика және бюджеттік жоспарлау мәселелері) орынбасары қызметтерін атқарды.

2011 жылдың қыркүйек айында облыстық мәслихаттың шешімімен саяси қызметке – Солтүстік Қазақстан

облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі болып тағайындалды. 2013 жылдың шілде айында КР Президентінің Жарлығына сәйкес саяси қызметтөн мемлекеттік әкімшілік қызметтің «А» корпусына ауыстырылды.

Қызмет істеген уақытында Қазақ ССР-ы Қаржы министрінің Алғысымен және ақшалай сыйлығымен, Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің Құрмет грамотасымен, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хатымен және КР Республикалық бюджеттін бақылау жөніндегі есеп комитетінің III дәрежелі «Қаржы сақшысы» медалімен марапатталған.

Зайыбы – Жібек Әйіпқызы Сейфуллина «СҚО Фармацевтикалық ақпараттық орталығы» ЖШС директорының орынбасары. Ұлдары: Саян – Төтенше жағдайлар министрлігі саласының офицері, майор, Абзal – банк саласының қызметкері – аға менеджер.

Сағитов Құрманғали Сағитұлы 1947 жылы 24 қазанда Омбы облысы Есілкөл ауданы Бақабас ауылында майдангерлер отбасында дүниеге келген. Қазақстанға көшіп келгеннен кейін орта мектепті бітіріп СССРәскери-теңіз флотында міндетті борышын атқарған. 1972 жылы Целиноград (Астана) ауылшаруышылығы институтын бітіріп агроном-ғалым мамандығын алғып шығады. Еңбек жолын Қызылту ауданының Бидайық совхозында бастады, осында өмірлік жары, мұғалім Гауһартас Сыздыққызына үйленіп, 1978 жылдың наурызында отбасын құрады.

1978-1979 жылдары «Сельхозхимияда» агроном болып қызмет атқарды. Кейін «Қаракөл», «Озерный» кеңшарларында бас агроном болды. Бірнеше жыл партия үйіміна басшылық етті. 1992 жылы «Мырзагұл»



(Жамбыл) ауылында директорлық қызмет атқарды, 1998 жылы Аумақтық қызмет күрылып, зейнеткерлікке дейін сол үйимның басшысы болды.

Құрманғали Сағитов ауылшаруашылығын көтерген, елге сыйлы адам болды. Ол қай салада қызмет атқарса да зор жауапкершілікпен қарап, адамгершілігі мол, кішіпейіл адам болған. Жүзі жылы, күлімсіреген көздері

айналасына шуак шашып, жақсылық үялататын. Отбасында адап жар, қамқор әке, сүйікті ата болып, дауысы қатты шықпай, дөрекі сөйлемей, жақсы ғұмыр кешті. Өзінің соңынан ерген төрт баласына өнегелі тәрбие беріп, бәріне жоғары білім алуына көмектесті. Үлкен ұлы Салават аудандық ішкі істер бөлімінде милиция майоры, Талғат аудандық әкімдікте әкімнің экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, Шыңғыс – аудан орталығындағы Кішкенекөл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, Дудары – Көкшетау қаласында жолаушылар транспортты басқармасы бастығының орынбасары.

Көрнекті ауылшаруашылығы маманы, тамаша спортының Құрманғали Сағитов қызмет жылдарында көптеген медальдармен, грамоталармен маралатталған.

Ол 2013 жылдың 15 ақпанында дүниеден өтті.

Сайлыбаева Клара Нұрекеқызы 1936 жылы 22 қаңтар айында Көкшетау облысы Қызылту ауданы, Қызылту ауылында дүниеге келген. Ол жастайынан кітапқа, әсіресе қазақ дастандарына, жырларына қызығушылығы мол болған. «Шынымды айтсам, - дейді Клара апай – мені кітапхана шының кәсіпке жетелеп әкелген, кітапқа деген шексіз құштарлық, ауылдағы шағын кітапханаға көп баратаңмын».



Мектепті бітіріп, бір – екі жыл санақшы, мектепте хатшы болып жұмыс жолын бастайды. 1957 жылы қаңтар айында аудандық партия комитетінің кітапханасына кітапханашы болып жұмысқа қабылданады, бұл жерде екі жыл жұмыс атқарып аудандық кітапханаға оқырман залына меңгерушісі болып ауысады. Мәдени-ағарту саласындағы бірде-бір шара Сайлыбаева Клараның қатысуынсыз өтпеген, түрлі деңгейдегі тақырыптық семинарлар, дөңгелек үстелдер мен конференцияларға кітап көрмесін әзірлең, жергілікті ақын-жазушылармен оқырмандар кездесуін ұйымдастыратын.

Білімнің қайнар бұлағы – кітап. Кітаптарды көздің қарашығындей сақтап, кітапханаға оқырмандарды тартуда Клара апайдың үлесі зор. Саналы ғұмырын

осы салаға арнаған ардагер кітапханашылардың бірі. «Мен кітапханаларды білім, адамгершілік, парасат ордасы деп білемін. Ал кітапханашыларды ешқашан жоғалмауға тиісті асыл қазынаның сақшылары деп санаймын» деп Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев айтқандай, кітапханашы Клара Нұрекеқызы өзінің абыройлы мамандығының арқасында, өз кәсібіне адал екендігін жылдар бойғы жанкешті еңбегімен дәлелдей білді.

Жұбайы Рашид екеуі тәрбиелеп өсірген 3 ұлы мен 2 қызы жеке отбасы, еліміздің әр өңірінде абыройлы қызмет атқаруда.

Тілеубайұлы Қаскей 1886 жылы Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Аққайын ауданындағы Аралағаш ауылының жерінде дүниеге келген. Жігіт шағында қазан төңкерісі, азамат соғысы, кәмпескелеу, аштық сияқты өмірдің қайғы-қасіретке толы қылын-қыстау кезендерін басынан өткізіп, небір сүмдүқ оқиғалардың куәсі болады. Еттірлігінің арқасында сауатын ашып, білім алады. Отызыншы жылдары колхоздандыру саясатына белсене атсалысады.



Өзі туып-өсken Аралағаш ауылы отызыншы жылы алдымен артель, келесі жылы колхоз болып құрылады.

Қаскей осы колхоз құрылышының белсенді мүшесі болады. Ағайынды үш үй үш жылқы мен төрт сиырды, он төрт қой-ешкіні жаңа құрылған ұжымшардың ортақ қорына қосып, басқалардың да колхоз құрылышына ат-салысуладына үйіткі бола біледі. Сауаттылығының арқасында Аралағаш колхозында он жылдан артық экспедитор болып қызмет атқарады. Колхоздың жұмысын жандандыру жолында Бейнеткор, Қиялы, Смирнов сияқты ірі шаруашылықтармен, қаланың іргелі кәсіпорындарымен іскерлік байланыс жасайды. Соның нәтижесінде Аралағаш колхозының жұмысы алға басып, соғыстың алдындағы жылдары астықтан мол өнім жинайды. Сөйтіп ауыл тұрғындарының тұрмысы жақсара бастайды.

Ұлы Отан соғысы басталғанда жұз жиырма үйлі Аралағаш ауылынан 170 адам Отан қорғауға аттанды. Солардың жұз төрті майдан даласында қаза тауып, елге оралмайды. Бұлардан басқа ауылдың отыз адамы еңбек армиясына алынып, тылдағы еңбек майданының ауыр кезеңдерін бастарынан кешіреді. Қаскейдің үлкен ұлы Сабыр, інісі Қасен, Кенжетайдың ұлы Зайтон 1943 жылы соғысқа жіберіліп, Курск, Сталинград бағыттарындағы киян-кескі шайқастарға қатысады. Ал еңбек армиясына алынған Қаскей болса Хабаровск өлкесіндегі Амур өзенінің бойында орналасқан балық зауытында жұмыс істейді. Кейін балықшылар бригадасының бригадирі болып еңбек етеді.

Елге соғыс аяқталар кезде оралады. Бірден бейбіт еңбекке араласады. Соғысқа дейінгі экспедиторлық қызметін қайта атқарып, шаруашылықтың тұралап қалған жағдайын жақсартуға бар күш-жігерін жұмсайды. Соғыс кезінде қайтыс болған туыстарының отбасыларын, ағайындарды бір жерге жинап, бәріне қамқоршы, ақылшы бола білді. Адал еңбегімен, ада-

ми қасиеттерімен жүртшылықтың құрметіне бөлөнген Қаскей Тілеубайұлы 1969 жылы тамыздың 12 күні 83 жасында дүниеден өтті.

Тілегенов Баязит Тілегенұлы бұрынғы Ақмола губерниясы Ортанғы болысында 1894 жылы туған. Тілегенов Баязит Тілегенұлы туралы өзінің қолымен 1951 жылдың 15 маусымында жазған өмірбаяны жан-жақты мәлімет береді.



Бұл құжат – сол заманның айғағындей. Әкесі Жәнібеков Тілеген туралы акпаратта ол Қазан революциясына дейін шаруа болғанын, ал 1929 жылдан бастап Көкшетау облысының Рузаев ауданындағы «Алғабас» колхозының мүшесі болғанын айтады.

Ата-анасы сайлау құқықтарынан айрылмаған, құғынға ұшырамаған. Өз отбасы туралы әйелім үй шаруашылығымен айналысады, екі қызым және кіші балам бар, деген. 1917 жылы туған үлкен ұлы туралы Ұлы Отан соғысы майдандарында хабарсыз кетіп, кейіннен тірі болып, кәзірде әкесіне белгісіз себептермен қамауда екенін көрсеткен.

Өзі туралы Баязит 1946 жылдың қарашасынан бастап БКП(б), ал 1925 жылдан кәсіподақ мүшесі екенін ай-

тады. Бұрын БКП(б), басқа партияларда, революциядың үйімдарда, оппозицияда және басқа топтарда қатыспағанын және қатыспайтынын хабарлайды. Партия жазаларының жоғын, сotta және тергеуде болмағанын және қазір де жоғын жазған. Шет елдерде болмаған, азамат және отан соғыстарына қатыспаған.

Осылай, өзінің шубесізділігін дәлелдеп, Б.Тілегенов өмірі туралы нақты мәліметтерге көшеді.

Откен заманның ширек ғасырының ағынды оқиғаларының ортасында жүрген кешегі көшпенді жігіт 1923 бер 1925 жылдар арасында бөлім менгерушісінің орынбасары, ал 1925-1927 жылдары Петропавл уезінің Төңкеріс болысының председателі болады. Кейіннен, уездік бөліністі жойған 1928 жылдың маусымдағы әкімшілік реформасына дейін Б.Тілегенов Петропавл уездік жер басқармасының бастығының орынбасары болып істейді.

1929 жылдың мамырында тағдырының маңызды кезеңі басталады. Өмірлік кәсібін таңдағанын өзі нақты сезбесе де, сол кезде ол қаржы саласына ауысады. Бұл қызметті ол Төңкеріс, сосын Рузаев аудандарының қаржы бөлімдерінің есепшілігінен бастайды. Кейіннен Қарағанды облысының, ал 1936 жылы ол екі облысқа бөлінгеннен соң Солтүстік Қазақстан облысының қаржы бөлімінің инспекторы, аға инспекторы болады. 1942 жылдан бюджет бөлімінің бастығы қызметіне ауысады.

Биік қызметтің деңгейі терең білімділікті талап еткесін, 54 жасқа толған Баязит Тілегенұлы 1948 жылы орта мектеп көлеміне сай емтихан тапсырып, Алматы несие-финанс техникумының студенті болады. Осындағы білімге деген құмарлық, мақсатқа жетердегі жігерлігі қазіргі ұрпаққа үлгі боларлықтай. Сол кездегі ұрпақ жаңа өмірді құруға арналған істің маңызды да,

жауапты жұмысын өз мойындарына алуға қорықпаған. Содан да олар қысқа мерзімде білгір маман, өмірді жақсы түсінетін басшы болып шындалатын.

Баязит Тілегенұлы – Солтүстік өңірдің қазактан шыққан бірінші қаржыгерлердің бірі. Ол жас Қазақ Республикасының құрылышына көп еңбек еткендердің катарында. Сондыктан да оның үлесіне көрсетілген құрмет те аз болған жок. 1946 жылы тылдағы еңбегі үшін «Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін» медалімен, 1947 жылы КСРО Қаржы Министрлігінің «Қаржы ісінің үздігі» белгісімен марапатталады. 1951 жылы еңбегі жоғары бағаланып Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Президиумының Грамотасы табыс етілді, ал 1952 жылдың 5 акпанында Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Сол кезде қаржы қызметкерін орденмен марапаттау сирек кездесетін жағдай еді.

Баязит Тілегенұлы 1990 жылы дүниеден өтті.

Тастубаев Бауыржан Сағындықұлы 1951 жылы 24 маусымда Омбы облысы Азов ауданы Сегізбай ауылында дүниеге келген. 1974 жылы Алматы қаласының ветеринариялық институтын бітіріп ветеринариялық дәрігер мамандығын алып шығады. Еңбек жолын Ленин ауданының ветеринариялық станциясының терапевт малдәрігерінен бастайды. 1976-1977 жылдары «Амангелді» кеңша-



рының бас малдәрігері болады. 1978-1981 жылдары Қызылту аудандық ветеринариялық станциясының терапевт малдәрігері, 1981-1985 жылдары «Қаракөл» кеңшарының бас малдәрігері, 1985-1988 жылдары аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы, сонында 1989-2015 жылдары Қызылту агроОнеркәсіптік бірлестігінің ветеринария бөлімінің бас малдәрігері, Уәлиханов ауданының аймақтық инспекциясының басшысының орынбасары, Ветеринариялық станциясының басшысы лауазымдарын атқарды. 2015 жылдан бастап зейнеткерлікте болса да қызметін жалғастыруды.

Бауыржан Таствуаев ауданда ветеринария саласын көтерген елге сыйлы адам. Ол қай салада қызмет атқарса да зор жауапкершілікпен қарап, адамгершілігі мол, кішіпейіл адам, ақылдылық, парасаттылық сияқты ізгі қасиеттер де айналасына шуақ шашып, жақсылық ұялатады.

Ауыл шаруашылығы экономиканың маңызды саласы десек, сол саланың дамуына үлес қосып, тер төгіп, аянбай еңбек етіп жүрген Таствуаев Бауыржанның еңбегін атап өтуге тұрарлық екені анық. Әсіресе, халқы негізінен ауыл шаруашылығымен айналысадын Уәлиханов ауданы үшін бұл саланың орны айрықша. Көрнекті ветеринария маманының, қызмет жылдарында саланы дамыту проблемалары бойынша зерттеулері мен әзірлемелері, жаңа техника мен технологияларды жасау мен енгізу degi жетістіктері ескерусіз қалған жоқ. Еңбекті үйымдастырудың және басқарудың прогрессивті нысандарын енгізу degi жетістіктері, білікті кадрлар даярлауға белсene қатысқаны үшін ветеринария саласындағы ерек еңбегі үшін Қазақстан Республикасының II дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісімен, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы

Министрлігінің Алғыс хатымен, «Нұр Отан» партиясының, облыс, аудан әкімдерінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хатымен марапатталған.

Жұбайы Уәлиханов ауданының Құрметті ұстазы Ақтоғай Өтебайқызы екеуі ұлы Сембай, келіні Сәбирамен бірге өз отбасында немерелерінің қызығын та- машалауда.

Тухватулин Загит Гилмоллаұлы 1953 жылдың бесінші маусымында Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Баян ауылында дүниеге келген. Ауылдағы орта мектепті бітіргеннен кейін Петропавл қаласындағы ауылшаруашылық техникумына окуға түсіп, одан агроном мамандығын алғып шығады. Екі жыл Отан алдындағы әскери міндеттін атқарғаннан кейін Тимирязев ауданындағы Степной кеңшарының бөлімшесіне агроном болып орналасады.



1975-2004 жылдары бөлімше басқарушысы, ауылдық Кеңестің төрағасы, кеңшардың бас агрономы қызметтерін атқарады. Бірнеше жыл Степной кеңшарының директоры болып қызмет істейді. Кеңшар тарағаннан кейін «Атамекен-Тимирязево» жауапкершілігі шекте-

улі серіктестіктің бас агрономы болды. 2015 жылдан «Сағат» ЖШС-тің директоры қызметін атқаруда.

Загит Гилмоллаұлы қырық жылдан астам ауылшаруашылығы саласында жемісті еңбек етуде. Ол «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарымен, Ауыл шаруашылығы Министрінің Алғыс хатымен, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Екі мәрте Тимирязев аудандық мәслихатының депутаты болып сайланған.

Зайыбы Бибінүр Ахиетденқызымен екеуі бес бала тәрбиелеп өсірді.

Ташмақанова Гүлжиян Таасбайқызы 1960 жылы 11 тамызда Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданы,

Пресновка селосында туған. 1981 жылы Петропавл педагогикалық институтын «ағылшын тілі мұғалімі» мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

Еңбек жолын Жамбыл ауданындағы Благовещенка орта мектебінде ағылшын тілінің мұғалімдігінен бастаған. 1982 жылы Преснов аудандық білім беру бөлімінің фильмотекасының менгерушісі болады. 1983-1984 жылдары Целиноград қаласының №



4 орта мектебінде шет тілдер пәннің мұғалімі және аға пионер жетекшісі болып еңбек етеді. 1985 жылы Жамбыл селолық кеңесінің хатшысы қызметін атқарады. 1985-1986 жылдары № 1 Мамлют орта мектебінде ағылшын тілінен сабак берсе, ал 1987 жылы Мамлют аудандық білім беру бөлімінің фильмотекасының менгерушісі болады.

1992-1996 жылдары Гүлжиян Тасбайқызы Бескөл (казіргі Қызылжар) ауданындағы «Новокаменский» кеншарының балабақшасында тәрбиеші болып істеді. 1997 жылы Жамбыл ауданындағы Кладбинка орта мектебіне директор және интернат менгерушісі қызметіне тағайындалады. Тоғыз жыл осы қызметті абыроймен атқарады, 2006 жылы оған Жамбыл аудандық әкімдігінің ұйымдастыру-бақылау және кадр қызметі бөлімін басқару тапсырылады. Бір жыл осы әкиматтың ішкі саясат бөліміне басшылық жасайды. Осы қызметтерде өзінің ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білген оны 2013 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы Есіл ауданының білім беру бөлімінің басшысы етіп тағайындейды.

Гүлжиян Тасбайқызы білім саласындағы көп жылғы жемісті еңбегі үшін Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасымен және Есіл ауданы әкімінің Грамотасымен марарапатталған. Ол екі қыз тәрбиелеп өсірді. Айгүлі қаланың № 17 мектебінде бастауыш сыныптардың мұғалімі, ал Сәулесі Петропавл қаласының қылмыстық-түзету органдарында қызмет аткаруда.

Туленов Бауыржан Алтайұлы 1979 жылы 21 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы, Тимирязев селосында туған. 2000 жылы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «физика және



информатика» мамандығы бойынша бітіріп шығады. Еңбек жолын Тимирязев ауданындағы Жарқын орта мектебінде физика және информатика пәндерінің мұғалімдігінен бастайды. 2014 жылға дейін облыс мектептерінде мамандығы бойынша еңбек етеді. Қазіргі уақытта Омбы мемлекеттік политехникалық университетінің магистратурасында оқуда. Диссертациясының

тақырыбы – «Методологический аспект компетентностного подхода в организации образовательного процесса в инновационной школе».

Бауыржан Алтайұлы жоғары санаттағы маман болып есептеледі. 2006 жылдан Әбу Досмұхамедов атындағы дарынды балаларға арналған гимназия-интернатта физика мұғалімі бола жүре мектептің ғылыми қоғамына оқушыларды үйымдастыра алды. Оның оқушылары ғылыми жобалардың облыстық, республикалық және халықаралық конкурстарында жүлделі орындарға ие болды.

2009 жылдан Б.Туленов директордың ғылыми-әдістемелік жөніндегі орынбасары және мектептің шығармашылық жұмысына жетекшілік етті.

2010 жылдан Бауыржан Есіл ауданындағы Николаевка орта мектебінің директоры болып істеді. Алдыңғы қатарлы тәжірибелерді насиҳаттау үшін об-

лыстық семинарлар мен шебер-сыныптар өткізді. Облыстық біліктілігін арттыру институты шығарған «Блум таксономиясы негізінде сабак үлгілерін құру» әдістемелік қуралда ол «Механизмнің ПӘК-і тақырыбына тірек конспектілер жасау» деген тақырыптағы сабак үлгісін жария етті. Мектеп оқушылары бірынғай ұлттық тестілеуде елеулі табыстарға жетіп, 2014 жылы облыс бойынша он озық мектептің катарына кірді. Мектеп директоры ретінде Б.Туленов республикалық білім жобаларын жүзеге асыруға белсенді қатысты. Ол мектептің дарынды балаларымен жұмыс істеуге көп көңіл бөледі. Мектеп директоры болған кезеңде оның оқушылары бірнеше рет облыстық және республикалық деңгейде ғылыми жобалардың жүлдегерлері болды. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің физика кафедрасы мен обсерваториясымен бірлесіп ғылыми жобалар жасалды. Тренерлік курстарда оқып жүргендеге республикалық деңгейде тренерлерге Коучинг өткізіп Кембридж университетінің халықаралық экспертері Аллан Дентон мен Иена Майлстан оң баға алды. Қазіргі уақытта Бауыржан Алтайұлы Қостанайдағы физика-математика бағытындағы Назарбаев интеллектуальды мектебінде физика мұғалімі болып істейді.

Б.Туленов қоғамдық жұмыска белсенді қатысады. Есіл аудандық мәслихатының депутаты болды. Әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі. Білім саласында жеткен табыстары үшін Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің, облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Қазақстан Республикасы мәслихаттарына 20 жыл» мерекелік медалінің иегері.

Танакұлов Мұбәрәк Ғабдолұлы 1936 жылдың сәуір



айында Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданы, Еңбек ауылында өмірге келген. Жеті сыншылар кооперациясы саласында сауда мамандарын дайындаудын мектепте оқиды. Мектепті тәмамдағаннан кейін Октябрь аудандық тұтынушылар одағына жолдама алады. «Заря» жұмысшылар кооперациясы төрағасының

орынбасары қызметіне алынады. Жас маман іске белсенді кіріседі. Облыстық тұтынушылар одағы бірнеше рет алғыс жариялады, газеттерде «Заря» жұмысшылар кооперативінде жұмыстың жақсы деңгейде жүріп жатқаны жөнінде мақалалар жарияланады. 1958 жылы М. Танакұлов Қазақстан комсомолының IX съезіне делегат болып сайланады.

Бес жыл қалалық сауда кооперативінде жұмыс істеңдеге көптеген сауда нысандары салынды. Қала үзіліс-сіз азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етіліп отырды.

1965 жылдың сәуірде облыстық тұтынушылар одағының басқармасы Мұбәрәк Ғабдолұлын Ленин аудандық тұтынушылар одағының аудандық дайындауда кеңессіне директор қызметіне жіберіледі. Мұнда 1970 жылға дейін жұмыс істеп, ол басқарған ұжым алдыңғы

қатардан көрінеді. Кейін ол Тимирязев, Совет ауданда-рының, облтұтынушылар одағының дайындау кенсе-лерінің жұмысын да жақсы деңгейге көтереді.

М.Танақұлов облыстық тұтынушылар одағы төралқа-сы тәрағасының орынбасары қызметінде жүргенде Булаев, Мамлют, Сергеев және басқа аудандардың са-уда орындарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға және жаңа нысандарды салуға көп еңбек сінірді. Осындай ұйымдастырылған аукымды жұмыстардың нәтижесінде облыстық тұтынушылар одағы республи-када барлық көрсеткіш бойынша бірінші және екінші орындарды жеңіп алды. Мұбәрәк Габдолұлы жоғары көрсеткіштері үшін Қазтұтынушылар одағы съезінде Мәскеуде өтетін КСРО-нің тұтынушылар коопера-циясының Орталық Одағының X съезіне делегат болып сайланады.

1985 жылдың мамырында М.Танақұлов Солтүстік Қа-зақстан облыстық тұрмыстық қызмет көрсету басқар-масының бастығы қызметіне ауысады. Өндірістен қол үзбей ол 1965 жылды Көкшетау кооператив техникумы-ның «бухгалтерлік есеп» бөлімін, ал 1970 жылды Новосібір сауда кооперативтік институтын «товаровед» мамандығы бойынша бітіріп шыққан болатын.

Мұбәрәк Габдолұлы 1990-1992 жылдары Қазтұты-нушылар одағының аппаратында сауда жөніндегі Бас басқарманың бастығы болып істейді, ал одан кейін Каз-горкоопторг»-тың бас директоры қызметіне ауысады.

Кеңес Одағы құлап «Казпотребсоз» тарағаннан кей-ін оны «Кен дала» компаниясы «Агронефтехимснаб» филиалын басқаруға шақырады да, осында 2004 жылға дейін директор болып істейді.

Мұбәрәк Габдолұлы жұбайы Елизавета Байдалықы-зымен жеті бала тәрбиелеп-өсірді. 14 немере мен 6 шө-беренің сүйікті атасы мен әжесі.

М.Танакұлов қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысты. Аудандық кеңестің депутаты болды, облыстық партия комитетінің мүшелігіне де сайланды. Сонымен қатар көптеген наградалардың иегері. «Ерен еңбекті үшін», «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл», «Еңбек ардагері», «Астана – 10 жыл» медальдарымен, КСРО Жоғарғы Кеңесінің және КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Төкебаев Қайыргелді Биғазыұлы 1947 жылы 21



қарашада Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданында дүниеге келген. 1963 жылы мектепті бітіргеннен кейін бір жыл құрылышты болып жұмыс істеді. 1964 жылы Ақтөбедегі мәдени-ағарту училищесіне окуға түсіп, 1967 жылы бітірген соң, жолдамамен Қызылорда облысының Қазалы қаласындағы халық театрының режиссері болып қызмет атқарды. 1970-1990 жылдары

Көкшетау облысы, Қызылту елді-мекенінде саз мектебінің мұғалімі, Мәдениет үйінің драма үйірмесінің режиссері болып қызмет істеді. «Тамаша» ойын-сауық кештерін өткізіп, көрермендер ықыласына ие болды. Осы жылдары драма үйірмесінің режиссері Қайыргелді Биғазыұлы Көшке Кементерұлының «Алтын

сақина», Әбділда Тәжібаевтің «Той боларда», Қалтай Мұқаметжановтың «Құдағи келіпті» т.б. пьесаларына музыка жазып, «халық театры» атағына ие болды. Осы драма үйірмесі тоқсаныншы жылдары Алматы қаласындағы М.Әуезов атындағы драма театрының киелі сахнасында Қалтай Мұқаметжановтың «Құдағи келіпті» атты спектакілімен «Халық театрлар фестиваліне» катысты. Ал 1991 жылы Оңтүстік Қазақстанға көшіп, Кентау қаласындағы № 24 Үйрар Рысқұлов атындағы орта мектепте саз пәнінің мұғалімі болды. 2008 жылы қайтадан Кішкенекөл (бұрынғы Қызылту) елді-мекеніне оралып Сәкен сері Жұнісов атындағы Мәдениет үйінің драма үйірмесінің режиссері болып қызмет істеді.

Кайыргелді Бигазыұлы өн бойы сырға да, жырга да толы Қекше жерінде өсіп, ата дәстүрді өзіндік ізімен жалғастыра білген дарынның бірі. Қекше жері болған соң, дарынды тұлға тұтқан Біржан салдай сырлы әнші-ақын, Ақан серідей қайталанбас тұлға, үкілі Ыбырайдай әуені бөлек дарынды тұлға тұтқан Қайыргелді сол сарыннан сусындағаны білініп тұратын. Оның қалқи жүзген әндері, толқындей соққан дастандары, шалқыта шертілген күйлері бүкіл қазақ даласының сарыныңдай эсер қалдырды.

Көп жыл шығармашылық жұмыспен айналысты. Осы уақыт аралығында 150-ден аса ән, термелер, халық аспаптар оркестіріне арналған шығармалар, Кентау қаласының гимнін жазған, «Түркістан» атты сюита, «Сарбаздар би» атты күй және бірнеше инструменталдық шығармалар, драмалық пьесаларға музыка жазған. Қайыргелді Бигазыұлының патриоттық әндері өз алдына бір төбе. Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі жауынгерлерінің сапта жүріп шырқайтын «Туған жер», ақын Р.Балабиевтің сөзіне жазған

«Егеменді елім», ақын О.Оспановтың сөзіне жазылған «Шекарашиби», сондай-ақ өзінің «Батыр ата – Бауыржан» әндерін жүртшылық жақсы біледі.

Текебаев Қайыргелді Биғазыұлының шәкірттері әрдайым аудандық, облыстық байқау сайыстарының жүлделі орындардың иегерлері. 2001 жылы облыстық «Жаңа ғасырга-жаңа ән мен жаңа күй» атты байқауында лауреат атанған.

Ол өнірдің мәдениет саласының дамуына қосқан зор үлесі үшін және де қоғамдық өмірге белсene қатысқаны үшін бірнеше мәрте аудан, облыс әкімдерінің грамоталарымен және Мәдениет саласының дипломдарымен марапатталған. Кентау қаласының «Күрметті азаматы» атағына ие болған азамат.

Татыбаев Иманғали Сұлтанұлы 1953 жылы сәуір айында Ресейдің Қорған облысындағы Петухов ауданында дүниеге келген. Сегізжылдық мектепті бітіргеннен кейін Қорған қаласындағы теміржол училищесіне түседі. Оқуды бітіре сала оны әскер қатарына алады. Германияда азаматтық борышын өтейді. Елге оралған соң зооветериналдық техникумды тәмамдап, ет комбинатына жолдама алады. Алдымен мұнда слесарь, одан кейін мастер, аға мастер, цех бастығы қызметтерін атқарады. Ұйымдастырушылық қабілеті мол Иманғали комбинаттың комсомол комитетінің хатшысы болып сайланады. Қалалық комсомол комитетінің мүшесі болады. Халық депутаттары аудандық кеңесінің депутаты болып сайланады. Сайлаушылардың талап-тілектерін орындауда қыруар жұмыс атқарады. Әсіресе көп балалы отбасыларына, мүгедек балаларға байланысты мәселелерді шешуде табандылық көрсетеді.

Зейнеткерлікке шыққанша Иманғали Сұлтанұлы

«Банк Центр Кредит» АҚ облыстық филиалында инженер қызметін атқарды. Осы ұжымда ол «НұрОтан» партиясының бастауыш үйімін басқарды.

Екі ұл тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Ермек көп жылдар бойы ішкі істер органында еңбек етіп, подполковник шенінде отставкаға шықты. Қазіргі уақытта заңгер болып істейді. Ал кіші ұлы Руслан – кәсіпкер. Екі ұлынан үш немере сүйіп отырған бақытты ата.



Таев Сұлтанбек Кенжеболатұлы 1947 жылы 16 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Шал ақын ауданындағы Көктерек ауылында дүниеге келді.

Марьевка селосында тоғызынышы сыныпқа дейін оқып білім алды, кейіннен училищені аяқтап, механизатор мамандығына ие болды. Әскер жасына жеткеннен кейін Сұлтанбек Кенжеболатұлы Отан алдындағы азаматтық міндетін өтеп қайтады. Туған еліне оралып, бригадир болып еңбекке араласады. Әрдайым білгірлігімен, шынайылығымен өз қатарластарынан ерекшеленіп тұратын қасиеті болды.

1983 жылы Шағалалы селосындағы Ауылшаруашылығы техникумын тәмамдал, агроном маман-



дығын алып шыгады. Осы жылдардың қыншылығы мен қызығын өз елінде басшылық ету барысында көрді. Ұзак жылдар бойы ауылшаруашылығында атқарған абыройлы да адал еңбегі елеусіз қалған жок. «Енбек Қызыл Ту» орденімен, «Құрмет» төсбелгісімен марапатталды. Көктерек ауылшының өсіп-өркендеуі жолында тынымсыз еңбек етті. Ауыл тұргындарының қолдауымен ауылдық Кеңестің депутаты

болып сайланды. Еліне, отбасына сыйлы болып, әрқашан кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсете білді.

Сұлтанбек Кенжеболатұлы басшы болған тұста ауылдың орталыққа жету жолдары, көліктердің жүруі, әсіресе, астық жинау кезінде ел азаматтарының жұмыс атқаруына жағдай жасалды.

Осы күндері жұбайы Қайыржан көп жылдар бойы Көктерек ауылшында фельдшер қызметін атқарып, құрметті зейнеткер атанды. Қазірде немере сүйіп, тәрбиелеуде. Үш баласы әр мамандық бойынша әке ізін жалғастыруда. «Әке көрген – ок жонар, шеше көрген – тон пішер» демекші, Сұлтанбек Кенжеболатұлының балалары мен немерелері әлі де білім мен ілімнің биік белестерінен көрінетіндігі сөзсіз.

Сұлтанбек Кенжеболатұлы Таев 2002 жылдың 29 қыркүйегінде дүниеден өтті.

Таев Нагашыбай Сұлтанбекұлы 1974 жылы 25 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Шал ақын ауданындағы Көктерек ауылында туған. Ленин орта мектебін бітіргеннен кейін 1997 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін агроном мамандығы бойынша тәммадды.

Кейін Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде аға оқытушы болып қызмет істеді.

2002-2006 жылдары ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ақмола облысы бойынша ОАБ мемлекеттік астық инспекторы болып еңбек етті. Одан соң «Агромашхолдинг» АҚ Новоишим филиалының директоры, 2009-2010 жылдары «Астық-Сервис-КЭА» ЖШС Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өнірлік директоры болып қызмет атқарды.

Қазіргі уақытта «АГРОФАРМ СК» ЖШС директоры.

Нагашыбай Сұлтанбекұлы шетте журіп, қай сала да қызмет атқарса да өзінің туған жері – Көктерек ауылының болашағын ойлап, оның кейбір проблемаларын шешуге көмек көрсетуден тартынып көрген жоқ. 2013 жылы Рамазан айында (ораза ішінде) сонау Көкшетаудан техника тауып, қажетті құрал-саймандар әкеліп, Көктерек ауылына су тартқызып берді.



Сөйтіп, ауылға үлкен бір игілікті іс атқарып, жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, ақ батасын алды.

Ташмұхаметова Римма Құсайынқызы 1938 жылы



24 тамыз күні Петропавл қаласында дүниеге келген. Әкесі Құсайын Есмағамбетұлы, атасы Бибас осы қаланың белгілі азаматтары, байырғы тұрғындары болатын. Анасы Құлзипа ақының ақын Мағжан Жұмабаевтың туған апасы Құләндәмнің қызы болып келеді. Римма Құсайынқызы 1957 жылы Петропавл қаласының В.И.Ленин атындағы № 1 орта мектебін үздік тәмамдап, сол жылы Алматы медициналық институтының фармацевтикалық факультетіне окуға түседі.

Жоғары білімді мамандық алғып шыққаннан кейін еңбек жолын № 26 дәріханада рецептар қызметінен бастады. Өзіне жүктелген жұмысын шебер, жауапты атқаратын білікті маман 1965 жылы облыстық бақылау-сараптама зертханасына химик-сараптамашы қызметіне тағайындалады. Бұл өте қыын да қызық жұмыс еді. Бүкіл облыс көлемінде іссапарларда жүріп, қысы-жазы алыс-жақын елді мекендерге барып, 8 жылдай Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы аурұханалар мен дәріханалардағы дәрі-дәрмектердің сапасына бақылау жасайтын.

Медицина саласында аянбай еңбек етіп жүрген жоғары санатты, кәсіби маманды денсаулық сақтау басқармасы 1973 жылы жоспарлы-фармацевтикалық өндірістің директоры қызметіне шақырады. Осы мекемеде табан тіреп, зейнет демалысына шыққанша абыройлы еңбек етіп, зор жетістіктерге қол жеткізді. Бірге қызмет етіп жүрген адамдарға деген адамгершілік қарым-қатынасын, қамқорлығын, өз ісіне ұқыптылығын, ең алдымен үлкен жауапкершілігін, адалдығын әріптестері әлі күнге ұмытпайды.

Ұжым арасында үлкен бедел мен құрметке ие болған Римма Құсайынқызы 1974 жылы КОКП(КПСС) қатарына алынды. Содан 10 жыл бойы Солтүстік Қазақстан облыстық дәріханалар басқармасы бастауыш партия үйімінің хатшысы қызметін тұрақты атқарып келді. Еңбек сткен жылдарында бірнеше мәрте Петропавл қаласының Куйбышев аудандық партия комитетінің, облыстық дәріханалар басқармасының Алғыс хаттарымен, Құрмет грамоталарымен, бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Көп жылғы жемісті еңбегі Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесінің басшылығының атынан бағаланып, 1971 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 1985 жылдың 23 мамырында «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Еліне елеулі, халқына қалаулы Римма Құсайынқызы сірі, өлкемізге танымал ұстаз Ғалиев Жақсылық Мұқажанұлымен жарты ғасырдан астам үлгілі отбасын құрып, үл-қыз, немерелер тәрбиелеген, ағайын-туғанның сүйіспеншілігі мен ризашылығына бөлгенгөн сыйлы да, құрметті жан еді.

Хамзин Әшкен Хамзаұлы Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Шал ақын ауданына қарасты Жаңаталап ауылында 1931 жылдың наурыз айында дүниеге келген. Екінші дүниежүзілік қанқұйлы соғыстың ал-



дында туған құрбылары сияқты балалықтың бал дәуренін бастаң кешіре алмаған Әшкен Хамзаұлы буыны бекіп, бұғанасы қатпастан еңбекке араласты. Өзі қатарлы балалармен бірге өгіз айдалап, жер жыртты. Еңбек десе ерінбейтін өрім өрен қай жерде жұмыс қолы қажет болса, сол жерден табылды. Жастайынан алғыр, білімге, оқуға деген құлышынысы мол балаң жігіт Ленин орта мектебін тәмамдап, Қызылжар қаласындағы

педагогикалық училищеге оқуға түседі. Аталмыш оқуорның аяқтаған соң білімін одан әрі жалғастыруды үйіфарып, облыс орталығындағы мұғалімдер институтының физика-математика факультетінің студенті атанады. Алайда, тұрмыстың қыындығына байланысты окуын толық аяқтай алмаған ол ұстаздық еңбек жолын Кеңес орта мектебінде физика, математика пәндерінің мұғалімі болып бастайды.

Балғындарды білім нәрімен сузындана жүріп, айтартықтай тәжірибе жинақтаған білікті ұстаз қызметін Қаратал, Жаңажол, Социал орта мектептерінде жалғастырып, оқу ісінің менгерушісі дәрежесіне дейін көтеріледі.

Аудандық оқу білімінің басшылары Әшкен Хамзаұлының білімі мен біліктілігін, іскерлігін, жоғары

ұйымдастыруышылық қабілетін ескере отырып, директорлық қызметті тапсырады. Осы салада ұзақ жылдар табан аудармaston абыройлы еңбек еткен ол өз бойына сан алуан қасиетті дарытқан бесаспап білікті маман, тәлімгер ұстаз бола білді. Осы қызмет жолында ол, ең алдымен, өз ісіне шын беріліп, бүкіл ұжымның тіршілік-тынысының тамырын тап баса білді, қын жағдайда ұтымды ойларымен даралынып, ұстаздар мен оқушылар қауымын өнегелі ісімен сүйсіндіріп, қажет жерінде ақыл-кеңесін айтып, бағыт-бағдар сілтеп отырды. Өзі жүргізетін пәнді терең менгерген балаларды әсерлі әңгімесімен тарта, қызықтыра біletін шебер ұстаз үнемі окумен, ізденумен болды. Өзі ғана біліп қоймады, көрген-түйгенін ізін басып келе жатқан кейінгі жастарға үйретіп отырды. Еңбек сүйгіш ұстазды шәкірттері де, қызметтес жолдастары да мактаныш ететін. Білікті маманның көпжылдық аткарған адал қызметі лайықты бағаланды да. «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздік қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. Бірнеше мәрте ауылдық, аудандық кеңестердің депутаты болып сайланып, мектептің партия ұйымын жиырма жылдан артық басқарды.

Құдай қосқан қосағы Мәриям Әбілмәжінқызымен елу жыл отасып, бес бала тәрбиелеп өсірді. Балаларының бәрі де жоғары білімді, өз алдарына жеке-жеке бір шаңырақ. Үлкен ұлы Асқар, қыздары Әсем, Жүлдыз, Құралай әке жолын күп, балауса балғындарды білім нәрімен сусындарса, Асхаты Аққайың ауданына қарасты Смирнов ауылдық округі әкімінің орынбасары, Азаматы осы ауданда мемлекеттік кірістер басқарма-сында бөлім басшысы.

Әшken Хамзаұлы алдынан оқыған барлық шәкірттерді атап өтпесек те, ынталы оқушыларының үш-төртеуін тілге тиек ете кетейік. Білікті де білгір ұстаздың

алдын көріп, білімінің бал шырынымен сусындаған Қадір Ахметов – тарих ғылымдарының докторы, Қабжан Елемесов – полиция полковнигі, Сапар Ахметов – Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс депутаты, Култай Жандосова есімі республикаға әйгілі мұғалім, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі. Тағы да көптеген шәкірттері егемен еліміздің түкпір-түкпірінде абыройлы қызмет етуде.

Хамидуллин Сұнғат Хамидоллаұлы 1930 жылы 15 қыркүйекте Көкшетау облысының Чкалов ауданындағы Аймақ ауылында дүниеге келген. 1937 жылы туған ауылындағы жетіжылдық мектептің 1 класына окуға барып, оны 1943 жылы бітірген. 1944-45 жылдары Октябрь колхозында мал фермасында есепші болып қызмет атқарған. 1946 жылдың шілдесінен 1951 жылдың тамызына дейін Октябрь жетіжылдық мектебінде мұғалім әрі оку ісінің менгерушісі болып істеген.

1951 жылдың қыркүйек айында Қарағанды қаласындағы мұғалімдер техникумына түсіп, 1953 жылы шілде айында техникумды қызыл дипломмен бітірген.

1953-1954 оку жылында Октябрь жетіжылдық мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабак берген. 1954 жылдың қыркүйегінен 1955 жылдың казан айына дейін



Шұңқұркөл жетіжылдық мектебінің директоры болып істеген. 1955-1957 жылдары Белоруссия әскери округінің 36 дивизия № 262 полкында сержант дәрежесінде бөлімше командирі болды. Әскери міндетті атқара жүріп, кіші офицерлер дайындастын училищеге сырттан емтихан тапсырып, кіші лейтенант атағымен за-пасқа шығып, туған жерге оралады.

1957 жылдың желтоқсанынан 1958 жылдың шілдесіне дейін Октябрь жетіжылдық мектебінің мұғалімі және оқу ісінің менгерушісі болып істейді. 1958 жылдың тамызында Чкалов ауданы Қарағаш жетіжылдық мектебіне директор болып аудасады.

1963 жылы Қарағандының мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетін сырттай бітіреді.

1958-1988 жылдары Қарағаш орта мектебінің директоры болып үздіксіз 30 жыл қызмет атқарған.

Халық ағарту саласындағы қажырлы еңбегі үшін 1967 жылы «Қазак КСР-інің еңбек сінірген мұғалімі» күрметті атағы берілген. 1965 жылы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Окушылардың өндірістік бригадасының үлгілі еңбегі үшін 1977 жылы Ленин-дік Коммунистік жастар одағының қеудеге тағатын «Алтын қауыз» белгісімен марапатталды. Ол «1941-45жж. Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін» медалімен, 1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Женісінің мерейтойлық медалдарымен марапатталды. Чкалов аудандық партия комитетінің мүшесі болды. Чкалов аудандық атқару комитетінің депутаты және бірнеше мәрте ауылдық кеңестің депутаты болып сайланды.

Зайыбы Айшөкен Шаланқызымен З ұл, З қыз тәрбиеlep өсірген.

Хасенов Шәріп 1906 жылдың 15 қаңтарында Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Шал ақын ауданының, сол кездегі Бейімбет болысындағы Желқызыл ауылында дүниеге келген. Ол 1921 жылға дейін әке-шешесінің тәрбиесінде болады.



Әкесі 1921 жылы қайтыс болғанда ол 15 жаста еді. Ол тұрмыстың қынышылығына қарамай әуелі ауыл мектебін, кейін мұғалімдердің курсын, сонынан педтехникумды тәмамдайды. Еңбек жолын 1926 жылы 20 жа-

сында Мұқыр ауылындағы бастауыш мектепте мұғалім болып бастайды. Ол кезде бастауыш мектеп мұғалімдерін бір мектептен екінші мектепке жиі-жі ауыстырып отыратын, мұндай жағдайды Шәріп те басынан кешірді. Ол 1927-1933 оқу жылдарында № 17 ауылда, Сарықөл, Алыпқаш, Сана, Мектеп, Ақтас, Көктерек ауылдарында мұғалім болды. 1937 жылы Ынтымак ауылына келіп мектеп менгерушісі болып орналасады. Бұдан кейін ол 1939-1945 жылдары қазіргі Шал ақын ауданындағы Жаңажол бастауыш мектебінің менгерушісі, әрі сол ұжымшарда партия үйімінің хатшысы болып істейді. Ал 1946-1948 жылдары Алқа Ағаш, 1948-1956 жылдары Бағанаты бастауыш мектептерін басқарауды да, 1956 жылы жазда отбасымен өзінің туған ауылы Желқызылға көшіп барады. Осындағы бастауыш мектепте істеп жүрген кезінде 1958 жылы 7

қараша күні автомобиль апатынан қайтыс болады.

Шәріп Хасенұлы осылай 32 жыл бойы өмірінің соңғы күніне дейін жас булдіршіндерді оқытып, тәрбиелейді. Ол қызмет істеген ауылдардың тұрғындарына сыйлы болды. Жүрген жерінде тек бала оқытумен шектелмей, ата-аналармен де жұмыс жүргізді. Оларға бала тәрбиесі жөнінде дәріс оқыды, елімізде болып жатқан саяси-экономикалық жағдаймен таныстырып отырды. Ол ағайын-тұғандарға, басқа да туыстарға, жетім-жесірлерге қайырымдылық жасап, қолынан келгенше көмектесіп отырған.

Шәкенің ұстаздық еңбегі кезінде бағаланып, «Күрмет белгісі» орденімен, екі медальмен, бірнеше Күрмет грамоталарымен марапатталған.

Хасенов Қырым Шәріпұлы 1938 жылы 7 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь қазіргі Шал ақын ауданы, Ынтымақ ауылында туған. Бастауыш мектепті Бағанаты ауылында, онжылдықты Казанка мектебінде аяқтаған.

1962 жылы әскер қатарына шақырылып Батыс Қазақстан әскерлік полигонында, Ашалуп деген жерде Варшава келісім шартының құрамындағы Болгария, Германия, Венгрия, Румыния әскерлерімен бірге қорғаныс дайындығында, кейінде Симферополь, Алушта ПВО құрамында болды.

1963 жылы Кариб құйзелісіне байланысты интернационалдық міндетпен Куба жеріне, Сантьягоға жіберіліп 1965 жылы қараша айына дейін ПВО-да әскерлік міндеттін атқарды. Ол кезде Фидель Кастро Кубаны басқарса, інісі Рауль Кастро Қорғаныс министрі болған. Бұл аталған кісілермен жұзбе-жұз кездескенін ол мақтан етеді.

1966 жылы Қарағанды қаласында Киров шахтасына



жұмысқа орналасып, кейінде Горбачев шахтасында 1997 жылға дейін 31 жыл жұмыс істеген. Қарағандыда шахтада жұмыс істеп жүріп, Горный техникумды бітіріп механик мамандығын алды. Шахтыда жақсы қызметі үшін «Еңбек Қызыл Ту» ордені, «Почетный механизатор угольной промышленности СССР», «Құрметті кенші», «Көмір өнеркәсібінің еңбек сінірген қызметкері»

атағын алды. Бірнеше медальдардың иегері және Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталған.

1997 жылдан бері зейнеткер, Петропавл қаласында тұрады. Екі қызы мен ұлын тәрбиелеп жоғарғы білім әптерді.

Хасенов Рамазан Қырымұлы 1976 жылы 8 қыркүйекте Қарағанды қаласында туған.

1997 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін аяқтап, Солтүстік Қазақстан облыстық прокуратураға жолдамамен келіп, Есіл аудандық прокуратурада қызмет жолын бастаған.



1998 жылы Қызылжар аудандық прокурорының көмекшісі болып тағайындалды. 2000 жылы Петропавл қаласында ауданааралық прокуратурада прокурор болып істеді. 2006 жылдан бері облыстық сотта судья.

Жоғары кәсіби еңбегі және қызметтік борышына деген адалдығы, заңдылықты сақтағаны үшін облыстық әкімшіліктің Құрмет грамоталарымен, Сот қызметтің үйымдастыру мен жетілдірудегі еңбегі үшін Қазақстан Республикалық судьялар Одағының Құрмет грамотасымен, Сот төрелігін сапалы іске асырғаны үшін Солтүстік Қазақстан облыстық сотының Алғыс хатымен марапатталған.

Шамсұтдинұлы Хасен 1890 жылы Ақмола облысының Ерейментау жерінде дүниеге келген. Өз кезінің діндар адамдарының бірі болған. Экесі Шамсұтдин ақсақал сегіз жасқа толар-толмас Хасенді Бұхара қаласына діни оқуға береді. Сол кезде бүкіл Орта Азия мұсылмандарының діни орталығы болған, әркімнің қолы жете бермейтін діни оқу орнында оқуға төмендегідей жағдай себеп болған.

1898 жылы Бұхара қаласындағы Көкалдаш медресесінің ұстазы, Бұхараның соңғы әмірі Әмір Әлімхан-ның кеңесінің хатшысы Сағындық қажы Шамсұтдиннің үйіне қонақ болып түседі. Сағындық қажы осы үйге келген беттен көзі түскен 14 жастағы Бануды қалыңдыққа берсе, Хасеннің Бұхарада оқу шығынын өзі көтеретінің білдіреді. Сонымен бүкіл қазақ еліне танымал қажыға қызын қалыңдыққа, ұлын шәкірт болуға беріп жібереді. Сөйтіп сөзіне берік Сағындық қажы 1898 жылы Хасенді атақты Көкалдаш медресесіне оқуға береді. Атақты діни адамның тәрбиесінде болған Хасен медресенің үздік шәкірттерінің бірі болып оқиды. Азғана уақыт ішінде араб тілін менгеріп



шығады. Көкалдаш мәдресесін 1905 жылы тәмамдаған Хасен осы Бұхарадағы жоғары діни оку орны – Мир-Араб мәдресесіне окуга түседі. Медресені 1915 жылы үлгілі тәмамдалап, Сағындық қажымен бірге ұстаздық қызмет атқарады.

1934-1938 жылдар аралығында қалалық кеңестің мүшесі, 1938 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі участекелік комитетінің төрағасының орынбасары, орталық базарда базарком болып істеген.

Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағат деректері бойынша 1945 жылдың наурыз айының 7-де облыстық мұсылман діни қоғамы ашылады. Хасен Шамсутдинұлы осы діни ұйымның ашылған күннен бастап мүшесі болған. Ол 1950 жылы Петропавл мұсылмандар қауымы мешітінің имамы болып тағайындалады. Он жеті жыл бойы көк мешітті Құранның көп сүресімен, яғни Алланың сөзімен күмбірлеткен Хасен имамның ойдағы-қырдағы қазактың да, татардың да намазхандарын тоғыстырып, асыл дінімізге кіршік түсірмеген еңбегі ересен.

Өз заманындағы аса көрнекті тұлғалармен тығыз байланыста болды. «Снар Шариф» кітабының авторы Шәді Төремен таныс, пікірлес болған. Қазақ халқының көрнекті тұлғалары: Мағжан Жұмабаев, Мәшіһүр Жүсіп Қөпееев, атақты палуан Қажымұқан Мұңайтпа-

сов, Орта Азия және Қазақстан діни басқармасының төрағасы Бабажанов пен Садуақас Филмановпен достық қарым-қатынаста болған.

Араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған екі мыңдан астам кітаптарын, өзінің дінді уағыздау тақырыбына жазған қолжазбаларын 1960 жылдары Алматыдағы орталық кітапханасына тапсырды.

2015 жылдың 22 желтоқсанында Петропавл қаласындағы көк мешіттің қабырғасына Хасен Шамсұтдиновқа ескерткіш тақта орнатылды.

Шаяхин Мұхамедиер Жәукеұлы 1951 жылы 21 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Бостандық ауылында дүниеге келген.

1968 жылы Қызылжар қаласындағы № 2 қазақ мектеп-интернатын тәмамдап, осы қаладағы педагогикалық институттың физика-математика факультетінің математика бөліміне оқуға түсken. 1972 жылы институтты бітіріп, жолдамамен Мамлют ауданындағы Ленин орта мектебінде 1973 жылдың мамыр айына дейін математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген. 1974 жылдан 1987 жылға дейін Бостандық орта мектебінде директордың оку-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болған. 1987-1990 жылдары Андреевка орта мектебінің (Бескөл ауданы) директоры міндеттін атқарған. 1990-2008 жылдары Андреев совхозының партия үйімінің хатшысы, одан кейін ауылдық кеңестің төрағасы, Андреев ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарған.

Интернат қабырғасында белгілі домбырашы Серікбай Құсайыновтан тәлім алып, кейін Бостандық орта мектебінде, мәдениет үйінде домбыра үйірмесін ашып, ұзақ жылдар домбыра оркестрі мен домбырашы жігіттер тобы аудандық, облыстық мәдени іс-шараларда өз



өнерлерімен көпшілікке қызмет көрсетті.

Мұхамедияр Жәукеұлы жастайынан спортқа да ерекше ден қойып, еркін күрестен, бокстан қаламыздың, облысымыздың жеңімпазы атанды. Әскер қатарында жүріп бокстан СССР спорт шебері дәрежесіне дейін көтерілген.

Андреев селолық округіне қарасты ауылдарда спортпен шұғылданатын оқушылар мен жастарға қамқоршы, қолдаушы болды. Бостандық ауылында

сексенінші жылдардың соны мен тоқсаныншы жылдардың басында жерлес Үшкөл ауылының тумасы Кеңес Одағының Батыры Әбу Досмұхамбетовке арналған күрестен турнир өткізуге атсалысып, турнирге әр ауданнан, қаладағы № 2 мектеп-интернатынан 7-8 команда жыл сайын қатынасып тұрды. Бертін келе осы турнирдің ауқымын көңейту мақсатында турнир қазіргі қаладағы дарынды балаларға арналған мектепте өтіп жүр. Тоқсаныншы жылдардың басынан 2008 жылға дейін Мұхамедияр Жәукеұлы ауыл әкімі болып қызмет істеген кезеңде Андреев селолық округінің Андреевка, Бостандық, Владимировка ауылдарында үш мектеп (екі орта, бір орталау), 1 фельдшерлік-акушерлік пункт, екі медпункт, үш клуб үздіксіз жұмыс істеді. Андреевка селосында орталық кітапхана сақталып қалды. Шаруа қожалықтарының қолдауымен Андреевка селосында ауыз су мәселесі толық шешіліп,

көшелерде су алатын жиырма колонка тұрақты жұмыс істеп тұрды. Ауылдық округ санитарлық тазалық бойынша бірнеше мәрте аудандық, облыстық байқаулардың жүлдегері атанды. Қын кезеңдерге қарамай Андреевкада сауын сиырлар (ТОО «Андреевское»), қой және жылқы фермасы (КХ «Арқалық»), Бостандықта қазақтың ақбас сиырлар фермасы (ТОО «Сенім») сақталып қалды. Ауылдардың әр түрғыны жерлерінің пайлық үлесін жылда алып тұрады. 2000 жылдары Өзбекстаннан келген кандастарымыздың бес жануясына барлық жағдайлар жасалды.

Мұхамедияр Жәукеұлы аудан, облыс әкімдерінің бірнеше Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Қазақстан Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалінің иегері.

Шакенов Жұмабек Шакенұлы 1953 жылы наурызданың 28-і күні, Омбы облысы Шербакөл ауданы Чекут ауылында дүниеге келген. 1972 жылы Қызылту орта мектебін бітіріп, әскер қатарына шақырылып Отан алдындағы міндеттін атқарған. 1974 жылдан бастап аудандық Мәдениет үйінің оркестр жетекшісі, дирижер, көркемдік жетекші, осы жұмыспен қатар Өнер мектебінде де домбыра сыныбының мұғалімі болып, балалардан құралған ұлт-аспалтар оркестрінің жетекшісі ретінде қызмет істеді.

Жерлестерінің мақтанышына айналған, қазақ ұлттық музыка өнерін насихаттаған, бойына және жерлестерінің бар жаратылыс тылсым табиғатына ұлылық рухын ұялатқан, Солтүстік Қазақстан облысы Үәлиханов ауданына еңбек сінірген, республикалық және облыстық конкурстардың лауреаты «Көңілашар» ұлт-аспалтар оркестрі. Ұжымның сонау қаз тұрып, қадам басқан алғашқы кездерінен бастап, биік белестерге көтерілуі-



не дейін баға жетпес мол үлес қосқан оркестірдің тұңғыш үй-ымдастырушысы, көркемдік жетекшісі және дирижеры, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің грант иегері, ұстаз Жұмабек Шакенов.

Оркестірдің көркемдік жетекшісі бірінші кезекте музыкант, музыкалық ортаның адамы, сол саланың қырсырын бүге-шүгесіне дейін билетін жан. Жұмабек Шакенов

өз халқының ән-күйіне бала жастан қанып, қазактың қара домбырасын жастайынан шебер игерді. Он жасында облысқа танылып, облыстық өнерпаздар бәйгесінен жүлде алса, өсе келе 1967 жылы республикалық деңгейде өткізілген үлттық аспапта орындаушылар конкурсина қатысушылар ішінен үздік шығып, 13 жасында лауреат атанған. Сондықтан ол жас та болса халық арасынан шыққан күйшілермен бірге өзі құрған ұлт аспаптар оркестрінің құрамында жеке және топпен бірге сахнадан өнер көрсетіп жүрді.

Шакенов Жұмабек өзінің педагогикалық шеберлігін де жақсы игерген, сабактары әдістемелік деңгейде құрылған білікті ұстаз болды. Ән мен күй эстетикалық тәрбиенің негізі бола отырып, жеке тұлғаның ақыл-ойын, жан-жақты өмір тәжірибесін кеңейтуге, қызығушылық пен біліктілігін және ойлау қабілетін дамытатын.

Шәкіртері: Ильясов Жақсыгелді қазіргі уақытта Астана қаласындағы Гумилев атындағы Еуразия университетінің музыка факультетінде оқытушы, Хамитов Мұрат Қостанай қаласындағы филармонияның солисі, Шакенова Данагүл (қызы) өнер мектебінің директоры және домбыра сыныбының мұғалімі. Алдынан тәрбие алған басқа да шәкіртері өзінің ізін басуда.

Оркестрге Жұмабек Шакенов бас болған кездегі жеткен биіктері мен алған асуларын тізбектемей-ақ, кейбіреуіне тоқталар болсақ, оркестір бүкілодақтық көркемдік шығармашылық байқауының лауреаты (1983-1985 ж.), II бүкілодақтық халықаралық шығармашылық фестивалінде медальмен марапатталды (Мәскеу – 1987 ж.), Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2004 жылғы II дәрежелі сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған ансамбльдер байқауының лауреаты, Дельфийлік ойындарында Ұлттық аспаптар номинациясында оқушысы лауреат атанды, «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына 20 жыл толуына байланысты Дипломмен марапатталды. 2009 жылы Алматы қаласында шыққан мемлекеттің «Ең мықты мұғалімдері» атты кітапқа және Облыстың 70 жылдығына арналған Солтүстік Қазақстан энциклопедиясына оның өмірдерегі еңгізілді.

2008 жылы Солтүстік Қазақстан облысы «Есіл» теларнасының өтініші бойынша Жұмабек Шакенов өзінің жеке шығармашылық концерттік бағдарламасын көрсетті.

Ыбыраев Серік Ысқақұлы бұрынғы Октябрь ауданының орталығы Марьевка ауылында 1951 жылдың 17 желтоқсанында дүниеге келген. Әкесі Үсқақ Үбыраев өнірімізге ғана емес республикамызға есімі әйгілі танымал тұлға. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1945



жылдың қантарындағы Висло-Одер операциясы сұрапыл қиян-кескі шайқас ретінде Ұлы Отан соғысының тарихында қалғаны белгілі. Осы сұрапыл шайқаста Одер өзенінен өту кезінде Ысқақ Ыбыраевтың взводы жаудың ірі қорғаныс бекінісін бұзып өтуде ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Сол шайқаста қаһармандық ерлігі үшін Ысқақ Ыбыраевқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Серік Ысқақұлы 1969 жылы Сергеевканың № 2

орта мектебін бітіреді. Мектептен кейін Отан алдындағы әскери борышын өтейді. 1978 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтын тәмамдап, ғалым-агроном мамандығын алып шығады. Жоғары білімді маман болып елге оралған Серік Сергеев ауданының шаруашылықтарында трактор-егіс бригадасының бригадирі, бөлімше басқарушысы қызметтерін атқарады. Кейін «Октябрь» кеншарының бас агрономы қызметіне жіберіледі. 1994 жылы осы кеншардың директоры болып тағайындалады.

Заманың ағымына қарай қайта құрудың салдарынан кеншарлар таратылған кезде Серік Ысқақұлы «Голден Грейн» агрофирмасының құрамында «Шудасай» өндірістік кооперативі басқармасының төрағасы қызметін атқарады. Серік қай қызметте болмасын, қай істе болмасын өзін қоршаған ортамен тіл табысып, еңбек-сүйгіштік, ұйымдастырушылық қабілетімен таныла білді. Әріптестерінің арасында үлкен беделге ие болды. Кей-

інгі кезде өз алдына жеке шаруа қожалығын құрып, астық молшылығын жасауда сүбелі үлесін қосты. Ерен еңбегі үшін алған марапаттары да баршылық. Жұбайы Мәрзия жоғары білімді маман. Өндірістік кооперативте бас экономист болып қызмет істеді. Ерлі-зайыпты Серік пен Мәрзия көнілдері жарасқан үлгілі отбасы. Олар екі қызы, бір ұлды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Ұл-қыздарының бәрі жоғары білім алып, өмірде өз жолдарын тауып отыр. Үлкен қызы – Әсел Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеттің экономика факультетін бітірген. Қазір Астанада Қазақ темір жолы басқармасында лауазымды қызмет атқарады. Екінші қызы – Әсемгүл Евразия университетін бітіріп, зангерлік мамандығын алған. Жоғары білімді екі дипломы бар. Қазір «Қазақстан темір жолдары» компаниясы акционерлік қоғамда заң қызметкері болып өндек етеді. Ұлы Саян да жоғары білімді, Астанада қызмет жасайды.

Серік жастайынан Батыр әкесінің қасында жүріп, шаруаға көзі қанығып өсті. Әсіреле егін егіп, астық орган диханышылардың жұмысына сүйсіне қарайтын. Сондықтан да болар, өмірінің соңына дейін ауыл шаруашылығында қызмет етті. 2014 жылдың 28 қыркүйегінде дүниеден өтті. Бүгін де Серік қадір тұтқан істі жұбайы Мәрзия жалғастыруда. Мәрзия жолдасы үйимдастырған шаруа қожалығына жетекшілік жасайды. Астық өсіріп, ырыс көзін табуда. Көктемгі, күзгі науқандық жұмыстарда он адамды тұрақты жұмыспен қамтуда. Мәрзияның тындырымды ісіне ауыл тұрғындары да риза.

Ысқақова Айгүл Ораққызы 1979 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Майбалақ ауылында дүниеге келген. Әкесі Орақ Әменұлы Ысқақов пен анасы Зәуреш Еркінқызы Бегалинаның отбасында төрт бала тәрбиеленген. Солардың ішінде



Айгүл 1986 жылы Майбалық ауылындағы орта мектептің бірінші сыныбына оқуға барып, осы білім беру мекемесін 1997 жылы ерекше үлгідегі аттестатпен аяқтап шығады.

Мектеп қабыргасында жүргендеге ұстаздарының тыныымсыз еңбегіне сүйсініп, оларды ерекше құрмет тұтады. Сондықтан болар болашақ мамандық таңдау кезінде көп ойланбастан бала

күнгі ұстаз болу арманына қол жеткізу үшін Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих-филология факультетіне барлық сынакты ойдағыдай тапсырып оқуға түседі. 2001 жылы осы оку орнын қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдайды.

Жоғары білімді мамандық алғып шыққаннан кейін туған ауылындағы орта мектепке қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызметке орналасады. Ауыл мектебінде екі жыл еңбек етеді. Кейін отбасылық жағдайына байланысты Петропавл қаласына қоныс аударады.

Облыс орталығына көшіп келгеннен кейін 2003 жылы 29 маусым күні облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетіне тілші болып қызметке қабылданады. Тартымды да мазмұнды материалдар жазып, көзге түскен ол аға тілші дәрежесіне көтеріледі. Редакцияның әлеуметтік-мәдени мәселелер бойынша бөлімінде 2009 жылға

дейін қызмет етеді. Осы кезең ішінде жемісті еңбек етіп, облыс өмірінде әлеуметтік-мәдени мәселелер жөнінде мағыналы да мазмұнды мақалалар жазғаны үшін облыс әкімінің Құрмет грамотасына ие болады. Облыстық тілдерді дамыту басқармасының мемлекеттік тілді дамыту мақсатында ұйымдастырылған «Тіл жана шыры» байқауының женімпазы атанып, арнайы дипломмен марапатталады.

2009 жылы Қызылжар аудандық «Қызылжар» газетіне редакторлық қызметке тағайындалады. Аптасына бір рет, қазақ тілінде жарық көретін бұл газетте 2014 жылға дейін қызмет істеді. Газетте ауданның, шаруашылыктардың, еңбек адамдарының тұрмыс-тіршілігі, жетістіктері туралы хабарлар мен суреттеме мақалалардың жиі жарияланып тұруына белсене атсалысты.

2014 жылдың тамыз айында «Қазақстан» ұлттық телевиденсауның облыстық «Қазақстан-Петропавл» филиалына радио тілшісі қызметіне ауысты. Сонымен қатар «Қызылжар» орталық мешітінің баспасөз хатшысы қызметін де қоса атқарды.

2015 жылдың 20 тамызынан бастап өзі бұрын қызмет істеген облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетіне аға тілші қызметіне қайтып оралады. 2016 жылдың маусым айынан бастап облыстық газеттің жауапты хатшысы қызметін атқаруда.

Жұбайы Мусин Айдархан Балтабайұлы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің аппаратында бас инспектор болып қызмет істейді. Улken қыздары Жайна облыстық Әбу Досмұхамбетов атындағы дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернатының 9-сынып оқушысы. Кіші қыздары Айғаным облыс орталығындағы қазақ мектеп гимназиясының бірінші сыныбында оқиды.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	5
Ахметова Зейникамал Зейнел-Ғабиқызы.....	8
Атымтаев Серік Маятұлы	10
Аллахияров Иса Мектиұлы.....	11
Аяғанов Дүйсен Аяғанұлы.....	12
Асқаров Амангелді Қалелұлы.....	13
Абдрахманов Қалем Абдрахманұлы	15
Айтжанова Гаунар Айтжанқызы	17
Арықова Құлшат Сапенқызы.....	19
Ахметова Қазима Қабденқызы	20
Әбілмәжінов Болат Текебасұлы.....	24
Әбішев Борамбай Сейдахметұлы	27
Әліжанов Зәйниден Әліжанұлы	29
Әбілев Дулат Рақымжанұлы	31
Әбілева Әлия Шәріпқызы	32
Әлібекова Нұржамиля Баязиқызы	33
Базарбаев Баймұхамбет Базарбайұлы	36
Базарбаев Ермагамбет Баймұхамбетұлы	38
Базарбаев Нұрмұхамбет Баймұхамбетұлы	39
Базарбаева Мара Баймұхамбетқызы	39
Байқасов Жағыпар Байқасұлы	40
Жас екенмін	43
Жалғыз қарындасы Бикамалдың хатына жауап	44
Бәйімбекова Тұрсын Сейпілмәлікқызы	45
Бауkenов Айтқожа Елеусізұлы.....	46
Байжанов Нұргожа.....	48
Бибанов Рақым Бибанұлы	49
Байғаскина Салтанат Баяхметқызы.....	51
Байтеміров Оспан Қаби肯ұлы	52
Бауkenов Кенес Еслямұлы.....	54
Бауkenов Айтулла Қаппасұлы	56
Базарбаев Ақмағамбет Базарбайұлы	58
Баймағамбетова Нұрсұлу Сұлтанқызы	60
Базылбеков Мағжан Жолаушыұлы	62
Баймұқанов Мереке Бұркенұлы.....	65

Биғожин Қаратай.....	66
Бєстекова Ғафура Сабырқызы	69
Байдалина Сайран Қабиденқызы	71
Ғалиев Жақсыкелді Мұхжанұлы	72
Етекбаев Аманжол	76
Есенеев Алексей Жұмашұлы	78
Есентаев Жасұлан Құзақбайұлы.....	80
Есполова Құлмайдан Есполқызы	81
Ескендіров Зият Жансерікұлы	85
Жылқайдарова Кенже Қадырқызы	86
Жакыпов Қалым Мәлікұлы	88
Жолдаякова Мамиля Әубәкірқызы.....	90
Жұсыпова Алтынай Таласпайқызы.....	91
Жолдыбаев Бахытжан Жұмабайұлы	93
Жұнысов Нұртас Нәбиұлы.....	93
Жекеев Шаншар Серікбайұлы	95
Жұмақанов Орынбай Қойшыбайұлы	97
Жакин Шағырай	99
Жұмабаев Жомарт Жұмабайұлы	100
Зікірин Елтай Қайырбекұлы	101
Зикирина Сәүле Сайранқызы	103
Икенов Сағидолла Оспанұлы.....	106
Ибраев Серік Сейпілмәлікұлы.....	107
Иманбаева Алтын Зейнел-Ғабиқызы	108
Кереев Оразбек Ұағазұлы.....	111
Каримова Шарипа Әбілкәрімқызы	112
Кәкпенов Ризабек Жазитұлы	113
Күзеубаев Армат Тілеубайұлы.....	116
Коканов Есімбай Оқанұлы	117
Құсайынов Текебас Шағманұлы.....	118
Қазбеков Мұбрәк Фалымұлы	120
Құбайысов Молдағали	122
Қайыпов Беспай Елеусізұлы	124
Қайыров Марат Бейсенұлы	127
Құрманғожин Айтымтал Әлмағанбетұлы	128
Құсайынов Бегайдар Құсайынұлы	130
Қосшығұлова Жәнипа Тоқсанбайқызы.....	132

Құрманқұлов Зарат Ерғараұлы.....	132
Қадыров Жанбай Тұрарұлы	135
Қуандықова Шәмшібану Темірболатқызы	137
Қуантаева Қадиша Кәрімқызы.....	139
Махметов Қаратай	140
Махметов Серік Қаратайұлы	141
Махметов Тілектес.....	144
Малдыбаев Сәбит Ғалымұлы.....	145
Мырзагұлов Жарқын Зағыпарұлы.....	146
Молдахметова Үміттөкен Сарықызы	148
Мәжитова Даляфруз Ғабдусәламқызы.....	149
Мырзахметова Сабира Қабдолқызы.....	151
Мұсабаева Гүлбахша Нұрмұқанқызы	153
Мәдіев Қорған Едрісұлы	156
Мұхамедиаров Тілеужан Мұхамедиарұлы	159
Нұрахметов Марлан Нұрахметұлы	161
Нұрпейісов Еркеш Қалиұлы	163
Оразалин Есжан Кабиұлы	165
Омаров Жасұлан Исқақұлы.....	166
Оразқова Майра Оразакқызы	169
Оспанов Жасұлан Махметұлы	170
Оспанов Руслан Махметұлы	171
Оспанов Тимур Русланұлы	173
Оспанова (Әйтенова) Баян Мақышқызы	173
Оспанов Бекежан Махметұлы	174
Оспанова Гүлнәра Бегайдарқызы.....	175
Рахимов Марат Шаймұратұлы.....	177
Рамазанов Спартак Өмірзакұлы	178
Рамазанов Айтжан	180
Рсаев Жасұлан Әубәкірұлы.....	181
Сейдахметов Қайранас Өтебайұлы	182
Сейтенов Санак Сейтенұлы	185
Сүлейменов Сартай.....	186
Сақтағанова Фалия Фазезқызы	188
Сейтенов Ережеп Мырзатайұлы.....	189
Сұрағанов Тілек Жұмашұлы.....	190
Сейітжанов Есім Сейітжанұлы.....	193

Сыздыкова Алтынай Қожабайқызы	194
Сейдахметов Әлібек Жұқанұлы	196
Сейдахметов Зұлқарнай	197
Садуақасов Тұрлыбек Ғазизұлы	199
Сейфуллин Амандық Қаратайұлы	200
Сағитов Құрманғали Сағитұлы	202
Сайлыбаева Клара Нұрекекызы.....	204
Тілеубайұлы Қаскей.....	205
Тілегенов Баязит Тілегенұлы	207
Тастубаев Бауыржан Сағындықұлы	209
Тухватулин Загит Гилмollaұлы	211
Ташмақанова Гүлжиян Тасбайқызы	212
Туленов Бауыржан Алтайұлы	213
Танақұлов Мұбәрәк Ғабдолұлы	216
Төкебаев Қайыргелді Биғазыұлы	218
Татыбаев Иманғали Сұлтанұлы.....	220
Таев Сұлтанбек Кенжеболатұлы.....	221
Таев Нагашыбай Сұлтанбекұлы	223
Ташмұхаметова Римма Құсайынқызы	224
Хамзин Әшкен Хамзаұлы.....	225
Хамидуллин Сұңғат Хамидоллаұлы	228
Хасенов Шәріп	230
Хасенов Қырым Шәріпұлы	231
Хасенов Рамазан Қырымұлы	232
Шамсутдинұлы Хасен	233
Шаяхин Мұхамедияр Жәукеұлы	235
Шакенов Жұмабек Шакенұлы	237
Ыбыраев Серік Ысқақұлы.....	239
Ысқақова Айгүл Ораққызы.....	241

Т.А.Сүгірбаев.

ҚЫЗЫЛЖАР ӨҢІРІНІң ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫ.
VI том

Таңат Айтмұқашұлы Сүгірбаев – құрастырушы, жауапты редактор

Ақылдастар алқасы: Жоламан Шаханов, Ахметжан Куантаев, Ботакөз Галиева.

Компьютерге терген: Нұржамал Байтенова